

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде

3-ші жинақ

Қарағанды

Кіріспе

Адамзат жаһандық проблемалардың ауыр жүгін аркалап, ХХІ ғасырға қадам басты, олардың шешімі әлеуметтік прогресс және адамзаттың өркениетінің аман қалуына тәуелді болып тұр. Ол мәселелердің қатарындағы ең өткірі экологиялық проблема болып табылады. Адамзат үшін атомдық және химиялық әлемде өмір сүру неғұрлым қолайлы болуда, бірақ радиация, қоршаған ортаның улы қосылыстармен ластануы, химиялық қарулардың әлеуетті қауіпі адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін қосымша мәселелердің пайда болуына әкелді.

Экологиялық проблемалардың барлық түрлері тең дәрежеде Қазақстанның алдында да тұр. Алайда біздің елімізде жағдайды күрделілендіретін мәселе – Қазақстанның ұзақ уақыт бойы ядролық қаруларды сынаудың базасы болып табылуы. Қазақстандағы қазіргі экологиялық жағдайдың нашарлауы тұрғындардың өміріне қауіп төндіруде. Әскери полигондардағы сынақтарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды пайдаланып болған соң, улы өнеркәсіптік заттарды тонналап қоршаған ортаға тастауынан, ал ауыл шаруашылығы арам шөптер мен құрт-құмырсқаларды жою үшін улы химиялық заттарды пайдалануынан Республика аумағының төрттен бір бөлігі өмір сүруге жарамсыз. Жердің шөлге айналу салдарынан жайылымдардың тең жартысы пайдалануға келмейді, суармалы жердің 75% сортаң жерлерге айналған. Жекелеген аудандарда адамдардың орташа өмір сүру ұзақтылығы дамыған елдерге қарағанда 15-20 жылға қысқарды.

Бүгінгі күнде Қазақстанда ғылыми зерттеу жұмыстарының көбі қоршаған ортаны қорғау саласына ерекше назар аударуда. 2007 жылы 9 қаңтарда ҚР Экологиялық кодексі қабылданды. Сонымен қатар, Қазақстан ТМД елдері арасындағы осындай кодексті қабылдаған жалғыз ел екенін ерекше атап өту қажет. Бұдан басқа, үш томдық ұлттық Экологиялық атлас құрастырылған, әскери-сынақ полигондарында және «Байқоңыр» космодромында зерттеу жұмыстары жүргізілуде, қоршаған ортаның жағдайы және тұрғындардың денсаулығы арасындағы байланыс мәселелері зерттелуде. Жыл сайын қоршаған ортаның жай-күйі туралы ұлттық есеп баспаға шығарылады.

Алайда экологиялық проблемаларды шешу тек мемлекеттің ісі ғана болуы мүмкін емес. Әрбір адамның бойында осыған деген өз қатысын, елінің экологиялық болашағы үшін азамат ретіндегі оның жауапкершілігі туралы түсінігін қалыптастыру қажет. Сондықтан студенттерге экологиялық тәрбие беруді отаншылдық тәрбие берудің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Бұл жинақта Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің оқытушылары дайындаған Қазақстан Республикасындағы экологиялық ахуалды, сондай-ақ экология мен денсаулықтың өзара байланысы және

өзара тәуелділігін сипаттайтын материалдар ұсынылған. Бұл материалдар «Экология және ұлт денсаулығы» тақырыбы бойынша кураторлық сағаттарды дайындау мен өткізу кезінде кураторларға ақпараттық көмек көрсетеді.

«ДЕНІ САУ ҰЛТ» ӘРБІР АЗАМАТ ҮШІН САПАЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ»

ҚР денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының құқықтық мирасқоры болып табылатын және 2025 жылға дейінгі нақты, қолжетімді міндеттерді қамтитын «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы әзірленді.

Ұлттық жобаны қаржыландыру көлемі шамамен 3,6 трлн теңгені құрайды.

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы 4 бағыттан тұрады:

- 1) медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;
- 2) эпидемиологиялық болжау мен ден қоюдың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру;
- 3) отандық фармацевтика саласын дамыту;
- 4) салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыру және бұқаралық спортты дамыту.

Әрбір бағыт бойынша міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері және іске асыру іс-шаралары белгіленген.

Бірінші бағыт медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға байланысты.

«Ұлттық жобаның бірінші бағытын іске асыру халықтың медициналық қызмет сапасына қанағаттануын 80%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді; ауылдық елді мекендер, оның ішінде тірек және серіктес ауылдар медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарымен 100%-ға қамтамасыз етіледі; кемінде 40 денсаулық сақтау объектісін және 2 ғылыми орталықты жаңғырту; ТМККК және МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көлемін кеңейту мүмкін болады».

Министр атап өткендей, жүкті әйелдер мен балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жүкті әйелдерді жеке және аралық босанғанға дейінгі бақылаумен қамту, ал 1 жасқа дейінгі балаларды проактивті бақылаумен және скринингтермен қамтамасыз ету жоспарлануда.

«8 балаларды оңалту орталығын және 2 ерте анықтау орталығын қосымша ашу жоспарлануда, бұл мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды 3 есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді».

Екінші бағыт эпидемиологиялық болжау мен ден қоюдың заманауи жүйесін қалыптастыруға арналған.

Онда биоқауіпсіздік және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін санитариялық-эпидемиологиялық сараптама зертханаларының үлесін 61%-дан 90%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

«Биологиялық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын қабылданады, сондай-ақ ұлттық және жаһандық тәуекелдерге болжамдау мен ден қоюдың ғылыми негізделген жүйесін енгізу жоспарлануда».

Үшінші бағыт отандық фармацевтика саласының дамуына ықпал ететін болады.

Үшінші бағытты іске асыру жергілікті фармацевтикалық нарықта ДЗ және отандық өндірістің медициналық бұйымдарының үлесін 50%-ға дейін арттыруға; ТМККК және МӘМС шеңберінде бірыңғай дистрибуция жүйесі арқылы жергілікті қамтуы бар ДЗ және МБ сатып алу үлесін 50%-ға дейін арттыруға; халықаралық стандарттарға сәйкестікке аккредиттелген зертханалардың/орталықтардың үлесін арттыруға; ДЗ және МБ шығару бойынша кемінде 30 жаңа өндірісті іске қосуға; ұлттық реттеушіні ДДСҰ бенчмаркингінің кемелденуінің 3-ші деңгейіне дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Төртінші бағыт салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған.

«Төртінші бағытты іске асыру халық арасында темекі шегудің таралуын 19%-ға дейін төмендетуге; салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың үлесін 45%-ға дейін ұлғайтуға; дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын 50%-ға дейін арттыруға; халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін 1 000 адамға 53%-ға дейін арттыруға; дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесін 14%-ға дейін ұлғайтуға», спорт ғимараттарының санын 2021 жылғы 41 352-ден 2025 жылы 46150-ге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді».

Күтілетін нәтижелер

Ұлттық жобаны іске асыру нәтижесінде келесі әлеуметтік тиімділіктерге:

- «біріншіден, азаматтардың өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа дейін арттыру арқылы адамның өмір сүру сапасын жақсарту және белсенді ұзақ өмір сүруге қол жеткізуге (2020 жылғы 71,37 жастан 2025 жылғы 75 жасқа дейін);

- екіншіден, халықтың медициналық қызмет сапасына қанағаттану деңгейін 80%-ға дейін арттыруға (2020 жылғы 53,3%-дан 2025 жылы 80%-ға дейін);

- үшіншіден, экономикалық аспектіде денсаулық сақтау саласына жеке инвестицияларды 783 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға (2020 жылғы 121,5 млрд теңгеден 2025 жылы 783,3 млрд теңгеге дейін) қол жеткізіледі».

Бұл 13 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын құруға және отандық фармацевтикалық өнімнің үлесін 50%-ға дейін 2020 жылғы 17%-дан 2025 жылы 50%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

«Ұлттық жобаны іске асыру медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, жүкті әйелдердің денсаулығын сақтауға және балалардың

денсаулығын нығайтуға, мүмкіндіктері шектеулі балаларды оңалтумен қамтуға, кадр әлеуетін нығайтуға ықпал ететін болады. Сондай-ақ, ұлттық жоба эпидемиологиялық қызметті жетілдіру, отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту және салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған».

*Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы
<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/zdorovaya-naciya-realizaciyu-kakih-napравleniy-vklyuchaet-nacionalnyu-proekt-ministerstva-zdravoohraneniya-kazahstana-1891347>*

АЛКОГОЛИЗМ МЕН ТЕМЕКІ ШЕГУДІҢ АЛДЫН АЛУ

Біздің әрқайсымыз маскүнем адамдарды көреміз. Маскүнемдердің түрлері қорқынышты, беттері ісінген, көздері алайған, аяқ-қолдары дір-дір етіп тұрғаны... Бұл трагедия!

Алкоголь. Бұл не? Алкоголь – кез келген жанды клетка үшін у! Ақылдан адастырады.

Алкогольдің мақсаты – ағзаның табиғи «сүзгісін» бұзу, сосын ағза мен психикаға әсер етіп, бәрін жою.

Алкогольдің нысаны – адамның «Мені», психикасы, миы, бауыры. Алкоголь әсер етпейтін бірде бір орган жоқ. Адам ағзасында алкоголь улы өнімдерге ыдырайды, ол өнімдер жиналып, ағзада 10-15 күн қалып қояды.

Этил спирті өзіне тән иісі бар, түссіз сұйықтықты білдіреді. Спирт ашытқы саңырауқұлақтарының тіршілік әрекетінің өнімі болып табылады. Спирт молекуласы жоғары емес, қанға тез сіңеді және қорытылады.

Спирттік ішімдіктердің бірі метил спирті болып табылады (Сіз атом бомбасы – 100 грамм – өлімге әкелетін дозаны ішесіз).

Адамдар спирттік ішімдіктердің мас қылу қасиеттерін біздің дәуірімізге дейін 8000 жыл бұрын білген. Спирттік ішімдіктердің күштілігі біртіндеп артып, дүние жүзіне тарады [1, 51-59 б.].

Алкоголь тараған жерде өз ізін қалдырады – бұл адамзат трагедиясы (тәлкекке ұшыраған тағдырлар, жеке тұлғаның құлдырауы, қорқыныш, жалғыздық, ағзаның бұзылуы, барлығын жоғалту, өзіндік «Менін» жоғалту). Қазақстанда халықтың 30% алкоголь қолданады. Алкоголь қолданатын адамдардың 80% тұрмыстық ішкіштікке ұшырағандар.

Тұрмыстық ішушілік – бұл:

– спиртті ішімдіктердің шағын дозасын тұрақты күн сайын қабылдау (мысалы, жұмыс күнінде 1 бөтелке сыра және демалыс күні екі бөтелке сыра ішу);

– алкогольдің көп мөлшерін эпизодтық қабылдау (мысалы, демалыс күндері және мейрам күндері);

– спиртті ішімдіктердің үлкен мөлшерін тұрақты қабылдау.

Тұрмыстық ішушіліктің сатысынан кейін келесі сатысы – алкоголизм. Өзің бірінші бөтелкені ашпас бұрын ішу үшін жүздеген себептеріңнің бірін қарастыр, ал іспеу үшін, одан бас тарту үшін сондай себептердің бірін ойлап көр. Міне, барлығы осылай аздап ішуден басталады.

Сыра – әлсіз алкогольды және мүлдем зиянсыз ішімдік деген ой қалыптасқан. Бұл жаңсақ пікір. Сыра – толық мәндегі алкогольды ішімдік. Кез келген алкогольды ішімдікке құмарлық болғандай, сыраға деген

тәуелділік де пайда болады. Екі саптыаяқ сыраның құрамындағы спирт 100 грамм арақтың құрамындағы спиртпен тең. Сыра тез сіңуіне байланысты араққа қарағанда жылдам мас қылмайды.

2010 жылы қазан айында жүргізілген сауалнама деректері бойынша ҚарМТУ студенттерінің 39% сыра ішеді екен. Сыраны ішетін қыздар мен ұлдардың саны бірдей. Сыра ішетін жастардың 26% сыраны 15 жасынан бастап ішкен, ал 13% үнемі ішіп отырған.

Адам стаканның шынысы және оның ішіндегі сұйықтық арқылы өзі сөйлескісі келген әлемді көргісі келеді, өзіне жайлы ортаны қалайды. Бірақ бұл әлемді стакан арқылы көру мүмкін емес, ал нақты өмірде барлығы керісінше.

Алкоголь ағзаға түскенде ағзаның өмірлік маңызды мүшелерін қармап алады, «сол мүшелерді лимон сияқты сорып алады», Сіз енді кіммен болса да кез келген тақырыпқа сөйлесуге дайынсыз, бірақ бұл не?! – Сіздің тіліңіз күрмеліп, не айтатыныңызды білмейсіз, «Ол не айтып отыр?» деп сізді ешкім де түсінбейді.

Қорытындысында – өмірі тас-талқан болған, денсаулығы бұзылған, жан-дүниесі жаралы адам. Адамнан барлығын сығып алған, ол спирттелген өлікке айналады.

Ішкілікке салынудың нәтижесі: ТӘУЕЛДІ БОЛУ, ОРНЫ ТОЛМАС ДЕНСАУЛЫҚ, ДЕПРЕССИЯ, БҰЗЫЛҒАН ПСИХИКА.

Алкоголизм неліктен қауіпті?

– «арақ ішсең – өмірің қысқа болады»: өмір сүру ұзақтығын 15-20 жылға қысқартады;

– қылмыстың көбісі мас күйде жиі жасалады;

– жыныс жолы арқылы берілетін инфекциялар, 10 жағдайдың 9-ы мас күйде жасалады;

– ақыл-есі кем балалардың 40-60% – ішкіш ата-аналардың балалары;

– алкоголь есте сақтауды және зер салып қарауды азайтады, қолайлы қозғалысты бұзады, жылдам әрекет етуге әсер етеді;

– алкогольді бір реттік көп қолдану мида күрделі өзгерістер тудырады [2].

СОҢЫ.

Алкоголь ағзаға түскенде, ол барлық ағзаға қан арқылы тарайды, ағзаға қолайсыз әсер етеді. Әртүрлі дәрежедегі спиртті ішімдіктердің кез-келген мөлшері жоғары нерв орталықтарына әсер етеді, мидың төменгі бөліктерінің қызметіне де үлкен әсер етеді (адамның бет-бейнесі бұзылады, әрбір мөлшерін ішкен сайын одан әрі қарай бұзылады). Алкогольдің шағын мөлшері жүйке жүйесіне, жүйке импульстарының берілісіне әсер етеді. Бастағы ми тамырларының жұмысы бір уақытта бұзылады: тамыр кеңейеді, қанның өтуі ұлғаяды, миға қан құйылып кетуі мүмкін. Алкоголь көру мен есту қабілетінде төмендетеді. Алкогольді ретсіз қолдану жас ұрпақтың психикасына үмітін сөндіргендей әсер

қалдырады – адам интеллектуалды, эмоциялық, моральдық жағынан да «топастанады». Алкоголь бауыр клеткаларының құрылымын бұзады, ал бұл біраз уақыттан кейін бауырдың зақымдалуына әкелуі мүмкін – бауыр циррозы пайда болады.

Өз өміріңнің иесі болу үшін:

– Спиртті ішімдік ішуден, тіпті сыраны ішуден бас тарт, сыра ішкеннен барлығы басталады...

– Дос таңдауда сақ бол және арақ ішуді жақсы көретін адамдардан аулақ жүр;

– Спиртті ішімдіктер ішуге мәжбүрлейтін адамдарға табанды түрде қарсы тұра біл;

– Спиртті ішімдіктер ішу үшін жиналатын кешкі сауықтарға жолама;

– Өмірде сен үшін қызықты болатын істермен айналыс;

Дене шынықтырумен және спортпен міндетті түрде айналыс, салауатты өмір салтын ұстан [3, 7-12 б.].

Әзіл-оспақты түсіне біл, көңілді жүр, ішкі өзіндік бақылауды дамытуға тырыс, қоғамдық нормаларды түсіне біл және қабылда, айналадағы адамдармен талқыла, өзің үшін және басқалар үшін пайдалы маңызды істермен айналыс.

Егер сізде қандай да бір проблемалар пайда болса, сіз жастар денсаулық орталығының сенім телефоны бойынша, 8-8000-8022-21 телефонымен Кеңес беру Қызметіне көмекке жүгіне аласыз.

Шылым қоспалары (немесе шылым микстері) шөптер мен олардың сығындысынан тұрады. Кез келген шылым қоспасы құрамына кіретін шөптер энтогендер болып табылады және олар адамзат үшін ежелден белгілі.

Этногендер (ежелгі грек тілінен сөзбе-сөз аударғанда, «іштей илахи деңгейге жету» дегенге саяды) – ғалымдар психотроптық әсері бар өсімдіктер қатарына жатқызатын заттектер. Қазіргі заманда бұл терминдер әр түрлі әсер беретін әрі қолданылуына рұқсат берілген бірқатар психикалық белсенді заттектерге қатысты қолданылады. Сарапшылардың мәліметтері бойынша, құрамындағы алкалоидтер, терпеноидтер, амин қышқылдарының бірнеше құрылымдық түрлері психикалық белсенді болып табылатындықтан, қарапайым химиялық топтамасы болмайды.

Шылым қоспаларының құрамына өсімдіктің ерекше әдіспен әзірленген әр түрлі бөліктері кіруі мүмкін: тамыры, тұқымдары, жапырақтары, қабығы, гүлі және т.б. Хош иісті микстерді дайындауда кең қолданылатын танымал өсімдіктердің ішінде сәегей шалфейі, сасық мендуана, қызыл шыбын қырғыш, гавайлық ағаш тәрізді кіші раушан, мимоза, гуарана, кратомды атауға болады.

Шылым қоспалары екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа таза өсімдіктерден тұратын микстер кіреді. Шөптер мөлшері белгілі бір

сәйкестікте алынып, араластырылады да, «әсерін беретіндей деңгейге» жеткізіледі.

Шылым микстерінің екі түрі – бұл химиялық заттектермен (синтетикалық каннабиноидтермен) өңделген және толығымен зертханада жасап шығарылған шөптердің қоспасы.

«Спайста» қолданылатын каннабиноидтер, есірткі құралдарын тұтынумен байланысты адамның денсаулығы үшін ортақ салдарынан тыс, әдеттену функцияларын күшейтіп, кейіннен тәуелділіктің пайда болуына жағдай тудырады. Сонымен қатар, бұл жағдайда мастық күйден арылуесірткі заттектерін тұтыну кезіндегіге қарағанда, аса ауырлау болады.

Шылым қоспалары құрамы бойынша екіге бөлінеді:

– тек қана табиғи заттардан тұратын, белгілі бір сәйкестікке араластырылған қоспалар;

– құрамы химиялық заттектермен өңделген қоспалар.

Шылым микстерінің ағзаға зиянды әсер беретінін барлық медициналық қызметкерлер бірауыздан мойындап отыр. Қоспалардың хош иісті түтінінің 3 түрлі қауіпі бар:

1. Түтіннің сілемейлі қабықшаны тітіркендіру нәтижесінде пайда болатын жергілікті реакция.

Микстерді шегушілердің барлығы дерлік шегу кезінде және одан кейін жөтел, жас ағу, тамақтың ауруына шағымданады. Хош иісті түтіннің үнемі сілемейлі қабықшаға тиюі, тыныс алу жолдарында созылмалы қабыну процестерін тудырады (фарингиттер, ларингиттер, бронхиттер). Ауыз қуысы, жұтқыншақ, көмей және бронхілердің қатерлі ісігі пайда болу мүмкіндігі жоғары болады.

2. Орталық реакция

Микстер түтінінің құрамында орталық жүйке жүйесіне тигізетін әсері қоспаның құрамына байланысты. Шегушілердің реакциясы алуан түрлі болады.: бұл масаңсу, себепсіз күлкі не жылау, зейінді шоғырландыру, кеңістікте бағдар ұстау қабілеттерінің бұзылуы, елестер, өз іс-қимылын қадағалаудан қалу болуы мүмкін. Бұл реакциялардың барлығы адам өміріне қауіп төндіреді. Шегіп алған жасөспірімдердің серуендеуге 8-қабат терезесіне шыққаны, үстіндегі киімін шешіп, аязды күнде жалаңаш жүгіргені жайындағы оқиғалар белгілі.

Бірақ мұндай тікелей реакциялар ең қорқынышты емес. Микстерді үнемі шегу орталық жүйке жүйесіндегі бұзылу процестеріне әкеп соғады. Адамның зейіні, жады, есте сақтау нашарлайды, ойлану қызметі баяулайды, депрессияға ұшырау бейімділігі пайда болады. Қазірдің өзінде шылым қоспаларының көбісі есірткіге тәуелділікті тудыратыны дәлелденген.

3. Улы (уытты) реакция

Адам ағзасына хош иісті түтінмен бірге әсері күшті заттектердің шамадан тыс мөлшерде келіп түсуі мүлдем күтілмеген әсер беруі мүмкін. Жүрек айнуы, құсу, жүректің тарсылдауы, қан қысымының артуы, құрысу, естен тану, тіпті комаға дейін. Шылым қоспаларынан улану салдарын емдеу мәселесіпациенттердің қанына есірткі заттектерінің табылмауына, сол себептен де улану деген диагноз қойып, тиісті емін тағайындаудың қиындығында болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Должанская Н.А и др. Роль семейного фактора в формировании здорового образа жизни подростков // Вопросы наркологии 2003. № 4.
2. Исмуков Н.Н., Программа предупреждения и преодоления наркотической и алкогольной зависимости. ФАИР-ПРЕСС 2001. – 384 с.
3. Алкоголь. Предупрежден – значит защищен! / Карагандинский областной центр формирования здорового образа жизни, 2008.

ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі қоғамымызда салауатты өмір салтына деген саналы көзқарас темекі шегу, спирттік ішімдікке салынудың, есірткі қолданудың көбеюіне себепкер болып отыр. Спирттік ішімдіктердің, есірткі мен темекінің адам өміріне зиянды екені белгілі.

Денсаулығы әлсіз, білімі төмен, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз жастары бар ел қашанда әлсіз, қорғансыз. Жастар болашақ, ертеңгі қоғамның, қала берді отбасының иелері. Сондықтан оларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, олардың осы дәстүрді дәріптеуші болып қалыптасуына бағыт беру қажеттігі білім беру мекемелерінің соның ішінде орта мектептің алдында тұрған педагогикалық проблемалардың бірі. Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді [1,56 б.]. Тәрбие – қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады [1, 72 б.]. Оқушылардың саналы тәртібі мен байыпты мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Еліміздің болашағы жас ұрпақ екенін ескерсек, сол жас ұрпақтың денсаулығы мықты, интеллектуалды, дүниетанымы терең, білімі сапалы, адамгершілігі мол, бойын «зиянды әдеттерден» аулақ ұстайтын, саналы ұрпақтарымызды тәрбиелеу.

Оқулықтағы оқу материалын толықтырып, алған білімінің нәтижесінде оқушыларымыз өздерін-өзі бақылай, тежей алатындай, оқушыларды зиянды әдеттерден сақтандыруда гумандық көзқарас қалыптасатындай халге жеткізу керек.

Лұқман Хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, жоқ даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлықта, даңқта адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Әрбір адам өзінің күш- жігерін халқына, өз еліне, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болса ғана бақытты», - деген екен.

Қалай болғанда да ел, ұлт қамы үшін әр адамның саулығын жақсартуға, салауатты өмір орнатуға бәрімізде атсалысуымыз керек.

Халқымыз қашаннан-ақ денсаулықты алдыңғы орынға шығарып, «бірінші байлық» деп есептеген. «Дені саудың – жаны сау» – дейді халық даналығы. Еліміздің жарқын келешегі бәрімізге керек, оның ойдағыдай

болуы қоғам мүшелерінің сайдың тасындай өмір сүріп, еңбек етуге әбден байланысты.

Орыс ғалымы И.П. Павлов «Адам – жер шары табиғатының ең жоғарғы жемісі. Адам – аса күрделі және өте нәзік жүйе. Бірақ табиғат қазынасын пайдалану және осы қазыналардан лаззат алу үшін адамның дені сау, күшті және саналы болуы керек» – деген.

Зиянды әдеттерге алкоголь ішімдіктеріне үйір болу, темекі тарту, есірткілерді қолдану жатады.

Біздің әрқайсысымызда зиянды әдеттер бар, кейде оларды байқамаймыз. Біреулері тырнағын тістелегенді, ал біреулері шашын саусағына орағанды жақсы көреді, бірақ басқа да темекі шегу, есірткеге үйір болу, алкогольизм, ойынқұмарлық, бейпілауыздық сияқты анағұрлым айтарлықтай зиянды әдеттер бар. Айтарлықтай құмарлықтан құтылу, егер адам осыған тәуелді болса, соншалық күрделі, бірақ құтылуға болады. ең бастысы – құтылғысы келу. Зиянды әдеттердің басты кемшілігі өзіне ғана емес, сондай-ақ басқа адамдарға зиян келтіру. Әдеттердің көпшілігінің біздің түсінігіміз бойынша «жаман» деген эпитеті болады. «Үйреніп кету» деген ұғымның өзі психологияда жағымсыз үйрену ретінде түсіндіріледі, оның әсері стимулға реакцияның жоқтығымен түсіндіріледі. Осы түсініктерді толығырақ талқылауға тырысамыз. Алдымен ересектердің әдеттерін аламыз.

Шылым шегу – ең кең таралған зиянды әдеттердің бірі. Дамыған елдерде шылым 20% астам мезгілсіз өлімдердің болу себебі.

Қазіргі таңда дамыған елдерде шылым шегудің салдарынан өлген еркектердің саны бірқалыпты деңгейде тұрады немесе төмендейді, ал шылым шегу тәуелсіздіктің және қазіргі заманға сай болудың символы болған әйелдер арасында өлім осының салдарынан өсуде. Болжам бойынша алдағы онжылдықта АҚШ пен Англияда шылым шегуден әйелдер арасында өлім еркектерге қарағанда көп болады. Мұндай тенденция Канадада байқалады. Зерттеулер, едәуір қамтамасыз етілген әлеуметтік топтар арасында шылым шегуден өлгендердің саны көп екенін көрсетті. Шылым шегумен қауіп-қатердің бірде-бір факторы салыстыруға келмейді. Статистикалық деректердің негізінде құрастырылған болжам 18 жастағы 100 мың жас балалардың ішінде 35 мыңы 70 жасқа дейін өмір сүрмейтінін, 300 өлтіретінін, 600 өздеріне өзі қол жұмсап өлтіретінін, 750 СПИД-тың құрбаны болатынын, 770 автокөлік астына түсіп өлетінін, 2200 маскүнемдік әкетеді, 12 мыңның өлімінде шылым кінәлі болады [2, 48 б.].

Қазақстан Ұлттық Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Орталығының деректері бойынша Қазақстанда 20-59 жастағы шылым шегетін еркектердің саны 60%, ал 12-15 жас жасөспірімдер арасында – 30% астам, оның үстіне басым бөлігі - қыздар.

Зерттеулер, сондай-ақ, шылым шегетіндердің 60-70% жаман әдеттен құтылуды тілейтінін көрсетеді, бірақ көп жылдық сынау көрсететіндей,

бұны жасау оңай емес. Сондықтан, әрбір жас адам, шылымды ақымақтықтан ішке тартқан адам, екінші рет тартады, содан кейін үшінші рет және қалған өмірінде құмарпаз «темекі тартқышқа» айналатынын ұғынғаны дұрыс.

Қазіргі таңда шылым түтінінде бестен астам улы заттар анықталған. Әсіресе жүйке жүйесін құртатын никотин және дегтео тәрізді заттар (фильтрлерде көрінетін) қауіпті болып табылады. Оның құрамында қорғасын, висмут, калий, полоний, радон изотоптары элементтерінің болуымен қатерлі ісікке әкеледі. Айтпақшы, шылым тартатындарда несеп қуығының қатерлі ісігі пайда болады, себебі олардың несепінде жоғарыда аталғандардың басым бөлігі бар. Бір күннің ішінде құмарпаз шылым шегуші радиоактивті сәулелену мөлшерін алады, ал ол 7 есе ықтимал шекті мөлшерге артады.

Медициналық статистика деректері бойынша, әлемде шылымнан жыл сайын екі жарым миллион адам өледі. Темекі тартатын адамның жасы орташа 10-12 жылға қысқарады. Шылым шегуден жиі өкпе, жүрек, асқазан, бүйрек зақымданады. Егер адам 15 жасында шылым шеге бастаса, онда қатерлі ісікпен ауыру қаупі 15 есе, 25 жаста 3 есе артады, ал шылым шегу өтілін үш есе көбейту қатерлі ісікпен ауыру қаупін 100 есе көбейтеді. Жүрек тамырлары ауруларынан өліп қалу қаупі темекі тартатындарда тартпайтындарға қарағанда екі есе. Темекі тарту әйел организмине және болашақ ұрпаққа өте зиян, бала анасының құрсағында бола тұра зақымданады. Шылым шегетін әйелдер тез қартайды, олар бет реңін жоғалтады, тері күңгірттеніп, саршыл-сұр колоритке ие болады, дауыстары жуандай бастайды, оларда кеуде қысымы жиі болады, үнемі азартты жөтел, қақырық пайда болады және нәтижесінде созылмалы бронхит және өкпе эмфемизмі дамуы мүмкін. Айтпақшы, бұл сырқаттар әрбір шылым шегушіге тән. Сонымен қатар, шылым шегетіндердің шашынан үнемі темекінің иісі шығып тұрады, олардың «тістері сарғайып кеткен», саусақтарында сары дақтар бар, аузынан шылымның иісі шығып тұрады, терілері ақшыл немесе қоңыр түсті дақтарымен құрғақ болады. Мұндай іздер адамның ішкі органдарында (өкпе, кеңірдек тамыры, жүрек және т.б.) да байқалады.

Шылым шегетіндерде мерзімнен бұрын әжімдер пайда бола бастайды. Көбісінде никотиннің әсерінен көру қабілеті төмендейді (темекі соқырлығы). Айтпақшы, тіпті темекі тартатын ер адамға шылым шегетін әйелдің иісі жағымсыз екені белгілі. Темекі тартпайтындар туралы не айтуға болады, ал олардың саны, қуанышқа орай, артуда.

Шылым шегетіндерде жиі созылмалы бронхит, туберкулез және басқа да өкпе аурулары пайда болады. Шылым шегу атеросклероздың, инфаркттың және инсульттің дамуы мен онкологиялық аурулардың (ең бастысы өкпенің) қаупінің негізгі факторларының бірі болып табылады:

темекі тартатындардың тамырлары 10-15 жылға ерте тозады, терінің қартаюы 20 жылға ерте басталады, ал өмірлері 10-15 жылға қысқарады.

Ата-аналардың шылым шегуі баланың денсаулығына әсер етеді, туа біткен дене кемістігіне, генетикалық ауруларға және балалардың қатерлі ісіктеріне, соның ішінде лейкемияға – қан ауруына әкеледі.

Өзіңе немесе жақын адамыңа никотин тәуелділігі кезінде қалай көмектесуге болады:

- көз алдынан шылымды еске түсіретін заттардың барлығын алып тастау керек. Үйде және жұмыс орнында шылымға, оттыққа, күл сауытқа орын болмауы керек;

- шылымнан бас тартатын нақты күнді белгілеу керек;

- өзіне бір күнге ғана мақсат қою керек. Шылымды бір жолға тастаймын деп серт етпеу;

- назарды басқаға аудара білуге үйрену. Қатты шылым шеккісі келгенде тез тұрып басқа бір істерді жасай бастау керек;

- досыңды немесе отбасының бір мүшесін сізбен бірге шылым шегуді тастауға үгіттеу керек.

Шылым шегуге ұмтылысты азайту үшін бірінші жарты жылда құрамында никотин бар препараттарды, мысалы, «Никоретто», «Коррида +R», «Табакул» сағыздарын немесе осыларға ұқсас заттарды қолдану керек.

Сонымен қатар, құрамында никотимед бар азық-түліктерді, мысалы, баклажан, картоп, гүлді капустаны пайдалану ұсынылады. 1 мкг никотимед 240 г қызыл қызанақта, 140 г картопта, 10 г баклажанда бар. 1 кг гүлді капустаның құрамында 4 бастап 16 мкг дейін никотимед бар.

Егер сіз шылым шегуді жалғастыра берсеңіз, онда тамақтану рационына С витамині бар азық-түліктерді: орамжапырақты, көк шөпті, томатты, тәтті бұрышты, қара қарақатты, ақжелекті, бүлдіргенді, лимонды және т.б. қосу қажет, себебі бір тартылған темекі витаминнің тәуліктік нормасының жартысына дейінгі мөлшерін «тартып алады».

Қазақстанда 2009 ж. 9 қазанынан бастап қоғамдық жерлерде шылым шегуге, ішімдікті 21 жасқа толмаған азаматтарға сатуға және қолдануға тыйым салу туралы Заң енгізілді. Заңға сәйкес, білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында, мұражайларда, қоғамдық тамақтану орындарында, кинотеатрларда, көрме және спорт залдарында, бұқаралық демалу орындары бар басқа да жабық ғимараттарда, соның ішінде түнгі клубтар мен дискотекаларда шылым шегуге тыйым салынған. Сонымен қатар, үйдің кіре берісінде және жұмыс орны болып табылатын бөлмелерде шылым шегуге болмайды. Әуежайлар мен вокзалдар ғимараттарында арнайы белгіленген орындарда ғана шегуге болады. Сондай-ақ, Заң 18 жасқа толмаған жастарға шылым бұйымдарын сатуға тыйым салуды да алдын ала қарастырған. Шылым бұйымының сипаттамасы туралы жалған ақпарат үшін жауапқа тарту енгізілген.

Нашақорлық – организм қызметінің бұзылуына әкелетін есірткілерге еңсерілмейтін құмарлықпен сипатталатын ауру.

Жастарды есірткіге үйрету ХХІ ғасырдың өзекті және ауыр шешілетін мәселесі болып табылады. 2000 жылы әлемде шығарылған апиынның жалпы көлемі 6600 тоннаны құрады. «Алтын жарты ай» елдері – Ауғанстан, Пәкістан, Иран – жер бетінде апиынды көкнәрдың ең ірі ошақтары. Егер 1988 жылы Ауғанстанда 2100 тонна шығарылса, онда 1998 жылы 2000-4600 тонна болды. Интерпол деректері бойынша, осы есірткілердің 65% астамы Тәжікстаннан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан транзитпен тасымалданады. Есірткі заттарының белгілі бір бөлігі осы елдердің ішінде қолдану үшін қалады.

Трафик жолында Қазақстан да тұр. Біздің елімізде нашақор балаларды есепке алу жиі жүргізіледі. Мамандар нашақорлардың саны туралы кез келген ақпаратты нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін 10-ға көбейту керек деп белгілейді. Бұл – ХХІ ғасырдың нағыз жұқпалы дерті.

БДҰ деректері бойынша, әлемде 500 миллионнан астам адам есірткі қолданады. Қазақстанда ҚР ӘМ нашақорлыққа және нашақорлық бизнесіне қарсы күресу бойынша Комитетінің бастамасымен ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінің Республикалық нашақорлықтың медицина-әлеуметтік мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу орталығының сарапшыларымен жүргізілген көп деңгейлі зерттеулерінің деректері бойынша 254 мыңға жуық адам есірткіге тәуелді. Әрбір оныншы қылмыс есірткіні пайдаланумен байланысты. Қарағанды облысы бойынша нашақорлық дертімен есепке алынғандардың саны 25 мыңға жуық, соның ішінде 5 мыңға жуығы – нашақорлықпен, 200 жуығы уланумен және 18 мыңға жуығы маскүнемдік дертіне шалдыққандар.

Нашақорлардың құрамында еркектер көп (85%). Нашақорлық дертіне шалдыққан әйелдердің саны 4 мыңға жуық, соның ішінде 700 адам есірткі пайдаланады. Сонымен қатар, әйелдер арасында кейінгі жылдарда нашақорлық қарқынды дамып келе жатыр.

Толық көлемде седативті ұйқы дәрісін және басқа ынталандырғыштарды, кофеинді, галлюциногендерді және ұшқын ерітінділерді пайдаланатын аурулар анықталмайды.

Есірткі заттарын қолдануға еліктеушілік жасөспірімдердің және тіпті балалардың арасында жиі болады. Сонымен, жасөспірімдерден әлеуметтік сұрақ-жауап алу, жоғары мектеп оқушыларының 12% есірткі қолданатынын, ал әрбір бесінші мектеп оқушысы ең болмағанда бір рет қолданып көргенін көрсетті.

Аймағымыздың негізгі мәселесі есірткіні іштей енгізумен байланысты ВИЧ-инфекцияларының өсуі.

Кейінгі жылдарда мемлекеттік емдеу-алдын алу мекемелеріне баратын тұлғалардың саны көбейді (жылына 800-ға адам жуық).

Облыстың Мемлекеттік нашақорлық қызметі келесі ірі нашақорлық диспансерлерімен ұсынылған: облыстық нашақорлық орталығы, облыстық балалар психоневрологиялық бірлестігі және қалалық наркодиспансерлер, олар Жезқазған, Балқаш, Теміртау қалаларында орналасқан. Сонымен қатар, күштеп емдеу үшін облыстың наркологиялық кабинеттермен және мекемелермен көмек көрсетіледі.

Нашақорлық – бұл қорқынышты зат. Ол өлтірілген жандармен және өлгендердің қанымен өтелген алтын, анасының құрсағында жарымжан болған және дүниеге келгеннен кейін шарасыз азап шегуге душар болған балалар. Миллиондаған әкелер мен аналардың, отбасылық жұптардың қайғы-қасыреті, құлдыраған отбасылар, талап етілмеген таланттар, берілген сезімдер, сынған тағдырлар. Шприц немесе таблетканы көргенде ғана жанатын мағынасыз көздер. Бұл жансызданған, сезімсіз және азғындық жандар, олардың тіршілік етуінің маңызы улы дәріні іздеуде. Бұл жанталаса қалшылдаған күйдегі «сүйек сарқырауы» - есірткілік аштықтың қиналған күйі, ми, жүрек, бауыр, барлық ішкі органдардың күрделі бұзылуы, инфекциялық және жұқпалы соз аурулары. Бұл СПИД, аурулардың ішіндегі ең қауіптісі, себебі ол басқа аурулардың алдында организмді қарусыздандырады. Бұл дене және жан қиналысын бір минуттік жеңілдету үшін жасалған ауыр қылмыстар, өзін-өзі өлтірудің жиі себебі.

Жақында ғана нашақорлық туралы хабар бізге басқа елдерден жеткен болатын. Енді ол бізге келді және эпидемия заңы бойынша таралуда, күннен күнге өзінің өлім қанатының астына қаншама жастардың жанын әкетуде.

Нашақорлық ежелгі грек сөзінен аударғанда «тоқтау», «әрекетсіздік», «керең болып қалу» дегенді білдіреді. Есірткілер жанға батырлық жаман аурумен (рак және т.б.) ауыратындарға дәрі ретінде ауырғанын басу үшін арналған. Бірақ, есірткілердің әсері зұлым: организм оларға тез үйренеді және жаңа мөлшерін талап етеді. Сонымен қатар, адам оларға тәуелді бола бастайды, бұл құмардан құтыла алмайды. Есірткіге үйренген организм қабылдауды қайталауды қатты қажет етеді, адам неше түрлі әрекетке барады – өтірік айтуға, ұрлыққа және тіпті адам өлтіруге дейін, бар болғаны есірткіге қол жеткізу. Есірткі, мейірімсіз жендет, жанға қонған шайтан сияқты, «Тона, өлтір, кезекті мөлшерін тап, оны қабылда, әйтпесе мен сені қорқынышты азапқа саламын» деп талап етеді. Нашақор укол жасаған немесе таблетка қабылдаған кезде, ол жеңілденген күйге бөленеді, бірақ осы қысқа уақыт жеңілдену ішінде «сүйек сарқырауы» пайда болады. Міне, нашақорды былай сипаттайды: «Кеуіп қалған адам аурухананың торланған терезелері бар бөлмесінің бірінде төсекте сенделіп жатыр. Оның денесі конвульсияда соқты және құрыса бастады, ірі тер тамшыларымен жабылды. Кейде азапты, қалшылдаған құсық құсу белгілері берілді. Науқас жылап, балағаттап, жалынды, жабайы дауыспен айқайлады:

«Құтқарыңдар! Өліп барамын! Дәрігер укол! Қарғыс атсын! Құрт, ақ құрттар мені жеп барады! Құрттарды алып кетіңдер»!

Бұл нашақор. Сіз оның орнында болғыңыз келеді ме?

Есірткілерге және оны қолдануға қатысты бірнеше мифтер бар.

Бірінші миф: байқап көр — бәрі байқап көреді. Бұл олай емес, жасөспірімдердің 80 % ешқашан есірткінің дәмін татып көрген емес.

Екінші миф: байқап көрсейші, зиянды салдары болмайды. Бұл өтірік. Кейбір есірткілерге тәуелділік 1-2 рет қалыптасады. Сонымен қатар, жеке ерекшеліктермен байланысты алғашқы дәрі жіберу кезінде өлімнің пайда болуы мүмкін.

Үшінші миф: байқап көр, егер ұнамаса – қабылдауды тоқтатасың. Жоқ, есірткілерді қолдану кезінде адам бойындағы еріктілік зардап шегеді және тіпті дәрігерлердің көмегімен нашақорлық тәуелділіктен емделу өте қиын.

Төртінші миф: «зиянсыз» есірткілер бар. Ондай мүлдем жоқ. Есірткілердің барлық түрлері организм үшін улы.

Есірткілерді пайдалануға ғана емес, өзіңмен бірге ұстап жүруге де болмайды, өйткені біздің республикада есірткінің шамалы мөлшерін сақтау заңмен жазаланады.

Ақ бұлтан, есірткілерден сақтаныңыздар! Ешқандай сөзге ілеспей, әуестенбей, батылдық үшін де, жолдастық үшін, жалғыз, топта оларды қабылдамаңыздар, иіскемеңіздер, оған тақалмаңыздар! 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа және есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күресу күні.

Кейбір ақымақ ер балалар өздерін тұрмыстық химия уларымен уландыруға әуестеніп алған. Айналадағылар оларды ойнап «иіскегіштер» деп атайды, өйткені олар жиһаз ысып жылтырататын, жәндіктерді улайтын заттарды қабылдайды және иіскейді. Бұл кішкентай токсикомандар – уға құмар адамдар. Улағыш заттар – улы деген сөз. Егер көріп қалсаңыздар, балалардың қолынан жұлып алып, олардың өзін ата-аналарына апарыңыздар. Сонымен сіздер олардың өмірін құтқарасыздар, себебі улардың улағыш әсерімен адам құлдырай бастайды және қысқа өмірінің аяғына дейін қатты емделмейтін ауруларға шалдыға береді.

Наркологиялық орталықтардың дәрігерлеріне үлкен ағыммен маскүнемдікпен және нашақорлықпен ауыратын адамдар барады. Олар бұл «дерттен» құтылу үшін көмек сұрайды, бірақ, өкінішке орай, медицина үнемі нашақорлық пен маскүнемдіктен науқастарды емдеуге қабілетті емес.

«Темекі тарт – сені сонда ит қаппайды, өйткені сенен жаман иіс шығып тұр. Темекі тарт – сонда сені тонамайды, өйткені сен ұрыларды жөтелмен шошытасың. Темекі тарт – сонда саған қарттық қорқынышты емес, өйткені сен жас өлесің» (араб мақалы).

Әдебиеттер тізімі

1. Смирнов А.Т., Мишин Б.И., Васнев В.А. Основы безопасности жизнедеятельности. – М.: Просвещение, 2004. – 160 с.
2. Соковня-Семенова И. И. Основы здорового образа жизни и первая медицинская помощь. – М.: Изд.центр «Академия», 2000. – 208 с.
3. Андреева Г.А. Влияние алкоголя на организм подростка: Методическое пособие для педагогов. – Петропавловск, 2009. – 14 с.

АИТВ/ЖИТС АЛДЫН АЛУ

Үлкендердің көпшілігіне 14 жастан бастап, 25 жасқа дейінгі жастардың арасынан ерте жастан бастап жыныстық қарым-қатынастың жиі кездесетіні, неке қиюға дейінгі жыныстық қатынастарды бастап, бір адамға ғана адал болып, қорғаныс ретінде презерватив қолданбайтындары түсініксіз жағдай болып табылады. Жастар кейбір кезде есірткіні, сонымен қатар, инъекцияны татып көруге талпынады. Мұның барлығы жастардың жыныстық қатынастарға түсіп, инъекциялық есірткілерді қолданбастан бұрын, алдын алу бағдарламаларын жүзеге асырудың аса зор маңыздылығын көрсетеді, себебі, олардың көп бөлігі АИТВ салдарының қауіп-қатерін де білмейді.

«Білім» өздігінен «іс-әрекетті» білдіре бермейді. Жастардың көпшілігі өздерінің білімдерін, қауіп-қатер мен мінез-құлқын түйсінуді өзара байланыстыра алмайды. Көптеген жастардың әлсіздікке шалдықтыратын жағдайлары мәселені тек жартылай анықтайды. Бірдей дәрежеде жастарға қауіпсіз әрекетке көшуге, яғни, кәмелет жасына толмаған жастарға қарсы тұру стратегиясын дамытуға, өзін-өзі оң көзқараспен бағалауды жетілдіру мен қауіп-қатерлі іс-әрекеттің пайда болу мүмкіндігін төмендететін әлеуметтік қолдау жүйесін құруға көмек көрсете алатынын түсіну маңызды.

Алдын алу әрекеттерінің міндеттері – адамды АИТВ және ЖЖБИ жұқпалы ауруларынан арылтуға мүмкіндік туғызатын іс-әрекетке баулуға, яғни адамдарды ұзақ мерзімге іс-әрекетін қауіпсіз ете отырып, өзгертуге ықпал жасауға көмектесу болып табылады.

АИТВ және ЖИТС жөнінде ақпарат Қазақстан Республикасында 2010 жылдың 1 қазанында 15 318 АИТВ-ға шалдыққандар, 1178 ЖИТС-ты жұқтырғандар саны тіркелді.

АИТВ және ЖИТС дегеніміз не?

АИТВ – ЖИТС ауруын тудыратын адамның иммундық тапшылық вирусы.

АИТВ – қарапайым микроскоп арқылы көрінбейтін ең ұсақ вирус, оның бір микроскоптың көмегімен көру мүмкін емес. АИТВ-инфекция бірнеше сатысы болады.

Вирустың адам ағзасына енуі (АИТВ) жұқпалы аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін иммундық жүйенің бұзылуына және әлсіреуіне әкеп соғады. АИТВ жұқпалы ауруына шалдығу үшін 3 жағдайдың болуы жеткілікті:

– вирустың өзінің болуы,

– жұқпалы ауруға шалдығу үшін АИТВ жеткілікті мөлшері

– АИТВ қанға сіңуі қажет

Ағзаның иммундық жүйесінің адамның иммундық тапшылық вирусін жұқтыруының нәтижесінде, оппортунистік деп аталатын және ЖИТС ауруын тудыратын инфекциялар тарайды.

ЖИТС – жұқпалы иммундық тапшылық синдромы.


СИНДРОМ – белгілі бір ауру мен жағдайдың болуын көрсететін белгілер мен нышандар қатары;

ЖҰҚПАЛЫ – туа біткен емес, адамнан адамға, соның ішінде, анандан балаға жұқтырылатын;

ИММУНДЫҚ – адамның ауру жұқтыратын микроорганизмдерден қорғауды қамтамасыз ететін иммундық жүйесіне қатысты;

ТАПШЫЛЫҒЫ – иммундық жүйенің ауру жұқтыратын микроорганизмдерге қарсы жауап бере алмауы;

Дүниежүзілік денсаулық сақтау (ДДС) терминологиясына сәйкес, ЖИТС – ағзаның инфекциялар мен қатерлі ісіктермен күрес жүргізуге кедергі келтіретін жұқпалы ауру. ЖИТС ауруынан қаза болғандарға осы АИТВ өзін емес, осы инфекцияларды жатқызады. Сонымен қатар, ЖИТС нәтижесінде жиі психикалық және неврологиялық ауруларды тудыратын орталық нерв жүйесі зақымданады.



АИТВ – ерекше вирус, себебі, адам көп жылдар бойы жұқпалы ауруға шалдыққанмен, дені сау болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, вирус ағзаның ішкі жағында ағзаның иммундық (қорғаныс) жүйесінің бір бөлігі болып табылатын қанның жасушаларын бұза отырып, біртіндеп өрши бастайды. Егер адам жұқпалы ауруға шалдықса, онда ЖИТС тез таралмайды. Вирус адам ағзасында аурудың қандай да болмасын белгілері білінбегенше, он жыл және одан да көп жылдар бойы болуы мүмкін.

АИТВ – індет ұзақ уақыт (2 жылдан 15 жылға дейін) бойы ешбір белгілерсіз тарайды (1-сурет). Ағзада АИТВ-инфекциясының таралуын келесі сұлба бойынша анықтауға болады:

1. Жыныстық жолмен:

– Ешқандай қорғанусыз жыныстық қатынасқа түсу. Қажалу кезінде шырышты қабық пен теріде әрқашанда пайда болатын микрозақымдануларға қанның, сперма және қынап сұйықтықтарының түсуі мүмкін;

– ЖЖТИ жыныстық жолдар арқылы таралатын инфекциялармен қоздырылған жыныстық мүшелерінің қабыну аурулары (мерез, соз ауруы, генетикалық герпес, трихомониаз және т.б.) АИТВ таралуының зор мүмкіндігін тудырады.

2. Адамда қаншалықты сексуалды жұбы көп болса, соншалықты АИТВ таратушысын анықтау қиынға соғады. Дегенмен, АИТВ жұқтыру үшін тек бір рет вирус таратушымен жыныстық қатынасқа түсу (еш қорғанусыз) жеткілікті.

3. Қан арқылы (ағзаға инфекция жұқтырылған қан арқылы):

– Қазақстанда АИТВ таралуының жетекші факторы ретінде есірткіні ине арқылы пайдалану жатады. АИТВ қанға ортақ ине арқылы есірткіні жіберу кезінде таралады: біреудің шприцы мен инесі арқылы, сонымен қатар, басқа біреудің қолданған инесі арқылы (есірткі дайындау ерітінділеріне арналған ыдыс).

– Егер АИТВ жұқтырылған бір адамнан кейін екінші адам оның қолданған инесі арқылы есірткіні пайдаланса, онда АИТВ таралу қаупі аса жоғары. АИТВ сыртқы ортада тұрақсыз болады, алайда, ұзақ уақыт бойы шприцтің ішінде, сұйық қанда сақталады. Ине мен басқа да инъекциялық қажеттіліктердегі қанның қалдықтарының көрінуі міндетті емес. Ал инені сумен шаю АИТВ жұқтырылған қаннан әдетте толық тазартпайды. Сондықтан да, егер жұқтырылған АИТВ инеде қалып қойып, келесі адам сол инені пайдаланса, АИТВ өзінің қан тамырларына жібереді. Бірнеше адамның жұқтырылған қаны бар инені пайдаланған жағдайда, олардың әрқайсысына инфекция жұқтыру қаупі төнеді;

– АИТВ жұқтырылған донорлардан қан құю, мүшелер мен оның жасушаларын ауыстыру кезінде АИТВ жұқтыруға болады;

– Қандай да бір медициналық қолданыстағы стерильденбеген, өңделмеген құралдарды және медициналық емес тағайындалудағы, құлақ тесу, татуировка, пирсинг жасау кезінде жұқтырылады. Қан тапсыру арқылы АИТВ жұқтырылмайды, алайда, жұқтырылған донорлық қан алғанда АИТВ жұғады.

АИТВ жұқтырған анадан балаға берілу («тікелей» жолмен):

– жүктілік кезінде

– босану кезінде

– емізген кезде

АИТВ жұқтырған әйел бала туғысы келген жағдайда, ол біліктілігі бар мамандардан АИТВ жұқтырған баланы туудың қаншалықты қауіпті екені жөнінде мәлімет алуы қажет.

АИТВ қандай жағдайда жұқтырылмайды?

АИТВ сыртқы ортада тұрақсыз және адам организмінен тыс жылдам жойылады, сондықтан да, ол ауа, топырақ, айналадағы заттар арқылы беріле алмайды. Адамдар күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста АИТВ жұқтырудан үрейленеді. Алайда, олардың қорқыныштары орынсыз.

АИТВ мына жағдайларда жұқтырылмайды:

- достық қол алысу кезінде;
- сүйісу, құшақтасу кезінде;
- ортақ кітаптарды, қалам мен басқа да тұрмыстық заттарды қолдану кезінде;
- ортақ дәретхана, бассейнды қолдану кезінде, себебі, сілекей, зәр арқылы берілмейді;
- ортақ автокөлікті пайдалану кезінде;
- маса, кене, тарақандар мен басқа да жәндіктердің шағуы кезінде;
- жөтелу, түшкіру кезінде (ауа арқылы)

Жұқтыруға жеткіліксіз мөлшердегі құрамында АИТВ бар сұйықтықтар: сілекей, көз жасы, тер, зәр.

1. АИТВ білу үшін қай кезде тексерілуден өту қажет?

АИТВ-дан тексерілу – инфекцияны ағзаның жеткілікті мөлшерде антителоларды шығару кезінде тест-жүйенің оны анықтауы үшін жүргізу қажет. Яғни, «қауіпті» жағдайдан кейін немесе қорғанбаған жыныстық қатынастардан кейін шамамен 1-3 айдан соң тексерілу қажет. Қауіп-қатер тудыратын белгілердің білінуі кезінде дәрігерлік тексерістен өту қажет:

- 1 ай бойы үнемі жөтел қысу;
- аз уақыттың ішінде 10% және одан да көп мөлшерде салмақ түсіру;
- 1 айдан артық уақытта температураның көтерілуі;
- 1 айдан артық іш өту.

2. АИТВ анықтау үшін тест жүргізу

АИТВ бейімді антиденелердің болуын анықтайтын тесттер бар. Оларды анықтау үшін ЖИТС алдын алу және күресу орталығына, немесе басқа да осындай тексерулерді өткізетін медициналық мекемелерге қан тапсыру қажет. Сараптама үшін тамырдан аз мөлшерде қан алынады. Сараптаманың қорытындысы әдетте келесі күні белгілі болады. Тексеріс емделушінің қалауынша анонимдік түрде жүргізілуі мүмкін.

Қазіргі таңда ИФА-ға жылдам тестілеуді жіберу мүмкіндіктері бар (жылдам тестілеудің қорытындысы 10-15 минутта шығарылады.)

Бүгінгі таңда аурудың бастапқы сатысында (алғашқы 2-3 апта) қазіргі заманғы диагностика әдістері қол жетімді іске айналды.

Осыған орай, сараптама вирустың өзін емес, сол вирусқа қатысты антиденелерді анықтайды, онда зерттеуді ағзаның жеткілікті мөлшерде антиденелерді шығарған кезде тест-жүйе нақты анықтау үшін жүргізу қажет. Антиденелерді өңдеу жұқтырудан кейін 3-4 аптадан соң жүзеге асады, бұл мерзім 3-6 айға дейін созылуы мүмкін. Вирустардың ағзада

болуы кезінде, ал антиденелердің жеткілікті мөлшерде өңделмей, тест анықталмаған жағдайда жүйе деп «терезе кезеңі» аталады.

Егер тест теріс нәтиже беріп, АИТВ байланысты антиденелер табылса, онда адам АИТВ жұқтырғаны белгілі болады. Бірақ диагнозды қою үшін басқа да тәсілдермен тексерілу қажет.

Егер тест оң нәтиже беріп, АИТВ табылмаса, онда адам ауруды жұқтырмаған немесе жұқтырса да, ағза жеткілікті мөлшерде антиденелерді шығарып үлгермеген.

Тесттің оң нәтижесіне көз жеткізу үшін қайтадан тексеріс жүргізу қажет.

Күдік тудыратын нәтиже – алынған нәтижені нақты талдауға мүмкіншіліктің болмауы. Бұл жағдайда зерттеуді бір айдан соң қайталау қажет.

3. Оппортунистік инфекциялар

Егер адам АИТВ жұқтырса, вирус ағзаны аурулардан қорғайтын иммундық жүйені бұза бастайды.

Зақымданбаған иммундық жүйе кезіндегі инфекциялар ағзаға зиянын келтірмей, алайда, иммундық тапшылық жағдайында ауру тудыртса, ол оппортунистік деп аталады.

Оппортунистік инфекциялар: туберкулез, қайталанатын өкпе қабынуы, кененің түсуі, Капоша саркомасы, таз аурулары және т.б.

АИТВ қорғану жолдары

– Ең тиімді тәсіл – анағұрлым ересек жасқа толмағанша, жыныстық қатынастардан бас тарту;

– Бір ғана жұқтырылмаған және сенімді адаммен жыныстық қатынаста болу. Өткен өмірінде жыныстық қатынасқа түсер алдында қорғанбаса, оған тексерілуден өту қажет;

– Презервативті үнемі және дұрыс, яғни, әрбір жыныстық қатынасқа түсер алдында қолдану қажет, сонымен қатар, ережелерді сақтап, тек сенімді адаммен ғана жыныстық қатынасқа түсу абзал;

– Жауапты іс-әрекет [1].

ЖҚБИ (жыныстық қатынастар арқылы берілетін инфекциялар).

ДДҰ бағалауы бойынша жыл сайын дүниежүзінде 300 миллионнан астам ЖҚБИ жаңа оқиғалары тіркеледі. 111 миллионы – жасөспірімдер арасында кездеседі.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметі бойынша ЖҚБИ-дан емделмегендер АИТВ инфекцияларын жұқтыру қаупін 5-10 есеге дейін арттырады. Оның неге байланысты екенін кейінірек қарастырамыз.

Жиі кездесетін инфекциялардың тізімі: мерез, В және С гепатиттері, АИТВ (жыныстық қатынас және қан арқылы берілетін инфекциялар), сөз ауруы, папиллом – жұқпалы ауру, трихомониаз, герпес, хламидиоз (тек

қана жыныстық қатынастар арқылы берілетін инфекциялар). ЖҚБИ 20 астамы белгілі.

1. ЖҚБИ белгілері:

- Жыныстық жолдарынан шығатын ерекше көпірік іріңдер (сарғыш немесе жасыл түсті, кейде жағымсыз иісі болатын іріңді, шырышты-іріңді);
- Жыныстық мүшелердің сыртқы жақтарының қышуы, ісуі немесе ауыруы;
- Зәр шығару жолдарының бұзылуы (жиі, ауру тудыратын немесе күйдіру);
- Жыныстық мүшелерде жараның пайда болуы;
- Жыныстық мүшелерде көпірік тәрізді бөртпелердің болуы;
- Жыныстық мүшелерде артық заттың болуы (кондиломалар);
- Шап айналасындағы лимфа бездерінің ұлғаюы (дөңгелек немесе овал тәрізді);
- Жыныстық қатынас кезінде қан кету;
- Дене температурасының жоғарылауы.

Нәтижесінде, ЖҚБИ әр түрлі белгілері бойынша ұқсас келеді, алайда, әр түрлі тәсілмен емделеді. Сондықтан да, осы белгілердің біреуі анықталған жағдайда, дәрігерге қаралу қажет.

Белгілердің көбісі ЖҚБИ таралуы кезінде адам ағзасындағы өзгерістерге байланысты болады және бұл өзгерістер АИТВ жұқтыру қаупін арттырады. Олар:

- Мerez және герпес аурулары кезінде пайда болатын жаралар;
- Басқа да ЖҚБИ кезіндегі шырышты қабықтардың ісіп қызару процесі.

2. ЖҚБИ зардаптары:

- Әйел мен еркектің бедеулігі;
- Қатерлі ісіктің туындауы;
- Белсіздік;
- Нерв жүйелерінің бұзылуы;
- АИТВ жұқтыру қаупі;
- «В», «С» гепатиттері кезінде бауыр циррозы пайда болады;
- Етеккір кезіндегі қан кетулер;
- ЖИТС кезінде аурулардан қаза болу

3. ЖҚБИ қорғанудың жолдары [2].

Қауіпсіз жыныстық қатынастар:

Ең тиімді тәсіл – анағұрлым ересек жасқа толмағанша жыныстық қатынастардан бас тарту.

– (*A – Abstinence – ұстамдылық*). Егер сіз жыныстық қатынаста белсенді болсаңыз, ең қауіпсіз тәсіл – жалғыз ғана сенімді, жұқтырылмаған адаммен жыныстық қатынасқа түсу. Өткен өмірінде жыныстық қатынасқа түсер алдында қорғанбаса, оған тексерілуден өту қажет

– (*B – be faithful – сенімді бол*). Презервативті үнемі және дұрыс, яғни, әрбір жыныстық қатынасқа түсер алдында қолдану қажет, сонымен қатар, ережелерді сақтап, тек сенімді адаммен ғана жыныстық қатынасқа түсу абзал

– (*C – condom use –презервативті қолдан*). Есірткіні қолданбау. Егер адам есірткі қолданудан бас тартса, ЖҚБИ/АИТВ жұқтыру қаупін төмендетеді. Инъекцияларды енгізу үшін жаңа иелер немесе шприцтарды (қапталған қораптағы) пайдаланбаса, адамдарға АИТВ жұқтыру, «В», «С» гепатиті мен мерезді жұқтыру қаупі төнеді [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Руководство по подготовке тренеров – волонтеров ОО «Сау Ұрпақ». – Караганда, 2009 г.

2. Медицинские консультации // <http://www.rcaids.kz/ru/aids/page359/>

3. Факты о ВИЧ // http://www.stopspid.ru/info/about_aids/

С.Н. Дербуш
Қарағанды техникалық университетінің
химия және технологиялық химия
кафедрасының доценті, б.ғ.к.
e-mail: svetnika-17@mail.ru

А.К. Карилхан
аға оқытушысы
email: o_aygul@mail.ru

ДҰРЫС ЖӘНЕ ТИІМДІ ТАМАҚТАНУ

Қазіргі таңда Қазақстанның жеткен белсенді экономикалық өсуі мен саяси тұрақтылығы бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қажетті терең әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуге арналған өте қолайлы сәт болып табылады.

Елдің тұрақты дамуы саласындағы маңызды міндеттердің бірі халық өмірінің орташа ұзақтылығын көбейту болып отыр. Оған ұлт денсаулығын қамтамасыз ететін механизмдерді енгізу арқылы жету жоспарланады. Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Бізге ең шешуші түрде жаңа ғасырда тұрмысымызға, санамызға, қоғамымызға, жалпы әрбір отбасына салауатты өмір салтының ғибадатын енгізу қажет. Бұл басымдылық, еліміздің болашағы, ұлтымыздың болашағы үшін ерекше маңызды болуы мүмкін» [1].

Бұл мәселенің шешілуі, ең алдымен, қазіргі жағдайларда клиникалық медицина жүйенің профилактикалық бағыттылығын өзгертусіз негізгі денсаулық көрсеткіштерін жақсартуды қамтамасыз ете алмайтындықтан, профилактика сияқты медицина саласы есебінен ғана шешілуі мүмкін.

БДҰ (Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының) деректері бойынша адам денсаулығы 10% ғана денсаулық сақтау жүйесіне тәуелді және 50% өмір салтына, ол адамның ортасына, өмір сүру сапасына, денсаулықты нығайту мүмкіндіктерінің қол жетерлігіне қарай қалыптасады [2, 15 б.].

Осыған байланысты, салауатты өмір салтының пайдасына қарай өзекті бола бастады. Жоспарлы қалыптастырудың негізгі құралы адам денсаулығы потенциалының сақталуын және дамуын анықтайтын факторларды күшейтумен социумның барлық секторларының кешенді өзара әрекет етуі болуы керек. Факторларға адам өмірінің физикалық, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени жақтары жатады және олар жаңа әлемдік технологиялармен және салауатты өмір салтын қалыптастырудың әдістерімен өзара алмасуы керек.

Кейінгі жылдарда Қазақстанда профилактикалық жағдайды жақсарту белгіленеді. Алайда халық денсаулығының индексі және орташа өмір ұзақтығы (2006 жылы – 66,1 жыл) дамыған елдердің көрсеткіштерінен қалыс қалады. Жапонияда, мысалы, бұл қазақстандық көрсеткіштен 14 жылға артық. Қазақстандағы өлімнің көбеюі 1964 жылдан бері қарастырылып келеді, ол кезде 5,7% санмен белгіленді, ал 2006 жылы 10,27% дейін өсті. Өлімнің ең үлкен үлесі (86%) жүрек-қан тамыры аурулары, қатерлі ісіктер, созылмалы тыныс алу аурулары, қант диабеті сияқты әлеуметтік маңызды аурулармен себептелген. Олардың негізіне медицина қызметкерлері қауіптің мінез-құлық факторларын қояды, олар темекі шегу, ішімдік ішу, есірткі қолдану және т.б.

Зерттеулер шылым шегудің зиянын дәлелдеді. Темекінің түтінінде 30-ға жуық улы заттар бар: никотин, көмірқышқыл газы, көміртек окисі, көгеретін қышқыл, аммиак, шайырлы заттар, органикалық қышқылдар және т.б.

Темекі жапырақтарында болатын және түрлі органдар мен жүйелерге әсері бойынша никотин бірінші орын алады. Ол организмге темекі түтінімен өтеді, оның құрамына никотиннен басқа тітіркендіргіш әсер ететін заттар, соның ішінде канцерогенді заттар бар (бензпирен және дибензпирен), яғни олар қатерлі ісіктердің пайда болуына әсер етеді, көп көмірқышқыл газы – 9,5% (атмосфералық ауада – 0,046%) және көміртек тотықтары – 5% (атмосфералық ауада ол жоқ).

Никотин жүйкеге әсер ететін уларға жатады. Жануарларға жүргізген сынауларда және адамдарды бақылауда никотин аз мөлшерлерде жүйке клеткаларын қоздыратыны белгіленген, демалу мен жүрек қағысының жиілеуіне, жүрек айнуға және құсуға әсер етеді. Үлкен мөлшерлерде тоқталады, ал одан кейін ОЖЖ (орталық жүйке жүйесінің) клеткаларының қызметін сал қылады. Жүйке жүйесінің бұзылуы еңбек қабілеттілігінің, қолдың дірілдеуінің, зейіннің нашарлауымен байқалады.

1-2 темекі қорабында никотиннің өлімге әкелетін мөлшері бар. Темекі тартушыны, бұл мөлшер организмге бірден емес, ал бөлшектеліп баратыны құтқарады. Статистикалық деректерде былай делінген: темекі тартпайтындармен салыстырғанда ұзақ тартушылар 13 рет стенокардия, 12 рет миокард инфарктімен, 10 рет асқазан жарасымен ауырады. Темекі тартушылар өкпе дертімен ауыратындардың 96-100% құрайды. Соның салдарынан ауыз қуысы, тамақ пен көмей, асқазан, өт, бауыр, несеп қуығы қауіп-қатерге ұшырайды. Бұлардың барлығына темекі түтінінде бар заттар әсерін тигізеді.

Әсіресе әйел организмне қатты жағымсыз әсер етеді. Кез келген әйел сау бала туғысы келуді армандайды. Бірақ, жүкті болу барысында темекі тартуды жалғастыра беретін болса, бұл арманның орындалуы мүмкін емес. Сонымен қатар, баланың денсаулығы мен ұзақ өмір сүруі, оның жыныстық клеткалары мен құрсақта дамуына байланысты. Сперматозоидтер әрбір 3

ай сайын өздігінен жаңаруға қабілетті, ал аналық клеткалар бала туғаннан бастап қалыптасатыны және көптеген улы заттардың «банкі» болуы мүмкін екені белгілі. Токсиндермен уланған аналық клеткалар жиі ұрықтануға қабілетті.

Никотинмен улану үшін темекі тарту міндетті емес, темекі тартқан бөлмеде тұру жеткілікті. Темекі тартпайтын адамдардың бір сағаттың барысында жабық темекі иісіне толы бөлмеде болуы төрт темекіні тартуға сәйкес келеді.

Ішімдік ішу мәселесі қазіргі таңда өте өзекті. Қазір ішімдіктерді қолдану үлкен сандармен сипатталады. Ішімдіктің салдарынан барлық қоғам зардап шегуде, бірақ, бірінші орында өскелең ұрпақ қауіп-қатерге қойылады: балалар, жасөспірімдер, жастар, сондай-ақ, болашақ аналардың денсаулығы. Себебі ішімдік әлі қалыптасып үлгермеген организмге, оны біртіндеп бұза отырып, белсенді әсер етеді. Ішімдіктің зияны анық. Ішімдіктің организмнің ішіне түсуі барысында, ол қанмен барлық органдарға таралатыны және оларға бұзуға дейін жағымсыз әсер ететіні дәлелденген.

Этанолдың әсерімен барлығы бұзылады, бірақ, ең алдымен – жүйке және жүрек-қан тамыр жүйесі. Нашар буындар, тамырлардағы қан ұйықтары, диабет, кеуіп қалған бас миы, іскен бауыр, әлсізденген бүйректер, импотенция, депрессия, асқазан жарасы – бұл тек ішімдіктерге құмарлық үшін өтелетін қатерлердің шамалы ғана тізімі. Алкоголизм мәселесін зерттеуші ғалымдардың спирт өнімдерін организмге зиянды әсер ету дәрежелері бойынша бөлуді заңға қайшы деп санайтыны әбден негізді, өйткені олардың арасында зиянсыздары жоқ. Сыра алкоголизмінің бар екені бұрыннан белгілі. Тоғышардың көзінде ол шарап пен араққа қарағанда аз қауіпті болса да, оның салдары тым ауыр. XIX ғасырда ағылшындар, алкоголизммен күресе келе, күшті ішімдік бұйымдарын сырамен ығыстырып шығаруды шешті. Бірақ, оны енгізу маскүнемдікті күшейткендіктен, «сыра заңын» алып тастауға тура келді. Сыраның зиянды салдары туралы естуі бойынша Германияның бірінші рейхсканцлері Бисмарк сыра алкоголизміне мынадай анықтама берді: «Сырадан жалқау, ақылсыз және әлсіз бола бастайды» («әлсіз» терминімен импотенция туралы айтылады).

Сыраны мөлшерсіз ішудің ең талқандаушы және зиянды салдары – ауру жүрек немесе неміс дәрігері, профессор Болингер атағандай бавар «сыра жүрегі» болады. Ол жүрек қуыстарының кеңеюінен, оның қабырғаларының қалыңдауынан, жүрек буынының жуандауынан, митохондриялардың азаюынан көрінеді. Бұл көк тамырлардың кеңеюіне және жүрек шеттерінің созылуына әкеледі. Солай «сыра жүрегі» немесе «капрон шұлығы» синдромы туындайды, онда жүрек қанды нашар шайқайды, босаңси бастайды.

Бұл өзгерістер сырада көбік тұрақтандырғышы ретінде қолданылатын кобальттың болуымен байланысты. Осы улы элементтің сыра ішетін адамдардың жүрек бұлшық еттерінде болуы ықтимал норманы 10 есе арттырды. Сонымен қатар, сыра ішетін адамдарда кобальт асқазанда ісіп қызару процесін тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, сыра эндокринді жүйеде өзгерістерге әкелетін ауыр металдар тұздарынан тұрады. Еркектердің организмінде сыраны жүйелі ішу кезінде ерлердің жыныстық гормоны тестостеронның шығуын басым ететін зат бөлініп шығады. Бір уақытта еркектердің сыртқы бет-пішінін өзгертетін әйелдің жыныс гормондары шыға бастайды. Сыра ішетін еркектерде кеуде безі өседі, жамбастары кеңейе бастайды. Сыра ішетін әйелдер рак ауруына шалдығуы ықтимал, ал егер бала емізетін болса, онда балада қояншық ауруы ұстауы мүмкін.

Адам организмі үшін сыраның зияны өте көп. Бастың ми клеткаларының (өте келе қанға түседі, бүйрекпен сүзіліп зәрмен шығады) өлуі, жұлынның бұзылуы, миокардиодистрофия, бауыр циррозы, гепатит, панкреатит, гастрит, невропатия, көру және есту анализаторларының бұзылуы. Сондай-ақ, сыраны тәулік сайын ішу мен күре тамыр қысымының жоғарылауы арасындағы тәуелділік дәлелденген. Сыра алкогольімімен ауыратын адамдар ауруханаға өте ауыр халде жеткізіледі, көп жағдайда талмамен және ақыл-есінің адасуымен. Сыра алкогольімінің негізгі салдары осындай.

Қазіргі зерттеулерге сәйкес, сыра – бұл, едәуір жасырын есірткі заттарына жол ашатын бірінші құпия есірткі. Сыраны ішу миллиондаған отандастарымыздың тағдырларының зақымдануының бірінші себебі. Наркологтар, ішімдік ең жемірлі есірткінің түрі болып табылады, ал сыра алкогольімі ерекше қаталдықпен сипатталады. Осымен сыра вакханалиясының төбелеспен, кісі өлтірумен, зорлаумен және тонаумен түсіндіріледі [3, 28 б.].

Нашақорлық – бұл, есірткі пайдалануға құмарлық, қатты елігу, ол организмнің қатты бұзылуына, соның ішінде, психикалық және физикалық қызметтерінің бұзылуына әкеледі.

Есірткі – ол адамның миын, психикасын, (ішкі органдарды – мидың бұзылуы, жүйке жүйесі қызметтерінің бұзылуы арқылы) біртіндеп бұзатын у. «Момент» желімі немесе бензин адамдарды 3-4 айдың ішінде, ал қарасора 3-4 жылдың ішінде ақыл-есі толық жетілмеген етеді. Морфин қолданатындар 2-3 айдан кейін қызмет ету қабілетін жоғалтады, өз-өзіне қарауды қояды. Кокаин қолданатын адамдар 4 жылдан артық өмір сүрмейді. Олар жүрек жарылуынан, не болмаса, олардың мұрын қалқаны жұқарып, қансырап өледі. ЛСД қолдану кезінде адам кеңістікте бейімделу қабілетін жоғалтады, онда ол өз мүмкіндіктеріне сене отырып, ұша алатындай сезім пайда болады да, соңғы қабаттан секіреді.

Барлық нашақорлар, қолданатын есірткінің түріне тәуелділіктен тыс ұзақ өмір сүрмейді. Олар өзін-өзі сақтау түйсігін жоғалтады, 60% жуық

нашақорлар есірткіге бағынғаннан кейін бірінші екі жылдың ішінде өзіне-өзі қол жұмсап өлтіруге ұмтылады. Олардың басым бөлігінің қолынан келеді.

Ойынға тәуелділік – ойын құмарлығы (лудомания) жеке тұрғыдан болсын, әлеуметтік тұрғыдан болсын, қоғамның үлкен мәселесіне айналды. Ойын құмарлығы (соның ішінде компьютерлік ойындарға деген) әр түрлі салдарларға – толық ойсыраудан бастап әр түрлі деңгейде психиканың бұзылуына, гиподинамияға және өзін-өзі өлтіруге дейін әкелуі мүмкін.

Бұл айтарлықтай үлкен ауру екенін есте сақтаған жөн. Егер сіз туысқаныңыздың, танысыңыздың немесе жақын адамыңыздың бойында ойын құмарлығы белгілерін байқаған болсаңыз, онда оны емдеу бойынша шараларды тез қолданғаныңыз дұрыс. Әйтпесе, ойын құмарлығы түзелмейтін салдарларға әкелуі мүмкін. Ойын құмарлығын емдеу тәуелді болуы себептерін анықтауды және олардың уақытында жойылуын алдын ала болжайды. Лудоманиядан емделуге болады, ең бастысы уақытында көмек сұрап, жоғары білікті мамандарда емделу керек [4, 31 б.].

Әдемі болғысы келмейтін адам жоқ шығар. Денсаулық пен әдемілік – осы екі ұғым бір-бірімен үздіксіз байланысты. Денсаулықты елемей әдеміліктің қамын ойлаған дұрыс емес. Себебі әдемілік жиі жақсы денсаулықтың нәтижесі болып табылады. Сондықтан, егер сіз әдемілігіңіздің қамын ойлайтын болсаңыз, онда салауатты өмір салтын жүргізу керек.

Адамдар өз денсаулығы туралы жанына батқан кезде ғана ойлай бастайды, оны өмірлік тәжірибе көрсетеді және бұған әр адамның өзіндік дәлелі бар. Қалыптасқан жағдайлар жиі адамды өз бетімен емделу жолдарын іздеуге немесе өз жақындарына үйде көмек көрсетуге мәжбүр етеді. Ал бұл аурулардың алдын біршама ерте алуға болады және ол үшін қандай да бір керемет күш қажет емес. Бар болғаны салауатты өмір салтын жүргізу керек.

Уақыттың өзі халықты сауықтандыру қажеттілігін ұсынды, бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» «Қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы» атты Халыққа Жолдауында көрініс тапқан. Онда ұзақ мерзімді басымдылықтардың бірі болып Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімділігі және амандығы анықталды.

Тіпті ең экономикалық дамыған ел өз азаматтарының амандығына, егер ол мемлекеттік саясат, жалпы қоғамның және жеке адамның тілегі болмаса кепіл бере алмайды. Мемлекеттің едәуір маңызды мақсаттарының бірі халыққа жоғары өмір сапасын қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктерді ұсыну болуы керек. Адамдардың амандығы тікелей олардың денсаулығының жағдайына тәуелді [5, 9 б.].

Неміс философы Артур Шопенгауэр былай деп пайымдаған: «Біздің бақытымыздың тоғыз бүтін оннан бір бөлігі денсаулыққа негізделген.

Онда барлығы рахаттылықтың көзіне айналады, онда онсыз ешқандай сыртқы дүниелер сүйсіну сезіміне бөлей алмайды, тіпті ой, жүрек, темперамент сапасы сияқты субъективті құбылыстар аурушаң күйде әлсізденеді және басылып қалады. Сондай-ақ, біз, ең алдымен, бір-бірімізден денсаулығымыз туралы сұраймыз және бір-бірімізге оны тілейміз: ол шын мәнінде адам бақытының ең басты шарты».

Ауру және бишара болғанша, сау және бақытты болған дұрыс – бүгінгі күннің тіркелген шындығы. Әлемді жігерлі және ынталы тұлғалар басқарады. Үлкен жетістіктерге жету үшін кейін қиналмайтындай үнемі көп күш жұмсау керек. Адам салауатты өмір салтын жүргізудің өзіндік стилін өзі қалыптастыруы керек.

Қазіргі жағдайларда тамақтану мәселесі бірқатар себептерге байланысты бірінші орынға шықты, атап айтсақ: экологиялық ортаның бұзылуы, организмге қажет компоненттердің жеткіліксіз түсуі, дұрыс тамақтанбау, сапасы төмен азықтар және т.б. Экология нашарлайды, ал соның нәтижесінде біздің денсаулығымыз бен күшіміз толық жойылады. Организмнің көбінесе, ондағы пайда болатын және оған тамақпен, сумен, ауамен және дәрі-дәрмек заттарымен баратын зиянды заттарды шығаруды қамтамасыз етуге күші жеткіліксіз. Сау адам жейтін асына жиі зейінсіз қарайды. Ал, ауырып, күнделікті жарнама беттерінен түспейтін ең жаңа препараттарды іздей бастайды, сонымен, тамақ сияқты сенімді және тұрақты емдеу құралы туралы ұмытады. Ал, Гиппократтың өзі былай деген: «Біздің барлық емдеу құралдарымыз азық-түлік заттары болуы керек, ал азық-түлік заттары емдік заттар болуы керек».

Зат алмасуының бұзылуының (семіру, қант диабеті және т.б.) салдарынан пайда болатын аурулар жиі кездеседі. Осыған байланысты, қазіргі таңда, дұрыс тамақтану энергетикалық шығындарға және организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келу үшін тамақтану мәдениетін жоғарылату мәселесі өзекті бола бастады [6, 15-18 б.].

Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдалануы, артық жеуі және жалықтыруы денсаулықты көп нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады. Адамның физикалық жағдайы, оның қалай және қандай көлемде тамақ жейтініне байланысты [7, 42-46 б.].

Ғылыми-техникалық прогреске байланысты, ой еңбегімен айналысатын, энергияны аз қажет ететін адамдардың (10.25 МДж көп емес (2450 ккал) ер адамдар үшін және 8,4 МДж (2000 ккал) әйел адамдар үшін) саны қатты көбеюде. Аз энергия кезінде көбінесе азық-түліктің аз минорлы құрамды бөліктері (витаминдер, микроэлементтер) қолданылады. Мұндай жағдайларда, теңбе-тең энергиямен қамтамасыз етілуге қарамастан, гиповитаминді және гипомикроэлементтік күйлердің белгілері пайда болуы мүмкін. Тазартылған тағамдар – азық-түлік заттарын жеткіліксіз тұтынудың тағы бір себебі, ең алдымен, ой еңбегінің адамдарында.

Эволюция барысында адам қоршаған ортаға бейімделуді үйренді, ол үшін шынайырақ азық тазартылмаған азық-түліктер болып табылады, себебі дәл осылардың көмегімен витаминдер мен минералды заттардың қолайлы келіп түсуі жетіледі. Қарқынды эмоциялық-жүйке жүктемесі кезінде дұрыс тамақтану принциптері, қарапайым ой еңбегі кезіндегімен салыстырғанда басқаша екенін байқаған дұрыс. Мұнда организмді қолайлы белок, аскорбин қышқылының, ретинолдың, В тобының витаминдерінің көлемімен қамтамасыз ету маңызды. Егер жұмыс ауысымды болса, онда тамақтану режимі де ауысады.

Өсіп келе жатқан организмнің тамақтануында, ең алдымен, бала денесінің қалыптасып келе жатқан құрылымдарын құру үшін құнды белоктар оптимумы қажет. Белок жетіспеген кезде балалардың өсуіне кедергі пайда болады. Балалардың витаминдермен қамтамасыз етілуі қаншалықты маңызды екені белгілі. Жасы өскен сайын баланың энергия мен тамақ заттарының қажеттілігі де өседі. Жасөспірімдік жас бала өмірінің қиын кезеңіне жатады, онда оның бойы тез өседі, организмді өзгере бастайды. Бұл кезеңде баланың тамақтануы жоғары болады [8, 26-30 б.].

Энергия мен азық-түлік заттарының қажеттілігі белсенді физикалық белсенділікке байланысты дифференциалданады. Қарқынды дене еңбегі қосымша энергия көлемінің келуін талап етеді. Сонымен, ер адамдардың ауыр еңбек кезіндегі тәуліктік энергия шығыны 40% артық ұлғаяды, сондай-ақ, ақ (30%), май (63,5%) және басқа да қоспалардың қажеттілігі көбейеді. Әйел адамдардың тамақ қажеттілігі ер адамдарға қарағанда аз, бұл олардың организмдеріндегі алмасу процестерінің төмен қарқындылығымен байланысты. Тіршілік әрекетінің төтенше жағдайлары (Шеткі Солтүстік, биік тау және т.б) адамдардың энергия мен азық-түлік заттарының қажеттілігін өзгертеді, бұл олардың тамақтануына үлкен өзгерістер енгізеді [8, 40-45 б.].

Адам организмді термодинамика заңдарына бағынады. Соларға сәйкес, дұрыс тамақтану принципі қалыптасты: оның энергиялық құндылығы организмнің энергия шығындарына сәйкес келуі керек. Өкінішке орай, тәжірибеде бұл принцип жиі бұзылады. Энергия сыйымды азық-түліктерді (нан, картоп, мал майы, қант және т.б) шығындық тұтынумен байланысты тәуліктік рациондардың энергетикалық құндылығы энергиялық шығындары жиі артады. Жас өскен сайын, дененің шығындық массасы жиналады және семіру басталады, ол көптеген созылмалы дегенеративтік аурулардың пайда болуына себеп болады.

Азық-түлік заттарының химиялық құрамының организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келуі – дұрыс тамақтанудың екінші принципі. Күн сайын, белгілі бір көлемде және ара қатынаста организмге 70-ке жуық қоспа түсуі керек, олардың басым бөлігі организмде синтезделмейді және өмірлік қажетті болып табылады. Организмді осы азық-түлік заттарымен қолайлы жабдықтау түрлі

тамақтану кезінде ғана мүмкін. Тамақтанудың тым әр түрлі болуы дұрыс тамақтанудың үшінші принципін анықтайды.

Ақырында, тамақтанудың қолайлы режимін сақтауды дұрыс тамақтанудың төртінші принципі анықтайды. Тамақтану режимі дегеніміз тамақ ішудің жиілігі, еселілігі және алмасуы. Тамақтану режимі азық-түлік заттарына және энергияны қажет ету сияқты жасқа, өндіріс ерекшеліктеріне байланысты түрін өзгертеді. Дұрыс тамақтанудың көрсетілген негізгі принциптерін сақтау оны құнды етеді.

Тамақтанудың белгілі бір ережелері бар:

- ұстамды жеу керек;
- тамақ құнды болуы керек: онда жеткілікті көлемде белоктар, майлар, көмірсулар, минералды заттар, витаминдер бар болуы керек;
- тамақтану режимін сақтау қажет.

Тамақтану режимінде төрт негізгі принципті ажыратқан дұрыс:

- 1) Жиілік, яғни, тамақты үнемі бір тәулік уақытында қабылдау.
- 2) Тәулік барысында тамақтанудың бөлшектілігі. Сау адамға үш немесе төрт фазалық тамақтану ұсынылады, атап айтсақ: таңғы ас, түскі ас, кешкі ас және ұйқы алдында бір стакан айран.

3) Әрбір тамақтанған кезде дұрыс тамақтануды барынша сақтау қажет. Бұл, тамақты әрбір қабылдаған кезде азық-түліктер жинағы организмге белоктарды, майларды, көмірсуларды, сонымен қатар витаминдер мен минералды заттарды қолайлы ара қатынаста жеткізу тұрғысынан ойланып істелінуі керек.

4) Бір күнде тамақ ішу бойынша физиологиялық негізделіп бөлінуі. Төрт мезгіл тамақтану едәуір жағымды: жұмысқа дейін тоқ тамақ (күндіз дұрыс тамақтанудың жалпы калориялылығының 25-30%), жұмыс арасындағы үзілісте жеңіл екінші таңғы ас (жалпы калориялылықтың 10-15%), құнарлы түскі ас (калориялылықтың 35-40%), салыстырмалы жеңіл кешкі ас (жалпы калориялылықтың 15-20%) [6, 100-104 б.].

Таңғы ас, түскі ас және кешкі ас үшін тәуліктік уақыт еңбек және демалыс режиміне байланысты жеткілікті кең шеңберде өзгеруі мүмкін. Алайда, тамақ ішу арасындағы аралық 4-5 сағат болуы маңызды. Жүргізілген зерттеулер негізінде, кешкі ас пен ұйқының алдындағы аралықта 2-3 сағат өтуі керек.

Тамақтану режимімен қатар, кейбір психологиялық ережелерді сақтау артық болмайды.

- Үстелге шаршаған күйде отырмаңыз. Қалай аш болсаңыз да, ең болмағанда 10 минут демала тұрыңыз.
- Ашулы, шошынған күйде, қайғылы сезімдерге берілгенде тамақ ішпеңіз.
- Өзіңізге қатты ұнамайтын адаммен бірге үстел басына бірге отырмаңыз.

– Егер сізге қандай да бір тағам ұнамаған болса, пайдалы болса да оны татып көруге болмайды. Сізге ол бәрібір пайдасын тигізбейді.

– Қарныңыз ашқанша үстелге отырмаңыз.

Азық-түлік заттарының 80% термиялық өңдеуден кейін тұтынылады, бұл олардың жұмсаруына және сіңімділігінің жоғарылауына әсер етеді. Сонымен қатар, температуралық өңдеу зиянды микроорганизмдердің өлуіне және токсиндердің, әсіресе ең алдымен жануарларда бұзылуына әкеледі. Жылумен өңдеу өнімдердің микробтарға төзімділігін жоғарылатады және сонымен оларды сақтау мерзімдерін ұзартады. Жылумен өңдеу кезінде улы заттардың қатары бұзылады, мысалы, тамақ қорыту ферменттерінің ингибиторлары. Сонымен қатар, жылумен өңдеу көптеген өнімдердің дәмін түрлендіруге мүмкіндік беретіндігі маңызды [9, 405-408 б.].

Позитивті әсер етумен қатар, өңдеу азық-түлік заттарына жағымсыз да әсер етеді. Жылумен өңдеу кезінде витаминдер және кейбір ас қоспалары (белок, майлар, минералды заттар) бұзылады да зиянды заттар (майларды полимерлендіру өнімдері, меланоидиндер және т.б) пайда болуы мүмкін, бұны дұрыс тамақтануды ұйымдастыру кезінде ескеру қажет. Азық-түлік заттарын жоғалту деңгейі өңдеу түріне тәуелді. Алғашқы өңдеу жеуге болмайтын бөліктері мен ластанулардан шикізатты босатуды, азық-түліктерден құндылығы төмен бөліктердің бөлінуін, сонымен қатар, қатырылған азық-түліктердің дефростациясын алдын ала қарастырады. Азық-түлік шикізатын жеуге келмейтін бөліктерден босату, тағамдық заттардың жоғалуына әкелетін болса да, өнімдердің биологиялық құндылығын жоғарылатады.

Өнімдер мен шикізаттың биологиялық құндылығына жылумен кулинарлық өңдеу ерекше әсер етеді. Өнімдерді жылумен өңдеудің бірнеше амалдарын ажыратады: суға және буға пісіру, булау (қысқа мерзімді (5-7 мин) өнімді суда немесе буда қыздыру), стерильдендіру және қуыру. Қыздыру кезінде ерігіш белоктар жоғалады және күлге немесе гельге айналады. Сонымен, жұмыртқаның ағы жұмыртқаның ішінде 80°C температураға жеткен кезде гелдерді жасай отырып, біріктіріледі (коагуляция). Оралу нәтижесінде ақ гелі буын тіндердің ішінде ондағы судың маңызды бөлігін шығарумен тығыздалады.

Азық-түлік заттарының көп түрлілігі және олардың әр түрлі комбинациялары кулинарлық өңдеу ерекшеліктерін ескерумен сау және ауру адамның тамақтануының, олардың теңгерілуін, емделу бағытын ескерумен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Студенттердің дұрыс тамақтануын ұйымдастыру

Оқушы жастар белгілі бір жас категориясына жататын, арнайы еңбек ерекшеліктерімен және өмір жағдайларымен біріктірілген халықтың кәсіптік-өндірістік тобы ретінде қарастырылуы керек. Осы факторларды ескере отырып, студенттерді ерекше топқа бөлу мақсатқа лайық.

Студенттер тамағының сапалы құрамын бағалау кезінде бірқатар негізгі құрамды бөліктер бойынша тамақтанудың теңгерілмегендігі – жануарлар белоктарының, өсімдік майларының, кальцийдің, аскорбин қышқылының және тиаминнің аз болуы жиі байқалады. Студенттерде тамақтану режимінің келесі бұзылуы анықталды: 25-47% таңғы асын ішпейді, 17-30% күніне екі рет қана тамақтанады, 10% жуығы түскі асын ішпейді немесе уақытында ішпейді, 22% кешкі асын ішпейді. Ыстық тағамдарды, соның ішінде бірінші асты ішу сирек белгіленген [10, 28-30 б.].

Дұрыс тамақтану – бұл, ең алдымен, дұрыс ұйымдастырылған және организмді дер кезінде жақсы әзірленген және тәтті тағаммен жабдықтау. Халық даналығында айтылғандай: «Жануарлар қанығады, адам жейді, ал ақылды адам тамақтана біледі».

Физиологиялық ұсынымдарға сәйкес, энергетикалық құндылық студент ер балаларда 10,8 МДж (2585 ккал), студент қыз балаларда 10,2 МДж ккал) шеңберінде бағаланған. Белоктарға рационның 12% жуық тәуліктік энергетикалық құндылығы келеді, сонымен қатар, жануарлар майының үлесі олардың рационндағы жалпы көлемнің 60% құрауы керек. Осы талаптың орындалуы ауыстырылмайтын амин қышқылдарының жеткілікті болуымен ғана емес, сонымен қатар рационда олардың қолайлы теңгерілуін кепілдендіреді. Майлар студенттердің жалпы рационның жалпы энергетикалық құндылығының 30% құруы керек. Сонымен қатар, өсімдік майларының үлесіне жалпы көлемінен 30% келеді. Студенттердің негізгі минералды заттарды тәуліктік талап ету организмге кальцийдің 800 мг, фосфордың – 1600 мг, магнийдің – 500 мг, калийдің – 2500-5000 мг, темірдің – 10 мг көлемінде түсуімен қамтамасыз етуі керек. Студенттердің теңгерілген тамақтану принциптерін тәжірибелік іске асыру мақсатында тамақтану рационның энергетикалық құндылығы мен сапалы құрамының және энергия мен азық-түлік заттарын қажет ету рациондарының арасында едәуір толық сәйкестікке ұмтылу керек.

Іс жүзінде қарапайым оқу процесі кезінде энергия шығындарынан ерекшеленбей, емтихан тапсыру кезеңінде энергия шығындары 5,9 кДж (1,4 ккал/мин) құрайды [10, 85-94 б.].

Осылайша дұрыс тамақтану бойынша ұсынымдарды сақтау организмнің әр түрлі қоршаған орта агенттеріне төзімділігін жоғарылатудың және халықтың ішінде бірқатар жұқпалы емес созылмалы ауруларды азайтудың негізгі көзі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Послание Главы государства Н.А. Назарбаев народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»// Казахстанская правда, 2014, 18 января.

2. Уровень жизни населения Казахстана. Статистический сборник на казахском и русском языках. – Астана, 2013. – 242 с.
3. Дубровский В.Н. Валеология. Здоровый образ жизни. – М.: RETORIKA. – А, 2013. – 67 с.
4. Марков В.В. Основы здорового образа жизни и профилактика болезней: Учеб. пособие. - М.: Академия, 2012. – 155 с.
5. Левкович А.В. Правильное питание – это здоровье и красота. – М., 2012. –234 с.
6. Смоляр В.И. Рациональное питание. – Киев, 2011. – 368 с.
7. Конышев В.А. Ваше питание: полезно или опасно? – М.: Экономика, 2012. –156 с.
8. Конышев В.А. Самые модные диеты. – М.: РИПОЛ классик. –2013. –52 с.
9. Дробат Е.М. Простые истины о питании и здоровье. – Минск: Кн. дом, 2012. – 608 с.
10. Методики доктора Д.В. Наумова. М.: ООО – Редакция вестника ЗОЖ, 2014. – 207 с.

САЛАУАТТЫ ОТБАСЫ – САЛАУАТТЫ ҰЛТ

Отбасы – біздің қоғамымыздың құндылықтарын сақтаудың маңызды институты. Нақты отбасында ұрпақтар сабақтастығы, үлкендерді құрметту, балаларға қамқорлық, өзара бірі-бірін қолдау дәстүрлері, еңбек сүйгіштік және білімге талпыну қалыптасады [1, 2, 7 б.]. Отбасы – бұл қоғамның ұлттың ұясы. Салауатты отбасы – бұл салауатты ұлт. «Денсаулық дегеніміз толық дене, ой және әлеуметтік саулықтың күйі ...». Бұл анықтама 1958 жылы Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымымен (БДҰ) ұсынылды.

Салауатты отбасы деген не? Салауатты отбасы – бұл, сүйіспеншілік пен өзара түсінісу, салауатты психологиялық климат, рухани мәдениет, материалдық молшылық орнаған отбасы. Отбасы денсаулығы мәселесі бүгінгі таңда жеткілікті өзекті. Егер отбасында ата-аналар балаларына салауатты өмір салтын көрсететін болса, онда балада да өзінің денсаулығына позитивті қарау қалыптасады. Балалар мен ата-аналардың бірлескен істері, жеке үлгісі, спортпен айналысу, пайдалы демалыс салауатты өмір салтының құраушы бөліктері екені жалпыға мәлім.

Бұрын біздің ата-бабаларымыз ұрықталар алдында 3 айға ішімдіктерден бас тартқан, себебі ауру бала туудан қорыққан. Еркектер әйелдікке алыс аудандардың қыздарын алған, сонымен туысқандық қанның араласуынан қашқан.

Сондықтан салауатты өмір салтын құрудың маңызды шарты отбасының дененің саулығы. Ол үшін жұбайлар, шаңырақ көтермес бұрын, өздерінің шыққан тегін, яғни өзінің генетикалық кодтарын білуі керек. Содан кейін, салауатты өмір салтын ұстануы керек, яғни отбасы мүшелері шылым шекпеуі, ішімдік ішпеуі, есірткі қолданбауы керек. Дүние есігін ашқан күннен бастап түсетін қоршаған орта (психологиялық атмосфера) жағдайлы болуы керек. Мұндай психологиялық атмосфера өмірінің барысында мінезін қалыптастыруға әсер етеді. Ұрықтандыру, жүктілік және босану жағдайлары отбасында үстем болған атмосфераға белгілі бір із қалдырады немесе балаға әсер етеді. Сондықтан баланың пайда болуын жоспарлау керек және қажет, яғни бала үміт еткен болуы керек, және де жұбайлардың арасында үйлесімділік бала тұлғасының сәтті қалыптасуының кепілі болып табылуы керек. Бала тәрбиелеу – бұл үлкен еңбек, сонымен ата-аналар бала туу туралы шешім қабылдай отырып, оның болашағы үшін үлкен жауапкершілік әкеледі. Олар оны еңбекке баулуы, басқа адамдармен араласа білуін, оларды түсінуді және олармен ортақ мақсаттарға жету үшін ынтымақтастықта болуға, Отанға деген

сүйіспеншілікте тәрбиелеуі, өздері тұрып жатқан елдегі заң мен тәртіпті қадірлей білуге үйретуі керек. [2].

Салауатты отбасын қалыптастыру үшін отбасының материалдық жетістігі де аз маңызды шарт емес. Біз материалдық құндылықтар басым болған әлемде өмір сүреміз. Әрбір бала материалдық құндылықтар адамға, егер олар адал еңбекпен, қара күшпен және зияткерлікпен жасалған болса, жақсылық әкелетінін ұғынуы керек.

Қазіргі өркениеттің негізі салауатты және рухани дамыған адам болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулардың, адами құндылықтарды бекітудің, дамыған экономиканы және тұрақты демократиялық жүйені құрудың, егер олар адамдардың толыққанды өмір сүруі үшін барлық жағдайлар жасауға бағытталмаса маңызы жоқ.

Салауатты адамдар металлургиядағы болат және ауыл шаруашылығындағы нан сияқты мемлекет «өндірісінің» өнімі болуы керек.

Екінші жағынан, салауатты ұлт сөзсіз мықты мемлекеттің белгісі болып табылады. Халықтың дене бітімінің және рухани-адамгершілік салауаттылығы еліміздің зияткерлік әлеуетін, экономикалық мүмкіндіктерін және қорғаныс қабілеттілігін анықтайды.

«Ұлт» термині жалпы өркениеттік әлемде қабылданған азаматтық бойынша ұлттың анықтамасын береді, яғни, осы жағдайда ұлт – бұл ел азаматтарының ортақ қауымдастығы. Әрбір азамат өз елінің бір бөлігін білдіреді. Сондықтан, салауатты, тәрбиелі және оқыған азамат мемлекеттің өркениеттілігі деңгейін, ондағы қоғамдық институттардың күшін, билік құрылымдарының мүмкіндіктерін анықтайды.

Ұлттың денсаулығы еркін медициналық қызметтердің, дене тәрбиесін және әуесқой спортты, салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтану, зиян әдеттерді құрту, экологиялық таза және күтілген тұру ортасын құру, қауіпсіз мүмкіндік және еліміздің әрбір бұрышында жасампаз өмір сүру арқылы қалыптасады және сақталады.

Әлемдік тәжірибе, еліміздің тұрғындарының денсаулығына әсер ететін маңызды фактор – бұл, бір жағынан, аурулардың алдын алу, екінші жақтан, салауатты өмір салтын ынталандыру бойынша мемлекеттің қадамдары екенін көрсетеді. Аурулардың алдын алу таза су мен асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологиялық зиян келтіретін объектілерді азайтуды, қауіп-қатердің басқа факторларын төмендету бойынша ұқсас шараларды білдіреді. Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене шынықтыру жаттығуларымен айналасуымызға, дұрыс тамақтануымызға, гигиена мен санитария шараларын сақтап, есірткі, ішімдік заттарын қолданыстан алып тастауымызға бағытталған.

Прогресті және тұрақты дамыған мемлекетті алдын ала болжайтын негізгі факторлардың бірі адами әлеует болып табылады. Дәл осы адами

ресурстар өндірістік әлеуетпен, жаңа технологиялармен және инфрақұрылыммен бірлесіп ұлттық қауіпсіздікті анықтайды. Бірде Финляндияның бұрынғы президенті Урхо Кекконен «ұлттың болашағы автомобильдердің санына емес, балалар арбасының санына тәуелді» деп дәл айтқан [3, 15-16 б.].

Қазақстанға келетін болсақ, XX ғасырдың екінші жартысында оның аймағында 5 халық санағы жүргізілгені болатын. 1959 бастап 1989 жылға дейінгі кезең аралығында республика халқының саны 2 есе артты және 16 536,5 мың адамды құрады. Бірақ, 1999 жылға қарай, алғашқы халық санағының деректері бойынша, оның саны 9,6 пайызға азайды және 1979 жылдың деңгейіне, 14 953,1 мың адамды құрап қайта оралды [4].

ҚР көші-қон және халық санағы жөніндегі Агенттігінің деректері бойынша халық санының көбеюі бірқатар факторларға байланысты. Біріншіден, көші-қонның жағымсыз сальдосы азайды. Бұрын елден кетіп қалған Қазақстан азаматтарының қайта оралуы басталды. Өткен жылы ғана республикаға 34 мың оралман келді. Тәуелсіздік жылдарының өзінде Қазақстаннан 2 миллион кетті, ал 0,5 миллион адам келді. Екіншіден, бұл да ең бастысы, әлі маңызды емес болсын – 5,5%, бала туудың артуы. Қазіргі таңда осы тенденцияны нығайту маңызды. Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында осы мәселеге де тоқталды, оларды шешуге біздің жоспарларымыздың жүзеге асырылуы байланысты. Сондықтан, Үкімет келесілерден тұратын бағдарламаны әзірлеуі керек:

- халықтың санын көбейту,
- денсаулықты жақсарту арқылы адам өлімін азайту,
- иммигранттарды қабылдауды көбейту, соның ішінде жұмысқа қабілетті бұрынғы қазақстандықтардың қатарынан [5].

Халықтың санын көбейту мәселесі – халық санының азаюын маңызды құраушыларының бірі – 90-шы жылдардың басындағы экономикалық дағдарыс кезінде пайда болды, ол әлі ұзақ уақыт халықтың жандануына әсер ететін болатынға ұқсайды. Сонда қатерлі сипатқа өлгендердің саны туылғандардың санын артатын жағдайда жарияланбаған процестер ие болды. Халықтың табиғи өсуі кейінгі жылдарда тек республикамыздың 8 облысында ғана, Астана мен Алматыда байқалады. Қалған аймақтарда, жұмсақ айтқанда, жағдай өкінішті пікір қалдырады.

Бала туудың азаюы себептердің тұтас кешенімен пайда болған, олардың арасында ауыр материалдық жағдай, қысылшаң экономикалық жағдай, медициналық қызмет көрсетудің төмен сапасы және жағымсыз экологиялық орта. Бірақ, барлық істі соларға ғана апару қателік болар еді. Өйткені әлеуметтік зерттеулер де, тәжірибе де, табыс көп болған сайын нақты және жоспарланатын балалар саны да аз болады. Табыстарды көбейту бала туудың көбеюіне қатты қабілетті екені күдікті.

Қазіргі қоғамдарда балалар толық отбасының қажет құраушысы болып табылады, ата-аналарды эмоциялық азықтандырады. Бірақ, ол үшін

жұптардың басым көпшілігіне бір бала қажет. Сонымен қатар, Қазақстандағы демографиялық жағдайға тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында азаматтардың материалдық жағдайының нашарлауы және әлеуметтік-экономикалық мәселелері ең үлкен әсер еткен болса, онда қазір мүлдем басқа жоспардағы жағдай қалыптасады. Әрбір адамның әлеуметтік ұтқырлыққа қоятын жоғары талаптары, серіктестік қатынастар түсінігіндегі өзгерістері, өзіндік жеке басылық бақытқа жеке наразылықтар басымдылығы және басқа да факторлар балаларды туу туралы шешім қабылдауды қиындатады. Нәтиже ретінде, екеуден артық балалары бар отбасыларының саны өседі, ал баласыз немесе бір бала ғана бар отбасылардың саны көбеюде. Жастарды, өмірдегі басты бағыт қызметтік өсумен және қомақты ақша сомасымен көрінетін жеке сәттілік болып табылатын жағдайда бала тууға мәжбүр ету қиын болғанға ұқсайды. Алайда, жас отбасыларға барлық шығындар міндетті түрде болашақта өтелетінін естен шығармаған дұрыс, тағы бір белгілі саясаткер Уинстон Черчилль байқағандай, «жақсы капитал салымы – бұл балалардың аузына сүт құю» [1].

Әдебиеттер тізімі

1. Послание Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» //Казахстанская правда, 2014, 18 января.
2. Методические материалы XV съезда партии «Нур Отан» – 18.10.2013 г. – Караганда, 2013. – 26 с.
3. Назарбаев Н.А. Долгосрочная стратегия развития Казахстана «Казахстан – 2030». Послания Президента страны народу Казахстана: <http://www.akorda.kz>.
4. Адылханов А.С. Курс на здоровый образ жизни. Официальный бюллетень Государственной санитарно-эпидемиологической службы. Астана, 2013, № 11, С. 15-16.
4. Мейрманов Ж. Крепкая семья – здоровая нация //Казахстанская правда, 2012, 11 июля.
5. Второй отчет Мажилиса Парламента РК «Цели развития на пороге тысячелетия в Казахстане» – 10.10.2013 г. <http://www.undp.kz>.

Н.К. Омарова
Қарағанды техникалық университетінің
Өнеркәсіптік экология және химия
кафедрасының доценті, т.ғ.к.
e-mail: nazim48@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қазақстан Республикасы жаңа ғасыр табалдырығын аттай отырып, басқа мемлекеттер сияқты қоршаған орта туралы күрделі проблемаларға тап болды.

Қазақстанда ондаған жылдар бойы қоршаған ортаға экстремалды жоғары техногенді жүктемелерге байланысты табиғатты пайдаланудың шикізатты басым жүйесі жіктелді. Бұл пайда болудың ғана себепшісі емес, сонымен қатар біздің республикамызда ауыр зардаптар түрінде қалған экологиялық проблемалардың тұрақты өсуіне де байланысты.

Семей ядролық полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруларды сынау қоршаған табиғат ортасына және адамдардың денсаулығына орны толмас зардаптарын әкелді, халықтың өлім-жітіміне, жалпы ауру түрлерінің артуына әкелді. Семей өңірінің барлық аумағы, Павлодар, Шығыс-Қазақстан және Қарағанды облыстарына шекаралас жатқан полигон экологиялық зардаптар аймағы болып танылған.

Планетаны Арал теңізі проблемасы аландатуда, оның өміршең қажетті су ресурстарын қалпына келтіру үшін ғалымдардың күштері бағытталған.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың мүлдем жаңа мемлекеттік жүйесін құру мен қалпына келтіру жылдары болды. Оның бастауына мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Қауіпсіздік Кеңесінің мәжілісі қызмет етті, онда Қазақстандағы экологиялық проблемалар алғашқы рет қарастырылды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажеттілік анықталды.

Осы мақсатта Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Президент Жарлығымен бекітілген 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеген. Осы тұжырымдаманың негізі «2030 Стратегиясында» салынған, онда «қоршаған ортаны қоректендіру, тазалығын жақсарту және экология» біздің мемлекетіміздің дамуындағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасының жалпы түсінігі дәстүрлігімен қатар, дәстүрлі емес сипаттағы қатерлердің кең спектрін енгізеді, олардың арасында қоршаған орта жағдайының нашарлауы негізгі компоненттердің бірі болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің негізгі стратегиялық компоненттері және мемлекеттік

басымдықтардың маңызды аспектісі болып табылады, себебі адамзат дамуының осы кезеңінде экологиялық проблемалар тірі қалу проблемасына өтуі мүмкін кезде биосфераға мүмкін әсер ету шегінде болады [1, 45 б.].

Қазіргі кезде біздің республикамыздың көптеген өңірлерінде экологиялық ахуал тек қолайсыз ғана емес, сонымен қатар өте апатты жағдайда. Бүгінгі кезде барынша қауіптісі экологиялық дағдарыстың пайда болуы болып табылады, техногендік босауға, топырақтың құлдырауы, су ресурстарының азаюы мен ластануы, ормандар санының қысқаруы, биологиялық әр түрліліктің қайтарымызсыз қысқаруы және тірі табиғаттың генетикалық қорының бұзылуы, радиациялық бұзылу, қауіпті және улы заттардың жинақталуы жатады.

Қоршаған ортаны ластаушы және табиғат жүйесінің құлдырауын тудыратын негізгі көздері өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, автомобиль көлігі, басқа антропогендік факторлар болып табылады. Биосфера және қоршаған ортаны қорғаудың қосылған компоненттерінің арасынан атмосфера барынша сезгіш болып табылады, оған тек газ тәріздес ластаушылар ғана емес, сонымен бірге сұйық және қатты заттар да келіп түседі.

Біздің жер шарын қоршап тұрған атмосфера нені білдіреді? Бізді қоршап тұрған ауа – бұл газдардың қоспасы. Қазақстан үстіндегі атмосфераға улылығы жоғары газ тәріздес және қатты заттардың маңызды қоспасы бөлінеді. Егер әр түрлі тұрақты көздерден лақтырындылардың санын салыстыру қажет болса, онда шамамен 50 пайызы жылу-энергия көздерінен лақтырылады, ал 33 пайызы – тау-кен және түсті металлургия кәсіпорындарынан лақтырылады. Әрекет етудің барынша кең радиусы азот пен күкірт тотығы болып табылады. Олар маңызды ара қашықтықта тасымалданады және ауыл шаруашылығына маңызды әсер етеді.

Атмосфералық ауаның ластануына Қарағанды (жылына 1 млн. тоннадан артық), Павлодар (400 мың. тоннадан артық), Шығыс-Қазақстан (200 мың. тоннадан артық) облыстары негізгі үлес қосады. Барынша ластанған қалалар және өнеркәсіп орталықтары Өскемен, Алматы, Шымкент, Риддер болып табылады.

Атмосфераны ластау көздері сондай-ақ авто және теміржол көлігі болып табылады. Жылжымалы көздерден жыл сайын шығатын лақтырындылар шамамен 1 млн. тоннаны құрайды. Алматыға атмосфераның ластанудың жалпы массасының 90% автокөліктердің пайдаланылған газды шығаруынан келеді. Астананың қарқынды дамуына, автокөліктер санының ұлғаюының, жылжымалы көздерден шығатын лақтырындылар Астанада жалпы 37% құрайды.

Антропогендік артық жүктемелер және рационалды емес табиғат ресурстарын пайдаланудан пайда болған қазіргі заманғы экологиялық проблемалар, сөзсіз, Қазақстан аумағындағы топырақтың үстінгі қабатына әсер етеді.

Демек, күлі көп Екібастұз көмірі қоршаған ортаны ластай отырып сол жерде жанып кетеді, ал таза энергия негізінен республикадан тыс тұтынатын жерлерге жіберілді. Республиканың топырақ қабатына түзетуге келмейтін залалды әскери өнеркәсіптік кешен кәсіпорындары тигізді. Осы уақытқа дейін бұл топырақ және олардың орналасқан жері құпия күйде ұсталды.

Топырақты радиоактивті ластау зардаптары орасан қауіп төндіреді.

Топырақтың күшті ластануы Ақтау қаласына жақын Қарақия ойпатында уран кен орындары аудандарындағы экожүйе компоненттері ұшыраған. Ұзақ мерзімді уақыт бойы уран рудасын өндірді және оны Каспий маңындағы тау-кен-металлургия комбинаты кәсіпорындарының табиғат секторында байытты.

Радиоактивті қалдықтар қалаға жақын орналасқан көлдер және Каспий теңізінде жинақталды. Жер асты суларымен бірге олар теңізге құлауы мүмкін деген ықтималдылық бар, оның деңгейі жағалау маңындағы аумаққа дейін жайылып үздіксіз артуда.

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағының топырақ-экологиялық жағдайын қанағаттанарлықсыз ретінде бағалауға болады. Экологиялық жағдайды тұрақсыздандыру топырақты өздігінен қалпына келтіру мүмкін емес процестерге дейінгі дәрежеге жетті. Бұзылған топырақты рационалды пайдалану, қорғау және қалпына келтіруді, топырақ құлдырауының алдын алу, эрозияға ұшыраған және техногенді бұзылған топырақты, сондай-ақ жайылымдарды қалпына келтіру бойынша бағдарламаны әзірлеу талап етіледі [2, 41 б.].

Макроөңір шаруашылығын аумақтық ұйымдастыруды жетілдірудің маңызды бағыты су шаруашылығы проблемаларын шешу болып табылады.

Қазақстанда шамамен суландыру үшін жарамды 50-60 млн. га жер есептелген.

Сол уақытта су ресурстары тек 8-10 млн. га жерді суландыруға жетеді. Мұндай жағдайда суармалы егіс алқаптарын дамытудың жолдарын дұрыс таңдау керек, экожүйені бұзудың қайтарымысыз процестеріне жол беруге болмайды.

Қазақстанның экологиялық жағдайын экономика мен қоғамды, заңды тұрғыда экологияландыру арқылы оң бағыттарға қарай өзгертуге болады.

1. Заңдарды экологияландыру

Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайтын құжат «Қазақстан өз дамуында жаңа ілгерілеудің алдында тұр» деген атауға ие болды. Жобаның барлығын қысқаша сипаттау өте қиын. Ол экологиялық ахуалды басқарудың қолданыстағы жүйесін түпкілікті өзгертеді және қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыруға бағытталған. Халықаралық экологиялық стандарттарға өту қарастырылған.

Оның негізгі міндеті – кодекс деңгейіне дейін экологиялық басқару мәселелерін заңды деңгейде қорытындылау және жүйелеу.

Осы ережені әзірлеу кезінде барлығы әр түрлі халықаралық ұйымдардың 20 ұсынысы және басқарушы құжаттары, 22 халықаралық конвенциялар, Еуроодақтың 30-дан астам 30 директивасы және басқа мемлекеттердің заңдары, ТМД Модельді кодексі, Қазақстандық заңдардың 200-ден астам нормативтік құқықтық актілері пайдаланылған.

Ең үздік еуропалық тәжірибе мысалы бойынша ең бірінші рет ең озық қол жетерлік технологиялар негізінде берілген кешенді экологиялық рұқсат ету жатады, ал экологиялық рұқсат етудің әрекет ету мерзімі 3-5 жылға арналған және оларды беру тәртібі маңызды түрде қысқартылған.

Сондай-ақ ең бірінші рет кәсіпорындар өнеркәсіптің күрделілігі және олардың қоршаған ортаға әсер етудің мүмкін әсерлерінің дәрежесі бойынша 4 топқа бөлінген, әрбір келесі топ үшін экологиялық рұқсат беру тәртібі рәсімі ықшамдалған.

Бұдан басқа, мемлекеттік экологиялық бақылау кезінде инспекторлық тексерулерді жүзеге асыру тәртібі белгіленген, бірақ экологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде өндірістік бақылауға үлкен көңіл бөлінеді.

Осылайша, Қазақстан алдында тұрған экологиялық проблемаларды шешу үшін заңнамалық негіздер құрылады. Нәтижесінде 2010 жылға қарай біз қоғамның тұрақты дамуының негізгі экологиялық стандарттарын жасауымыз керек.

2. Экономиканы экологияландыру

Қазақстанда соңғы 10 жыл ішінде атмосфераға зиянды заттарды лақтыру көлемінің өсуі байқалмайды. Бұл бір жағынан, өндіріс көлемінің құлдырауымен, ал екінші жағынан, өндіріске жаңа тазарту құрылғыларын енгізумен, технологиялық процестерді жетілдірумен байланысты. Мысалы, «Қазақмыс» Корпорациясы, «Балхашцветмет» АҚ өндірістік бірлестігінің мырыш зауытын пайдалану үшін іске қосылғанын айтуға болады. Бұл жерде күкірт қышқылының әсерінен және жоғары қысым кезіндегі оттегіден жоғары температуралы автоклавты сілтілендіру концентратының прогресшіл экологиялық таза технологиясы пайдаланылды, дәстүрлі күйдіруді азайта отырып, атмосфералық ауаға келеңсіз әсер етуді азайтуға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны ластауды азайтуды экономикалық ынталандыру мақсатында Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бұйрығы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін мөлшерлеме төлеу белгіленген. Осыған байланысты, Министрлік тарапынан, қоршаған орта жағдайын тұрақты және тиісті мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады.

Заңды бұзғандар үшін әкімшілік сипаттағы айыппұл төлеу және ескертпелер түрінде инспекторлық қолданыстағы іс-шаралар, азаматтық

сипаттағы – қоршаған ортаға тигізген залалдардың орнын толтыру туралы талаптар және шағымдар түрінде қабылданады.

Экологиялық проблемаларды шешудің сапасын арттыру мақсатында қоршаған ортаны қорғаудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылды. Оның әрі қарай дамуы «электрондық Үкімет» шеңберінде осы жүйені интеграциялауға, халыққа ақпараттық қызметтерді ұсынуда қуатты құралдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, «электрондық Үкіметті» енгізу шеңберінде электрондық-цифрлық қол қоюды қолдана отырып, ведомство аралық құжат айналымын пайдалануды енгізу жоспарланған.

Қазіргі кезде тоқсан сайын «Гидрометеорология және экология» журналы шығарылады. Қоршаған ортаны қорғаудың Ақмола облыстық аумақтық басқармасының қолдауымен «Экологиялық хабаршы» облыстық газеті шығарылады. Министрліктің Веб-сайты жұмыс істейді. Бұдан басқа, «Экологиялық ақпараттық-аналитикалық бюллетень» шығаруды қайта жаңарту бойынша жұмыстар, сондай-ақ «Эколог» орталық газетін шығаруды ұйымдастыру жүргізілуде.

Қоғамды экологияландыру мақсатында Білім және ғылым министрлігімен бірге үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін қалыптастыру бойынша жұмыстар басталды. Еліміздің ЖОО ынтымақтастық пен өзара түсінік туралы 19 меморандумға қол қойылды, онда студенттерді ғылыми-практикалық даярлау механизмдері, өндіріске инновациялар және озық технологияларды енгізу мәселелері, экологиялық мамандықты бітірген түлектерді жұмысқа орналастыру қарастырылған.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанында біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығы құрылды, онда қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасының қызметкерлері ғана емес, сонымен бірге тірі табиғат пайдаланушы өнеркәсіптердің мамандары да оқытылады.

Әскери сынақ полигондарында және «Байқоңыр» космодромында зерттеулер жүргізіледі, қоршаған орта жағдайы мен тұрғылықты халықтың денсаулығының өзара байланысты проблемалары зерттеледі, Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі радиациялық ахуал тексеріледі. Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша жаңа нормативтік-әдістемелік құжаттар әзірленеді және түзетіледі. Мысалы, «Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесі» әзірленді, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген.

3. Қоғамды экологияландыру

Халыққа экологиялық тәрбие беру мәселесімен сауаттандыру жиынтығында салауатты өмір салтын насихаттау мемлекеттік ақпараттық саясаттың басым бағыттары ретінде анықталды және жетекші БАҚ (НТК, «Қазақстан», «Хабар» Агенттігі және Қазақ радиосы) және 59 республикалық басылымдар мемлекеттік тапсырысты тарату арқылы іске асырылады.

Қазақстанның жаңа Ұлттық атласы әзірленді. Бұл атлас – посткеңестік кеңістіктегі алғашқы атлас. Ол үш томнан тұрады. Атлас материалдары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жоғары және орта оқу мекемелерінде интерактивті оқыту үшін негіз болып қызмет етеді. Оны құрастыру кезінде қазіргі заманғы геоақпараттық технологиялар қолданылған.

4. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту

Қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық конвенцияларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Демек, Қазақстан қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды тасымалдау үшін бақылау бойынша Базель конвенциясына қосылды. Осының арқасында қауіпті қалдықтарды декларациялау бойынша жаңа кедендік ережелер белгіленді, ол екінші реттік шикізат және өнімдер түрлері бойынша еліміздің аумағына оларды тасымалдаудың алдын алады.

Ғаламдық экологиялық қор (ҒЭҚ) жобаларын сектор аралық йлестіру бойынша Ведомство аралық жұмыс тобы құрылды.

Каспий маңындағы мемлекеттермен өзара қатынастар бойынша маңызды прогреске қол жеткізілді. Каспий теңізінің ортасын қорғау жөніндегі Рама конвенциясына қол қойылды және ратификацияланды.

Төзімді органикалық ластанушылар бойынша Стокгольм конвенциясын ратификациялауға, жекелеген қауіпті химиялық заттар және халықаралық саудадағы пестицидтер қатынасында алдын ала келісілген келісімдер рәсімдерін қолдану бойынша Роттердам конвенциясын ратификациялауға, климаттың өзгеруі бойынша БҰҰ Киото Рама конвенциясының хаттамасына дайындық жүргізілуде.

Қазақстан Республикасындағы экологиялық ахуалды барлық адамзаттың проблемаларынан бөліп жарып қарастыруға болмайды.

Адамзаттың алдында тұрған ғаламдық экологиялық проблемалардың бірі климаттың өзгеруі болып табылады. Климаттың згеруіне теріс әсер ететін, парник газының атмосфераға лақтырындысын регламенттейтін жалғыз халықаралық құжат Киото хаттамасы болып табылады. Киото хаттамасын Қазақстанда ратификациялау мәселесі қоршаған орта сапасын тұрақтандыру бойынша ведомство аралық комиссиясында қарастырылған. Осы мәселе бойынша парламенттік тыңдаулар жүргізілді және Киото хаттамасын ратификациялау туралы Заң жобасы мемлекеттік органдардың келісімінде қаралуда.

Экология және климатты ғылыми-зерттеу институттары Қазақстан аумағында парник газдарының эмиссиясын жыл сайын түгендеу және осы проблема бойынша ғылыми жұмыстар жүргізілуде.

Келесі ғаламдық проблема – Жердің озон қабатының бұзылуы. Озон қабатын қорғау бойынша міндеттемелерді іске асыру мақсатында озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуды азайту, оларды сатудан алып тастау, озон қабатын бұзатын заттарды тұтынушы-кәсіпорындар технологияларын

айырбастау және қолдау бойынша іс-шараларды енгізетін іс-әрекеттер жоспары мен жобасы әзірленді және іске асырылуда.

Био әр түрлілікті сақтау проблемаларын шешу шеңберінде ЮНЕСКО Бүкіл әлемдік мұра тізіміне табиғи объектілерді енгізу жұмысы жүруде, олардың арасынан ең бірінші объектілер Алтай аумағы және Қорғалжын және Наурызым мемлекеттік табиғи қорықтары болып табылады.

Тағы да бір ғаламдық экологиялық проблема сортаң жерге айналу болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, Қазақстан Республикасы аумағындағы шөлейтке айналу процесін қалпына келтіру және алдын алу бойынша шараларды қарастыратын «2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы күрес жөніндегі бағдарламасы» Үкіметтің Қаулысымен әзірленді және бекітілді. Қазіргі уақытта Ғаламдық экологиялық қор жер ресурстарын басқару бойынша Орталық Азия елдерінің Бастамасын мақұлдады және бес мемлекет үшін 10 жылға шамамен 1 млрд. теңге көлемінде қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

Қазақстан алдында ғаламдық экологиялық проблемалармен қатар ұлттық экологиялық проблемалар тұр.

Орталық Азия мемлекеттерін қосу жөніндегі Қазақстан бастамасын және шекаралық су ағындарын және халықаралық көлдерді қорғау мен пайдалану бойынша Хельсинки конвенциясын қолдау мәселесі жүргізілуде. Осы мәселелер бойынша жұмыстарды ұйымдастыру шеңберінде Орталық Азия елдеріндегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне сол елдердегі тиісті органдармен көрсетілген құжатқа олардың қосылуы туралы мәселелерді қарастыру туралы тапсырма берілді. Сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігіне су мәселесі бойынша халықаралық және аймақтық конференциялар, семинарлар, симпозиумдар жүргізу бағдарламасына аталған ұсыныстарды енгізу туралы мәселені қайта қарауға жіберілді [3, с. 22].

«Арнайы экологиялық талаптар және Каспий қорық аймағындағы және Каспий маңындағы өңірлердегі шаруашылық қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар» жобасы әзірленді, алайда Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалар шеңберінде жүргізілетін Каспий теңізі қорық аймағын аймақтандыру нәтижесі есебінен оны іске жарату туралы шешім қабылданды.

Ғылыми бюджеттік бағдарламалар шеңберінде Атырау және Маңғыстау облыстары шегінде Каспий теңізі жағалауының қазіргі заманғы экологиялық жағдайын мамандандырылған өрістік экологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізілуде. Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде әскери-ғарыштық және сынақ полигондарының экологиялық жағдайының мониторинг жүйесін жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Экологиялық қауіпсіздікке

жету жағдайы жергілікті экологиялық проблемаларды шешу болып табылады.

Осы үшін радиоактивті көздерді түгендеу және радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу және көму бойынша мамандандырылған ұйымдастыруды жасау бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 пайызы суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады [4].

Өндіріс және тұтыну қалдықтарына, Арал теңізіндегі Возрождение аралы аумағын бактериологиялық залалсыздандыру зерттеулерін жүргізуге басты назар аударылуда.

Адамзат жаңа ғасыр табалдырығын аттар алдында өткеннен қорытынды шығара отырып, өркениеттің жетістіктерін мойындай отырып, болашаққа көз жүгірте отырып, экологиялық проблемалар ғаламдығын тани алады, тұрақты даму жолындағы оларды шешу мен алға жылжу есебінен өз қызметін жоспарлай алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Денисов В.В., Денисова И.А. и др. Основы инженерной экологии. Ростов на Дону: «Феникс», 2013. – 623 с.
2. Коробкин В.И. Экология. Ростов на Дону: «Феникс», 2014. – 610 с.
3. Доклады Министерства охраны окружающей среды РК «О состоянии природной среды РК» 2000-2012 гг. Алматы: Атамура, 2012. – 305 с.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» // Казахстанская правда, 2014, 18 января.

А.Т. Такибаева
Қарағанды техникалық университеті
химия және химиялық технология
кафедрасының доценті, х.ғ.к.
e-mail: altynarai81@mail.ru

АЖЫРАМАС ҚАУІПСІЗДІК КОНТЕКСІНДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ АНТИЯДРОЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

Қазақстанның бастамасымен 29 тамыз күні 2009 жылдан бастап бүкіл әлем Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күнін атап өтеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының 64-сессиясында Қазақстанның осы күнді енгізу туралы ұсыныс жасады және консенсус мұны қабылдады.

Хельсинки қаласында, 2014 жылғы 18-19 қазанда «Ядросыз жол: Ядролық қарусыздандудың мысалдары» тақырыбындағы халықаралық конгресте Қазақстанның ядролық қарусыздану тарихы мен Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қазіргі заманғы ядроға қарсы бастамалары, оның ішінде «АТОМ» жобасы ұсынылды [1].

Конгресті «Әлем дәрігерлері ядролық соғыстың алдын алу үшін» халықаралық қозғалысының қолдауымен «Финляндия дәрігерлері әлеуметтік жауапкершілік үшін» деген ұйымымен бірге бейбітшілік үшін Халықаралық бюросы ұйымдастырды.

Онда таратпау мен қарусыздандыру саласындағы үздік сарапшылар, дипломаттар, 20-дан астам елдің халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері қатысты.

Конгреске қатысушылар Президент Н. Назарбаевтың ядролық қарудан босаған Орта Азияда аймақты құруды, БҰҰ шеңберінде Жалпыға ортақ ядросыз әлем декларациясын қабылдау, Ядролық қаруды таратпау туралы шартын жанжақтандыру мен Ядролық сынақтарға тегіс тыйым салу туралы шартының тез арада күшіне енуін қамтамасыз ету туралы ұсыныстарымен бірге ядролық қарусыздандыру және таратпау саласындағы бастамаларымен қызыға танысты. Осыған байланысты қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан «АТОМ» жобасы атты халықаралық бастама ерекше қызығушылық тудырды.

Фредерик де Клерктің айтуынша, халықаралық қауымдастықтың шоғырланған күші мен ядролық қаруға иелік жасаудан бас тартқан мемлекеттердің белсенді атсалысуы ғана ядролық қарусыздану ісінде ілгерілеуді қамтамасыз ете алады.

ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар бойынша елшісі Роман Василенко өз кезегінде Қазақстандағы кеңестік ядролық сынақтардың трагедиялық мұрасы мен тәуелсіз мемлекеттің ядролық қарусыздану тарихы туралы айтып, елдің ядролық қарусыз болашақ пайдасына қарай жасаған түбегейлі

тандауын және Президент пен Қазақстан халқының саяси ерік-жігерінің көрінісін ерекше атап өтті.

Семей полигонындағы ядролық қару сынақтары тарихымыздағы ең қайғылы беттердің бірі болып қала береді. Семей ядролық сынақ полигоны әлем бойынша ең ірі болды, мұнда 500 ядролық жарылыс болса, оның ішінде 70-тен астамы ауада жарылған. Бұл сынақтардың салдары әлі күнге дейін білінеді. Орасан зор аумақтың шаруашылық айналымы істен шықты, көптеген адамдар радиация әсерінен зардап шекті, ал оның әсері келер ұрпаққа да әсерін тигізуде. 1949 жылғы 29 тамызда Семей полигонында атом бомбасын алғаш рет сынау жүргізілді, 1954 жылғы 12 қыркүйекте термоядролық құрылғы, ал 1955 жылғы 22 қарашада сутек бомбасы сыналды [2].

Әрине, алғашқы онжылдықта тұрғындар қазақ жерінде қаншалықты қырғынға ұшырататын қару сыналып жатқанын, оның әсерінің қандай болатынын білмеді. Уақыт өте келе, қазақстандық қоғамның ядролық қару жайында ақпараты молайған сайын, бұл сынақтарға деген жағымсыз көзқарас өрши бастады. 1989 жылғы ақпанда жер асты ядролық жарылысынан кейін ауаға радиоактивті бұлт көтеріліп, жақын маңайдағы ауылдарды басады. Міне, осы жағдай, біздің республикамызда ядроға қарсы ұйымдасқан қозғалыстың пайда болуына себеп болды. Дәлірек айтқанда, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше депутаты бұл сынақтарды тоқтатуды талап етті. Олар аз болса, талап қоюдан аянған жоқ. Ол кезде ядролық әлеуетті әрі қарай дамыту мен сынақтардың жалғастыруды ұстанған үлкен державаның Әскери-өнеркәсіптік кешеніне ешкім қарсы тұра алмады.

Біздің Тұңғыш Президентіміз – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы бола тұра, ядролық сынақтарды тоқтату туралы шара қолдануға тырысқанын айта кеткен жөн. Осылайша, 1989 жылғы 1 наурызда ол Семей облысындағы экологиялық жағдайды қадағалау жөніндегі Республикалық комиссия құрды, оның құрамына мемлекет қайтакерлері, ғалымдар мен дәрігерлер кірді. Сол жылдың мамыр айында Н. Назарбаев КСРО Халық депутаттарының съезінде сөз сөйлеп, өзінің ядролық сынақтардың жалғасып жатқанына алаңдайтындығын мәлімдеді. Оған дейін сондай дәрежеде болған ешбір басшы бұл шиеленіскен мәселе туралы жұрт алдында пікір білдірген емес. Ол алдыңғы буын өкілдері жасай алмағанды жасады.

1989 жылғы маусым айында КОКП ОК Саяси Бюросы «Семей полигонындағы жер асы ядролық жарылыстарға орай Қазақ КСР-нің жағдайы туралы» мәселені қарастырды. Президент Н. Назарбаев сынақтардың тоқтатылуы мен полигонның жабылуын талап етуден аянбады. 1989 жылғы қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі КСРО-ның одақтық Үкіметіне және Жоғарғы Кеңесіне полигондағы ядролық

жарылыстарды жедел түрде тоқтату туралы үндеумен барды. КСРО Министрлер Кеңесінде 1993 жылғы қаңтар айынан бастап Семей полигонында ядролық қару сынақтарын тоқтату туралы Қаулы жобасы әзірленді, бірақ бұған дейін тағы бірнеше жарылыс топтамасын өткізу қарастырылды.

1990 жылғы мамыр айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сессиясында Н. Назарбаевтың төрағалығымен КСРО Үкіметінен сынақтарды жедел түрде тоқтатуды талап ететін Қаулы қабылданды. Бұл талап сол жылғы маусым айында өткен Қазақстан Компартиясының XVII съезінде қолдау тапты. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік егемендік туралы декларация» қабылдады, онда Қазақстан аумағында ядролық қаруды жасауға және сынақтар жүргізуге тыйым салу туралы айтылды. 1991 жылы жазда Президент республиканың Жоғарғы Кеңесінің сессиясында полигонның жабылатындығын, барлық жауапкершілікті өзіне алатындығын мәлімдеді. Осылайша 29 тамызда Н. Назарбаев тарихи құжат – «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды [3, 2-б.].

2000 жылғы қыркүйекте, Нью-Йоркте БҰҰ мың жылдық Саммитінде сөз сөйлеген Н. Назарбаев Қазақстанның әлемде ең алғашқы болып өз еркімен ядролық қарудан бас тартқандығын және сондықтан барлық ядролық ірі мемлекеттерді ядролық қаруды жою жайында нақты қадамдар жасауға шақыратындығын мәлімдеді [4].

Ядролық қарудан бас тарту туралы шешім Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өз қызметінде стратегиялық тәртіптегі пікірлерді басшылыққа алатын жауапты көшбасшы болып табылатындығын бүкіл әлемге көрсетті. Ал сол кездегі ядролық арсеналды сақтап қалу қызығушылығын тудыратын – бұл 1216 ядролық оқтық, 240 қанатты ракета, стратегиялық бомбалаушылар болатын. Бұл арсеналға шет елдер көп көңіл бөлді. Сол кезде БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болған Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырда хабарлағанындай, 1992 жылдың басында Президент Н. Назарбаевтың атына Ливия революциясының көшбасшысы Муаммар Каддафиден хат келеді, ол Қазақстанда ядролық қаруды сақтап қалуға ұсыныс жасап, оны күтуге қажет қаражатты бөлуге сөз береді.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, ол әлемдегі қуаты бойынша төртінші орындағы ядролық арсеналға ие болды. Біз бұл қарудан ерікті түрде бас тартып, оны қатаң қауіпсіздік жағдайында Ресейге беру туралы шешім қабылдадық [5].

Бұл әрекеттер Қазақстанның сол саладағы көшбасшылығына негіз болды. Қазақстан әлі де қолданыста жүрген ядролық материалдардың санын одан әрі қысқарту мен оларды сақтау шараларын күшейтуге назар аударды.

Одан басқа, біздің заманымыздағы сын-қатерлер «ядролық клубтың» кеңейуін тоқтатуға жатады. Бейбіт ядролық технологиялардың дамуына бөгет жасамай, ядролық қаруды таратуды тоқтату туралы мәселені адамзат атом заманы басталғаннан бері шешуге тырысып келеді.

Бұл салада Қазақстанның бірегей тәжірибесі бар екені белгілі. Сынақтардың нәтижесінде жер қойнауында қалған плутоний мен жоғары байытылған уран Семей полигонының мұралық элементтерінің біріне айналды [6].

Уран өндірісіндегі әлемдік көшбасшы ретіндегі, ядролық объектерде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуде мол тәжірибесі бар Қазақстан бұл салада керемет ұсыныстар бере алады. Біз барлық ядролық державалармен де, атом технологияларын азаматтық секторда дамытуды жоспарлаған мемлекеттермен де жақсы қарым-қатынас орнаттық.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев заманауи реалияларды ескере отырып, ядролық қаруды таратпау тәртібін жаңғырту бастамаларын бірнеше рет ұсынды. Бірінші кезекте Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың симметриялы еместігінің орнын толтыру керек.

1991 жылғы 5 наурызда Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) қол қойған мемлекеттер оның 45 жылдығын атап өтеді, олардың арасында Қазақстан Республикасы да болады [7].

Таратпаудың бүгінгі режимі және Таратпау туралы шартқа мемлекет-қатысушылардың ядролық қызметі жөніндегі МАГАТЭ-нің (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің) сәйкес кепілдіктерінің практикада жүзеге асырылып қолданылуы «ядролық бестік» мемлекеттеріне елеулі экономикалық және технологиялық артықшылықтар береді.

Олар өздерінің ядролық секторлары туралы мәліметтерді ерікті түрде жариялайды. Оларға бұл коммерциялық қызығушылығы бар ғылыми және технологиялық әзірлемелерді сақтауға, ядролық сектордың жеке бағыттарын және МАГАТЭ кепілдік жүйесі арқылы маңызды ақпаратты дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Шарт бойынша өз мойнына міндеттер алған және өздерінің бейбіт ядролық әрекетін толық қамтитын кепілдіктерді қолданатын басқа мемлекеттер барлық ядролық бағдарламалар, атом саласын дамыту жөніндегі зерттеулер мен жоспарлар бойынша толық әрі егжей-тегжейлі ақпаратты он жыл бұрын береді. Көптеген мемлекеттердің осындай теңсіздік жағдайына наразы болуы толық түсінікті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы «ядролық бестік» мемлекеттеріне жыл сайын әлемдік қауымдастық алдында ядролық қарусыздану міндеттерінің орындалуы туралы есеп беруді бірнеше рет ұсынды.

Ақпараттың нәзіктігін ескере отырып, комитеттің жыл сайынғы мемлекеттердің есебі тыңдалатын отырыстарын жабық тәртіпте өткізуге

болар еді. Алайда міндеттердің жалпы орындалу жағдайын көрсететін қорытынды құжат БҰҰ мүшелігіндегі барлық мемлекеттер үшін жариялануы керек.

Қазақстан 5 жылдан астам уақыт бойы МАГАТЭ-мен бірге өз аумағында Халықаралық төмен байытылған уран банкін (ХТБУБ) құру туралы жобаны әзірлеп келеді [8].

11 маусымда МАГАТЭ Басқарушылар кеңесі Өскемендегі Үлбі металлургиялық зауытында ХТБУБ орналастыру туралы Қазақстанмен келісімді, сонымен бірге РФ-мен транзиттік келісім бекітті. Бұдан кейін тағы да бірқатар заңды процедуралар күтілуде, дегенмен құжатқа қорытынды қол қоятын күн де алыс емес. Бүгінгі таңда әлемде Қазақстанның ядросыз қару әлемін жақындату тәжірибесін қызығушылықпен зерделеуде. Біздің елімізді басқаларға үлгі етеді: ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, қалған әлеммен бейбіт қарым-қатынас орната отырып, Қазақстан өзінің ядроға қарсы бастамаларын тоқтатқан емес. Мемлекетіміздің Президенті Н. Назарбаевтың сөзімен айтатын болсақ, 1991 жылғы 29 тамызда Семей полигоныны жабылғанда, «жаһандық ядролық тарихтың жаңа дәуірі басталды»: «Әлем ерікті, саналы және заң актілеріндегі біржақты тәртібіндегі, қиямет күнгі қаруды заңға жатпайтын кесімді мысал алды. Қазақстанның жасаған бұл қадамының маңыздылығы сонша, кеңістік пен уақытта шынымен шексіз болды».

Бүгінде Қазақстан әлемді барлық адамзат үшін қауіпсіз еу үшін күресіп келеді. Мұндай қауіпсіздік негіздерінің бірі болып табылатын Ядролық сынақтарды тоқтату туралы Шартты күшіне енгізу жолында Қазақстан бірнеше жыл бойы күресіп келеді. Сонымен бірге қазақстандық дипломатияның ойынша, Ядролық сынақтарды тоқтату туралы шартты және оны құрайтын ядролық қарусыздану, таратпау және атом энергиясын бейбіт пайдалану сияқты бөлімдерді тиімді әрі үйлесімді жүзеге асыруға ұмтылу керек.

Қазіргі уақытта, Ұлттық ядролық орталықтың деректері бойынша, Семей полигонында жер асты ядролық жарылыстар кезінде бқлінетін өнімдер аккумуляциясына байланысты аумақтың ластануының екінші реттік әсері және олардың топырақ, еріген қар мен жаңбыр суы ретінде шығарылуы байқалады. Семей өңірі полигон әсерін сипаттайтын денсаулық пен ауру-сырқау жағдайының негізгі көрсеткіштері бойынша өңірдегі ең нашар аймақтардың бірі болып табылады. Полигон аумағында Ұлттық ядролық орталық мекемелері радиоэкологиялық жағдайды нақтылау және оның тұрғындар денсаулығына тигізетін әсерін бағалау бойынша зерттеулер жүргізді. Сәулеленудің сумаалық мөлшері мен сәулеленген контингент санын негізге ала отырып, жеке назологиялық факторлардың ауру-сырқауға және демографиялық жағдайға тигізетін әсерін талдау арқылы жүргізілген ядролық сынақтардың тұрғындар денсаулығына жағымсыз ықпалының қатерін бағалауға мүмкіндік беретін

әдістеме бар. Сәулеленудің төмен мөлшері төмен нәтиже береді, ол жеке тұлғаның бойынан табылмайды, алайда оны ұжымдық мөлшерде болжауға болады. Қатерлі ісіктер мен туа біткен ауру түрлерін бүгінгі таңда болжанатын нәтиже ретінде таниды. Аз мөлшер иммундық жүйенің шаршауын, тұрғындар арасындағы сәулеленген бүкіл топтың иммунитетінің төмендеуін тудырады. Бұл барлық нозологиялық формалар бойынша аурудың өсуіне және демографиялық көрсеткіштердің төмендеуіне әкеледі. Бүгінгі күні радионуклидалармен ластанған аумақтарды оңалту мен радиоактивті қалдықтарды жою мемлекет үшін өте маңызды мәселелер болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың қатысуынсыз бұл мәселелерді шешу мүмкін емес. Сонымен қатар Қазақстанда орын алған радиоэкологиялық жағдай көптеген радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу мен олардың нәтижелерін практикалық тұрғыда жүзеге асыру үшін бірден-бір мүмкіндік береді [9, 28-б.].

Жер бетіндегі барлық адамдар күшін біріктірмей ядролық әлемге жол бастау қиын. Ядросыз әлем – бұл біздің мақсатымыз, бұған біздің ғаламшар ұмтылу керек. Қазақстанның бейбіт күшінің арқасында Семей полигоны «бейбітшілік аумағына» айналды. Мұнда Ядролық сынақтар мониторингі мен инспекция әдістері халықаралық жүйесін дамыту бойынша жобалар жүзеге асырылады. Медицина, ядролық физика және радиациялық технологиялар саласында халықаралық ынтымақтастық дамып келеді. Жердің құнарлылығы мен радиациялық ая қалыпқа келуде.

2010 жылғы сәуірде Вашингтонда болған Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитке 47 мемлекеттің өкілі, сонымен бірге БҰҰ, МАГАТЭ және Еуроодақ өкілдері қатысты. Бұл шараның қорытынды құжаты төрт жыл бойы ондаған мемлекетте барлық ядролық материалдарды қауіпсіздендіруге бағытталды [10, 8-б.].

Басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық құра отырып Қазақстан соңғы жылдары ядролық қауіпсіздік аясында ұлттық шаралар мен бастамалар кешенін жүзеге асырды.

Біздің Президентіміз ядролық қаруды тараптпау мен қысқарту жолында өз ұстанымында қалады, сонымен қатар «бейбіт атом» үшін күреседі. Ядролық энергетикаға қатысты әр түрлі конъюнктуралық үрдістерге қарамастан, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болашақ атомдық электр станцияларында деп санайды, сондықтан Қазақстанда бұл бағытта үлкен жұмыс атқарылып келеді. Сонымен қатар мемлекет Басшысы әр түрлі учаскелердегі нақты радиациялық жағдайды ескере отырып, бұрынғы Семей полигонының аумағын шаруашылық тұрғыда игере бастауды қажет деп санайды. Қазақ ғалымдары зерттеулер жүргізіп жатыр, олар болашақта бұрынғы полигон жерін тиімді пайдалануға мүмкіндік

береді және біздің қоғамға ядролық сынақтардың салдарынан қажетсіз қорқыныштан құтылуға көмектеседі.

Сондықтан әлемдік қауымдастық Қазақстанның ядролық қаруды таратпау мәселелері жөніндегі көптеген бастамаларын белсенді қолдайды, ал БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік ядроға қарсы қозғалысқа басшылық етуі тиіс деп санайды.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://news.mail.ru/inworld/kazakhstan/politics/15291931//>.
2. <http://www.inform.kz/rus/article/2691664>.
3. Н.А. Назарбаева «Қазақстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 17 января 2014 г. // Казахстанская правда. 18.01. 2014 г.
4. <http://www.inform.kz/rus/article/2691664>.
5. <http://www.kazpravda.kz/rubric/politika/nursultan-nazarbaev-prizivaet-mirovih-liderov-ukreplyat-yadernuu-bezopasnost/>.
6. <http://www.kazpravda.kz/pdf/26032014064236.pdf>.
7. <http://bnews.kz/ru/news/post/256390/>.
8. <http://bnews.kz/ru/news/post/273530/>.
9. Кабрахманов К. Человеческие последствия испытаний ядерного оружия в Казахстане. – ТОО «Издательство Олке», 2013. – 335 с.
10. Лукашенко Р.С. Актуальные вопросы радиоэкологии Казахстана: Монография. Вып. 4. Т. 2. Сборник трудов Национального ядерного центра Республики Казахстан за 2011-2012 гг. Павлодар; Курчатов: «Дом печати», 2010. – 474 с.

Д.Е. Джакупова
экономика магистрі

А.К. Мубаракова
Қарағанды техникалық университетінің
Патриоттық тәрбие беру ҒЗИ әдіскері
e-mail: aigerim_mubarakova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамзат жаңа мыңжылдыққа аяқ басарда, өткенді саралап, болашаққа көз тастағанда, өркениет жетістіктерін мойындай отырып, жаһандық экологиялық мәселелерді түсініп, өз болашағын соларды шешу қажеттілігімен бірге жоспарлап, тұрақты даму жолымен алға басуды мақсат етеді.

Біздің республикамыздың көптеген өңірлерінде экологиялық жағдай тек қана қолайсыз емес, сондай-ақ, апатты.

Қоршаған ортаны ластайтын және табиғи жүйенің деградациясын туындататын негізгі қайнаркөз өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, автомобильді көлік және өзге де антропогенді факторлар болып табылады. Биосфера мен қоршаған ортаны құрайтын барлық компоненттердің ішінде атмосфера ең сезімталы болып табылады, оған ең алдымен тек қана газ тектес қана емес, сонымен қатар, сұйық және де қатты ластағыш заттар да түседі.

Адамзат атмосфераны мыңдаған жылдар бойы ластап келеді, алайда ол осы кезеңдер бойы пайдаланып келген оттың салдары мардымсыз болды.

Қазақстандағы атмосфераға жоғары уытты газ тектес және қатты заттардың үлкен көлемі бөлінуде. Егер де әртүрлі стационарлы қалдықтар бөлінуін салыстыратын болсақ, онда шамамен 50 пайызы жылу энергия көздері, ал 33 пайыз – тау және түрлі-түсті металлургия өнеркәсіптерінің еншісінде. Әртүрлі пооллютанттар шығарылуының көп көлемі Шығыс Қазақстанда – 2231,4 мың т/жыл, бұл Қазақстандағы жалпы шығарулардың 43 пайызын құрайды. Шығарылу бойынша екінші орында Орталық Қазақстан тұр – 1868 мың т/жыл немесе 36 пайыз. Ең аз атмосфера ластанатын Солтүстік Қазақстан – 363,2 мың т/жыл (7 пайыз) және Оңтүстік Қазақстан 415,1 мың т/жыл, яғни 8 пайыз. Ең мобилді, радиус әсері көлемі кең болып азот пен күкірт тотығы саналады.

Қазақстанда табиғи орта өте осалдау. Республика территориясын негізінен дала, шөлейт және шөл құрайды. Бірегей ішкі континентті теңіз бен көлдер бар, мысалға, Каспий, Арал, Балқаш, Зайсан, Алакөл.

Жыл сайын республиканың беткі су көздеріне 200 млн. м³ ластанған ағынды су шығарылады. Жер асты сулары ластануының 3 мыңнан астам ошақтары анықталған, олардың көлемдері бірнеше квадрат километрден жүздеген квадрат километрлерді құрайды.

Кен-металлургия кешені өнеркәсіптерінің қызметі салдарынан Қазақстан территориясында жыл сайынғы шамамен 1 млрд.т. түсімде 20 млрд.т. астам өндірістік шығарылымы жинақталған, оның ішінде 230 миллион тоннасы радиоактивті. Жалпы алынатын кеннің 95% қалдық болып шығады, көбінесе аса улы және сақтауға арналмаған жерлерге орналастырылады. Қолда бар статистика улы қалдықтардың артып келе жатқандығын көрсетеді, әсіресе Қарағанды – 29,4%, Шығыс-Қазақстан – 25,7%, Қостанай – 17% және Павлодар – 14,6% облыстарында. Сонымен қатар, ауыр металл мен мұнай өнімдерінен Қызылорда, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының жерлері ластанған. Бұл жерде лақтырылып тасталған және көмулі бұрғыланған шлам, төмен радиоактивті су көлемі, бұзылған жерлер аумағы бағалауға өте қиын.

Ақтау мен Каспий теңізіне де экологиялық қатер төніп тұр. Өндірістік алпауыт Прикаспий тау-металлургия комбинаты зауыттары (ПТМК) ағынды суды Ақтау қаласынан бір – екі километр жердегі шұңқырға ағызып отырған, соның салдарынан жасанды Қошқар-Ата көлі пайда болды. Бұл зауыттар негізінен уран байытумен айналысқан. Уақыт өте келе Қошқар-Ата көлшігінде Менделеев кестесіндегі барлық дерлік элементтер жинақталған. Оның ішінде радиоактивті және уландырғыштар да бар.

Қошқар-Ата көлі мен Каспий теңізін бір-бірінен ұзындығы 8 км. аспайтын жіңішке жағалық жолақ қана ажыратып тұр, сол себепті Каспийдің қалдық жинақталған Қошқар-Ата суымен ластану қаупі туындады.

Каспий ластануынан бөлек Мангышлак атом энергокомбинаты (МАЭК) Ақтау үшін судың бір бөлігін алатын, Күюлус техникалық суының бастау алатын жер асты суларының ластану қаупі пайда болды.

Жер асты суларының уландырғыш және радиоактивті заттармен ластануынан бөлек қалдық жинақталған Қошқар-Ата көлімен байланысты да бір мәселе бар. Қазіргі кезде бұрынғы ПТМК зауыттары тоқтап, су шығармауы салдарынан көл құрғап жатыр. Кепкен жағалауларда желмен айналаға таралатын улы шаң көтерілуде.

Маңғыстау экологтарының алдында күрделі мәселе тұр. Егер көлді бұрынғы деңгейінде сақтап тұрса, улы қалдықтардың Каспийге құйылуы мүмкін. Ал көлдің құрғауына жол берсе, барлық Ақтау мен Ақшұқыр елді мекенінің жерлері мен жайылымдық жерлеріне улы шаң тарайды.

Тұрақты түрде өсіп келе жатқан өндірістік кәсіпорындардың қалдықтары жаңа техногенді ландшафты құрайды, осы өсулер үйінділер қарқынды шаң тудырушы қайнаркөздерге айналуға.

Өндірістік қалдық шығару бойынша тау-кен өндірісінен кейінгі екінші орынды металлургия өнеркәсібі мен энергетика алып отыр. Тек қана Павлодар облысындағы Екібастұз СРЭС күл үйінділердің өзінде ғана 1,5 миллиард тонна қалдық жинақталған. Согринск СРЭС күл үйінділерінің Ертіс өзеніне қосылып кету қаупі де төніп тұр.

Өзінің металды сынап тұнбасымен белгілі Нұра өзенінің жағдайы да өте қайғылы жайт. Оған 20 жылдан астам уақыт бойы «Карбид» өндірістік бірлестігінің және Теміртау қаласының өзге де зауыттарының ағынды сулары мен Қарағандылық СРЭС-1 күлі тасталынып келеді. Күл ағынды судан сынапты сіңіріп, бүгінгі күні Нұра өзені ағысындағы 25 км. астам жерде құрамында сынап бар жаңа тұнбалы қалдықтар туындады. Нәтижесінде өзеннің барлық жүйесі қауіпті деп танылып, осы өзен жалғыз су көзі болып отырған Қорғалжың мемлекеттік қорығына да қатер төнді.

Ал енді тау-кен өнеркәсібі кешенінің аумақтық экологиялық жағдайларына келейік. Ауа бассейнін ластаушылардың негізгісі деп Балқаш тау-металлургиялық комбинатын (20%), БСАҚ «Испат-Кармет» (15%) тауға болады. Салалар бойынша белсенді ластаушылар болып қара (17%) және түсті (29%) металлургия, жылуэнергетика кәсіпорындары саналады. Ластаушы қайнаркөздердің айтарлықтай негізгілерінің бірі тау-металлургиялық және энергетикалық кәсіпорындардың үйінділері мен шлам жинақтары табылады. Бұл жағдайды көрнекілік түрде келесі диаграммада көрсетуге болады.

Аймақтық экологияны қалыптастырудағы тау-кен кәсіпорындарының әсер ету ерекшеліктері.

Аймақтардағы қоршаған орта жағдайына тек қана ресурстарды алу ғана емес, жер асты қойнауынан алынатын және орналастырылатын тау массасы, су-газдылық, пайдалы қазбалардың химиялық құрамы және т.б. әсер етеді. Минералды шикізатты ресурстарды алу және өңдеу экономиканың басқа салаларына қарағанда аймақ биосферасының барлық компоненттеріне әсерін тигізеді. Осы әсер етудің негізгі бағыттары келесі түрде көрсетіледі:

Аймақтың шикізатты алу және өңдеудің ауа бассейнін шаң және газбен ластауы;

Жер беті және жер асты суларының ластануы және тартылуы;

Жерлерді шаруашылық айналымнан алу және бұзу, сапасын төмендету;

Жер асты қойнау ресурстарының бүтіндігі мен генетикалық өзара байланысын бұзу;

Тарихи ластанулардың ұзақ уақыт бойы жинақталуы;

ТМК жаңадан түсіп жатқан қалдықтарының айтарлықтай үлкен көлемінің жинақталуы (қазіргі кездегі ластанулар).

Қазақстан ТМК құрылымында түсті және қара металлургия сынды салалар ерекше орынды иеленеді.

Аймақтың қоршаған ортасына қара металлургияның тигізетін әсерін қарастырайық. Қара металдарды өндіру әртүрлі фазадағы қалдықтар көлемін бөлу негізінде жүргізіледі: зиянды газдар мен шандарды, шлактарды, қабыршақтарды бөлу, отқа төзімді материалдарды сындыру және ағынды су. Атмосфераны ластаудың негізгі қайнаркөздерінің біріне жентек пен агломераттарды, коксохимиялық, агломерациялық, доменді және өзге де өндірістерді өндіру жатады. ТРҚОҚМ мәліметтеріне сүйенсек, биосфераны ластау қара металлургия кәсіпорының әсер ету аумағындағы жел режиміне байланысты 30-50 км радиусты құрайды. Әр тәуліктік шаң түсуі 1 км² аумаққа 5-15 кг құрайды. Мұндай кәсіпорындарға үлкен көлемде суды пайдалану тән, мысалға 1 т болат прокатына су шығыны 180-200м³ құрайды. Көптеген кәсіпорындарда қосымша сала ретінде су қоймасы айналымы жобасы енгізілген, алайда шығарылып тасталатын ағынды су көлемі әлі де болса өте көп. Ағынды сулар құрамында органикалық және минералды негіздегі қоспа бар: металдар гидрооксиді, тұрақты және ұшатын мұнай өнімдері, еріген уландырғыш қосылыстар және басқалар. Бізге белгілісі, ірі металлургиялық кәсіпорындар 1000 га жуық жерді шеттейді, ал тау жұмыстарымен бүлінген және күл, қалдықтар үйілген жерлер көлемі 130 мың га дейінгі жерді алуы мүмкін. Қара металл өндіруге үлкен жер көлемінде айтарлықтай зор көлемде, қатты өндірістік қалдықтар жинақталу тән, бұл топыраққа, биосфераға, су ұңғымаларына және аймақтың ауа бассейніне кері әсерін тигізеді. Металлургиялық кәсіпорындардың әрекет ету аймағында жасанды техногенді территориялар қалыптасады, ал оның компоненттерінде өте қауіпті зиянды заттар – қорғасын, сынап және т.б. ықтимал мөлшерден асып кететін металдар.

Түсті металлургия кәсіпорындарының қалдықтары аршылған кірістіру жыныстары, соңы байытылған, металлургиялық шептегі шлак, күлді шлакты қалдықтар, қоқыр, ағынды су түрінде көрсетілген. Статистика агенттігінің мәлімдеуі бойынша ҚР аршылған таулы жыныстар шамамен 17-20%, байыту-10-12%, доменді өндіріс шлагы – 75%, ферро қорытпалы шлак – 45%, болат балқу шлагы – 16% құрайды. Қатты өндірістік қалдықтар келесі түрде бөлінеді: Қарағанды облысы – 5,4 млрд тонна, Павлодар – 4,9, Шығыс - Қазақстан – 1,42, Оңтүстік - Қазақстан – 180 млн тонна, Жамбыл – 58,12, Маңғыстау – 57,68 т. Тау-металлургиялық өндіріс қалдықтарын аршу жұмыстары арқылы пайдалану, техникалық этапты рекультивацияны жүзеге асырғанда шамамен 20-25% құрайды. Бұл әрине тарихи ластануы бар аймақтың экологиялық мәселесін шешу үшін жеткіліксіз, утилизацияланбаған өндірістің қатты қалдықтарына тұрақты өсу тенденциясы тән. Аймақтарда экологиялық мәселенің шиеленісуі қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған қалдық жинақтаушылардың артып кетуімен, олардың үстіңгі бетті ластауымен және т.б. белгіленеді, ал жаңа

қалдық жинағыштар салынбаған. Республикада тау және өндіру кәсіпорындарының қалдықтары үйінділерінің аумағы 21815 млн м³ жеткен. Егер осы облыстардың аумағы 170783,3 мың га. құрайды десек, онда жердің 14,6% қалдықтардың астында жатыр. Түсті және асыл металдарды алу және өңдеу кәсіпорындарының жинақталған қалдық үйінділері көлемі 2512 млн. м³ болатын 9,2 мың га. жерді алып жатыр. Түсті металлургия қалдықтарымен үлкен көлемде жері ластанған облыстарға Шығыс-Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстары жатады. Олардың жалпы көлемі 80171,8 мың га. жерді құрайды. Бұдан шығатын қорытынды, біздің есебіміз бойынша 11,5% болады.

Атмосфераның аэрозольді ластануы. Аэрозоль – ауада ілініп тұратын сияқты күйдегі қатты немесе сұйық бөлшектер. Аэрозольдің қатты бөліктері ағзаға айтарлықтай қауіпті, ол адамдарда біршама аурулар тудырады. Атмосферада аэрозольді ластанулар түтін, тұман немесе бу түрінде қабылданады. Аэрозольдердің айтарлықтай бөлігі атмосферада қатты немесе сұйық бөлшектердің немесе олардың су буымен әрекеттесуі негізінде туындайды. Аэрозольдердің орташа мөлшері 11-5 мкМ құрайды. Жер атмосферасына жыл сайын шамамен 11 куб км. Жасанды түрдегі шаң тектес бөлшектер түсіп отырады. Шаң тектес бөлшектердің көпшілігі сондай-ақ, адамдардың өндірістік қызметі негізінде пайда болады. Жасанды аэрозольді ластағыштардың негізгі қайнаркөздерінің бірі болып күлі көп көмірді пайдаланатын ЖЭС, байыту фабрикалары, металлургиялық, цементті, магнезитті зауыттарды пайдалануы табылады.

Жер бетіндегі барлық тіршілік иелері үшін ауаның маңызын айтып жеткізу мүмкін емес. Адам тамақсыз 5 апта, сусыз 5 күн, ал таза ауасыз 5 минут қана шыдай алады.

Атмосфераның ластануы ел тұрғындарының шамамен жартысы тұратын ірі қалалар мен өндірісті агломерацияларға тән.

Ең ластанған қалалар тізіміне 10 қала енгізілген, оның 8-і ауаның жоғары деңгейде ластануымен ерекшеленеді. Қалалардағы ауаның жоғары деңгейде ластануының себебі өндірістегі ескірген технология, тиімсіз тазалағыш құрылымдар, пайдаланатын жағармай сапасының төмендігі, өңделіп отыратын қайнаркөздерді әлсіз пайдалану және энергияның дәстүрлі емес көздері. Ірі қалаларда автокөліктер санының күрт артуы көмірқышқыл оксиді мен азот диоксидінің концентрациясын арттырып отыр. Олар Алматы, Өскемен, Шымкент, бұл қалаларда жыл сайынғы концентрация шамадан тым асып кеткен.

Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайы өте төмен деңгейде, кейбір өңірлерде оны тіпті апатты деп те айтуға болады. Табиғатты қорғау қызметіне өте аз қаражат бөлінеді. Жаңа құрылғылар орнатылмаған, әртүрлі тазалық шаралары өте сирек жүргізіледі. Сол себепті республикадағы экологиялық жағдай төмендеп келеді.

ҚР тау өндірісті өңірлері осы өңірде тау-металлургия ұзақ уақыт бойы дамытылуы негізінде шекті экологиялық мөлшер шамадан асып кеткен аймақтарға жатады. Жинақталған және утилизацияланбаған қалдықтар үстіне қазіргі кезде үсті-үстіне қалдықтар жинақталуда. Бұл экологиялық жағдайды шиеленістіріп, өмір сапасын төмендетуде. Аймақтарда өндірістік қалдықтарлы есепке алатын, тарихи және қазіргі ластануларды міндетті дифференциациялайтын, жүйелендірілген статистика қажет. Тау ісінің бұрынғы қызметінің қалдықтарын утилизациялау, оқшаулау және залалсыздандыру ерекше методикалық тәсілді қажет етеді.

Ауа бассейнінің ластануы сонымен қатар, көмірсутекті шикізаттардың жаңа орындарын игеру мен ескілерін құрастырумен байланысты. Ол өз кезегінде атмосфераның күкіртсутегі мен меркаптанмен ластануына әкеледі. Жол бойы газының факелын жағу атмосфераға көптеген мөлшердегі жылыжайлық газ, күкірт пен азот оксиді бөлінуіне әкеледі. Бұл жерлерде көп мөлшердегі жылу фоны қалыптасады. Соңғы он жылдықта экология жер бетіндегі әйгілі сөзге айналды. Қазіргі таңда экологиялық мәселе әркімге болса да қатысты екені ешкім үшін жаңалық емес. Сол себепті қоршаған ортаны қорғау біздің мемлекетіміз үшін өзекті мәселелердің бірі.

Д.Е. Джакупова
экономика магистрі

А.К. Мубаракова
Қарағанды техникалық университетінің
Патриоттық тәрбие беру ҒЗИ әдіскері
e-mail: aigerim_mubarakova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адам байырғы заманнан қоршаған ортаға әсер етеді. Осының нәтижесінде адамның жан-жақты көп ғасырлы қызметі қазіргі топырақ және өсімдік жабынын, әуе және ауыз су (су) ортасына, жануарлар әлеміне терең із қалдырды. Адам жаңартылмайтын табиғи ресурстарды тоздырады және жаңартуға болатын элементтердің өнімдеріне қауіп төндіреді. Одан оның биологиялық және әлеуметтік феномен ретінде тіршілігі мен ақыл-ойының дамуы тәуелді болатын табиғи ортаны өзгертеді. Қоршаған ортаның ластануы өткір және қорқынышты сипатқа ие.

Мұнай және газ өнеркәсібі инвестиция көлемі бойынша өнеркәсіп саласы арасында бірінші орынға ие. Бұған қарамастан мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеудің негізгі аудандарында – Атырау мен Маңғыстау облыстарында – жұмыстар мешеу технологияларды, ескі жабдықтарды қолдана отырып жүргізіледі, бұл апатқа және мұнайдың жылыстауына әкеліп соғады.

Соның нәтижесінде Батыс Қазақстанда мұнай ластануының жалпы ауданы 194 мың. га құрайды, ал, төгілген мұнайдың көлемі - 5 млн. т. астам.

Бүгінде мұнай кәсіпорнындағы қалдық өндіріс проблемасы өткір. Мұнайды өндіру артқан сайын жаңа проблема пайда болды – ол күкірттің көп көлемде жинақталуы. Мысалы, Теңіз кен орнының өзінде 7 миллион тоннадан астам. Бұл күкірттің қоршаған ортаға әсерін бағалау әлі жүргізілген жоқ, тек бүгінде одан әрі шетелге сату үшін күкіртті түйіршікке қайта өңдеу бойынша жұмыс басталды.

Жылдар және он жыл өтті. Бірте-бірте мұнай экономикалық субстанциядан саясатқа айналды. Континенттің жан-жағына болатын жалпы әлемдік әсері осында Еуразия орталығында тынымсыз шоғырланды. Саясат болжап болмайтын халықтық соттың төрешісіне айналды. Оған мысал – Каспий теңізі құқықтық мәртебесі төңірегіндегі соңғы оқиғалар.

Мұнайды шексіз алуға болмайтындығы белгілі, алайда уақыт өте келе қабат қысымы түседі, ал, мұнай басқа да кендер сияқты қатталып түзіледі. Мақат – Эмбаның ежелгі мұнай кәсіпорыны, онда мұнайды 50 жылдан астам өндіруде, бірақта өндіру деңгейі төмендемейді. Мақат мұнайы

жанармай мен жағармайлардың жоғары сұрыпты түрлерін береді. Құлсары кен орынында мұнайдың 40% өндіріледі. Бұл ірі кен орны, онда шапшып атқылайтын ұнғымалар жұмыс істейді. Мұнайды атқылап өндіру ең арзан және жоғары өнімді. Мұнаймен бірге ауаға газ да атқылайды. Он шақырым бойына кейде жалынды факельдер көрінеді. Мұндай газдың бөлігін тұрмыстық мақсатта қолданады, бірақта көп жағдайда ол жоқ болып кетеді. Газдың аса мол қоры жоғалмас үшін, қазіргі таңда тозған қатқа газды кері тартып шығару әдісі қолданылады. Бұл үдемелі әдіс газды болашақта сақтауға және бір мезгілде қоршаған ортаны зиянды қоспалардан тазартуға мүмкіндік береді. Каспий жағалауында тұратын қазіргі заманның адамы, түсініксіз қиырлықпен табиғатпен жасалған заңдарға, оларды өздерінің қажеттіліктеріне жаратудың орнына қарсы күрес жүргізеді.

Қазақстанның Каспий маңы проблемалары барлық Каспий секторының жалпы негізгі проблемаларының бөлігі болып табылады. Оларды шешу үшін биоресурстар мен көмірсутек шикізатын үйлестіріп қолдану бойынша қазіргі заманғы шаралар қажет. Қазақстан халықаралық каспий экологиялық проблемаларының 5 бөлігінің бірі болып табылады. Осы ұзақмерзімді бағдарламаның мақсаты Каспийдің сезімтал экологиялық жүйесін сақтау және қалпына келтіру болып табылады. ҚР белсенді ұстанымы басқарушы комитеттің қызметі үшін Қазақстанға жауапкершілік артқаны көрініс береді.

Каспийде 1989 жылғы Аляскадағы Вильям принцінің шығанағында Эксон Вальдес мұнай танкері су астындағы рифке соғылып болған апат сияқты үлкен экологиялық апаттар болған жоқ. Онда теңізге шамамен 240 мың мұнай баррелі төгілді, 1600 км жағалық сызықтың, соның ішінде 3 ұлттық саябақтың және 5 қорықтың ластануына әкеліп соқты. Апат салдарын жою бойынша шараларға қарамастан, табиғатқа түзелмейтін зиян келтірілді. Каспийдегі мұнайды өндіру проблемалары көңіл алаңдатарлық. Танкерлерді жуу кезінде, теңіз мұнай өндіруші платформалардағы апат кезінде, оны тасымалдау барысында теңізге мұнай қалдықтары тасталады. Судың беткі қабатына жұқа қабықпен мұнай дақтары төгіледі. Бұл Каспийдегі бекіре тұқымдас балықтар санының азайуына және Каспийдегі итбалық пен құстардың жаппай қырылуына әкеліп соқты.

Сондай-ақ, факельдегі ілеспе газды жағу практикасы едәуір экологиялық және экономикалық зиян келтіреді. Жоғарылатылған жылу фоны және газдың жануы кезінде кен орны маңындағы қоршаған орта компоненттерінің қышқылдануы аудандардың мұнай кешендері маңындағы топыраққа, өсімдікке, жануарлар әлеміне жағымсыз әсер етеді. Газдың қайтарылмайтын шығындары жылына 740 млн. м³ құрайды. Теңіз мұнай-газ кен орны (облыстық көрсектіштерден 6 есе жоғары)

аймағындағы тұрғындарының атмосфералық ауаның күкірт және азот диоксидімен ластануынан ауру-сырқауының артуы байқалған.

Каспий деңгейінің көтерілуі нәтижесінде 200 құбырлар мен мұнай кен орындары, соның ішінде ірі - Қаламкас және Қаражанбас кен орнындарын су басып кетті, осы жағдай тек биологиялық әртүрлілікке (Каспийде әлемнің бекіре балықтарының 90%, орнитофауна түрлерінің үлкен саны, эндемик - каспийлікитбалық шоғырланған) ғана емес, және де Каспий теңізінің барлық экожүйесіне әсер етеді. Кейінгі 10 жылда кәсіптік балықтарды аулау 10 есеге қысқарған.

Мұнай өнімдерімен және мұнай кәсібінің ағын суларымен ластану қарашірік жағдайына, қышқылды-сілтілік тепе-теңдігіне, азот және фосфор қозғалмалы формаларының құрамына, топырақ су сүзіндісінің химиялық құрамына және кен орындарының жоғарғы беттерінде жер асты суы тұзды құрамына әсер етеді.

Мұнайды өндіру. Кен орындарын пайдаланумен қатар жүретін химиялық ластанудың барлық түрлерінің ішінде атмосфераға мұнай көмірсутектерінің шығарылуы және ағын суларға сырғуы аса қауіп төндіреді. Сонымен бірге, атмосфераға шығарылатын көмірсутектер 48%, көміртек тотығы 33% және қатты қалдықтар 2% құрайды. Факелдерде жыл сайын шамамен мұнай газының 7,1 млрд м³ жағылады.

Мұнай кен орындарын пайдалану кезінде ілеспе газдарды көбінесе метанды, азотты, оттекті және көміртектің қостотығын жағу нәтижесінде атмосфераға жылулық әсер ету орын алады. Көмірсутектер аймақ өңіріндегі энергия шикізат балансында басым роль атқарады. Соңғы және басқа ілеспе газдардың шығып кетуі техногенді жүктеме түсетін, барлық қоршаған ортаның ауысуына әкеліп соғады. Озон қабатының нашарлауы жалғасуда. Тропосфераның жерге жақын қабатында жылыжай эффектісінің көрінуі газ тәрізді көмірсутектердің және су буының әрекетімен шартталған. Тропосфераға лас заттардың шашырап таралуы биосфераның сапасына кері әсер етеді. Ауа бассейнінің ластану процесі тропосфераның төменгі және ортаңғы биіктіктеріндегі төмен түсетін биіктіктермен байланысты. Оларды түсіру және жайылу тәсілдері мен масштабтары типтік синоптикалық процестерге айтарлықтай тәуелді.

Ұңғыманы пайдалану кезеңінде уақытша техногенді ағындардың орталықтары қызмет етеді, олар апат жағдайында, жөндеу жұмыстары кезінде және де ұңғыма жұмысын бұзатын басқа да себептердің салдарынан туындайды. Техногенді ағындардың құрамына кіретін негізгі заттар, ол құрамында ерітілген газ және азған жоғары минералданған қабатты суы бар мұнай ретінде болып келетін қабатты сұйық болып табылады.

Ұңғымадағы техногенді ағындар жерді, беткі және жер астындағы суларды ластай отырып, топырақ және су биоценоздарын бұзады.

Каспийдің солтүстік-батыс жағалық аумақтарында, Тенгиз және Прорва кен орындарында мұнайды өндірудің игерілуі мен дамуына байланысты экожүйе қазақстандық мұнайы өте бай күкірт және құрамында күкірті бар қосылыстармен ластануға ұшыраған.

Мұнайды тасымалдау кезінде экологиялық қауіптіліктің негізгі түрлері теңіз бойынша тасымалдау және құбыр желілерінің жарылуымен байланысты. Осы құбыр желілері көп бөлігі өте ұзақ уақытта пайдаланылған және сапалық жағынан ескірген. Қазақстанда мұнай желілеріндегі апаттардың саны жылына 500-700 оқиғаларға дейін жетеді, әртүрлі бағалаулар бойынша осы апаттардан болатын шығындар 1,5 млн т мұнайды құрайды.

Мұнайдың және мұнай өнімдерінің ағып кетуі жағдайында топырақ және өсімдік қабатына ең негізгі әсер топырақтың және өсімдік қабатының фитомассасының биологиялық өндірімділігінің төмендеуіне әкеледі. Мұнайдың 12 л/м² көлемінде ағып кетуі жағдайында жер бөлігіндегі өсімдіктер фитомассасының 3 жылдан кейін 74%-ға төмендеуіне, ал 25 л/м² кезінде – бір жыл ішінде 90%-ға төмендеуіне әкеледі. Солтүстік бөлік жағдайлары үшін топырақтың мұнаймен ластануынан кейін өсімдік қабатының өздігінен қалпына келу периоды 10 жылдан 15 жылға дейін. Құбыр желілерінің жарылуымен болған апаттан кейін бірнеше жылдан соң мұнаймен ластанған жерді зерттеу кезінде мұнай 1 метрден көп тереңдікте табылған.

Аса қауіпті автокөлік және темір жолдары, өзен, көлдер арқылы өтетін орындардағы магистралды мұнай құбыры болып табылады.

Осыдан басқа, мұнай көмерсутектерімен ластану өрісі қайраң суларда, мұнайды тасымалдау және қарқынды кеме қатынасы аумақтарында қалыптасады, мұхиттардың ауқымды айдындарын қамтиды. Солтүстік Каспийде мұнай өнімдерімен ластану мәселесі өте өткір, себебі оның айдынында мұнайды өндіру кешенінің жабдықтары мен жүйесінің жетілдірілмегендігінен, сонымен қатар, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін танкерлермен тасымалдау көлемі ұлғаюынан мұнай дақтарының үлкен массаларының жүйелік жинақталуы байқалады.

Мұнай өнімдерін пайдалану. Қатты ластану мұнай өнімдері мен газдарды тарату және сақтау, тасымалдау кезінде болады. «Алтын мұнай өнімдері» АҚ мұнай базасының зиянды қалдықтарының атмосфералық ауаны ластау деңгейінің сандық сипаттамасын келтірейік. Ластау көздерінің негізгі техникалық көрсеткіштері анықталған. Ластаушы заттардың жылдық (607,17 т, соның ішінде 293,9 т – көмірсутектер жұбы) және максимал (103,9 және 97,65 г/с сәйкес) қалдықтары белгіленген.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес адамдар үшін химиялық өндірістің объектілері немесе атом станциялары қаншалықты қауіпті болса, автокөліктерден шығарылатын газдар соншалықты қауіп төндіреді. Біздің елімізде антидетонациялық қоспа ретінде тетраэтилқорғасыннан

тұратын бензинді пайдалану жағдайы тереңдей түсуде. Батыстың дамыған көптеген елдерінде оны пайдаланудан бас тартқан, себебі қорғасын адамның жүйке жүйесіне, репродуктивті қызметіне қайтымсыз әсер етеді, балалардың ақыл-ойының дамуын тежейді, қан қысымының артуына әсер етеді.

Мұнай-газ кешенінің үлесіне атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтар көзінің 70% және олардың көлемінің шамамен 2/3 жатады. Есептер көрсеткендей, азот тотығы мен көмірсутектер ластану көзінен 1-2 км. шегінде шекті ұйғарынды концентрацияға дейін шашырайды, ал атмосфераның жерге жақын қабатындағы шашырау зонасы 5-8 км. жетеді. Атырау облысында газ өндіру бойынша ірі кәсіпорындардың бірі «Жайықмұнай» МГӨ болып табылады, оның құрамына бірнеше мұнай кәсіпорындары кіреді.

Соңғы жылдары Каспий маңында жалпы мұнай өндіруде аса қауіпті күкіртті мұнайдың экологиялық үлесі артуда. Мұнайды өндірудің артуымен байланысты ластану масштабы артты, теңіздің барлық акваториясы қамтылған. Ластану көбінесе Еділ мен Жайық өзендерінің ағындарынан болады. Еділден теңізге күнде 77 мың мұнай көмірсутектері түседі. Қазіргі таңда Маңғыстау облысымен шектесетін аудандардағы теңіз суларының ластану деңгейі 10-13 ШҰК, ал мұнаймен ластанған жердің ауданы 194 мың га. құрайды.

Каспий маңы аймағының табиғи ортасына әртүрлі экологиялық зардаптардың зиянды әсері. Жағалау белдеуінің мұнаймен және мұнай өнімдерімен, улы газдармен ластануы планктонның және басқа да теңіз флорасының және фаунаның жаппай қырылуының себебі болып табылады. Суда жүретін құстар мен итбалықтардың жаппай қырылуы байқалған. Мұнай өндіретін аймақ тұрғындарының денсаулығына айтарлықтай зиян келтіріледі. Газ факелдерінен 2-3 км арақашықтықтағы көптеген өсімдіктерге зиян келтіріледі, ал 200-250 метр радиуста олар толықтай жоғалып кетеді. Жағалауда жаппай шөлге айналу, мұнай кәсіпорыны аудандарында – жергілікті шөлге айналудың өте күшті ірі ошақтары байқалған.

Каспий маңы ойпаты – Маңғыстау аймағындағы мұнаймен ластанған жердің жалпы ауданы 200000 га. жететіні анықталды. Мұндай жерде химиялық, химиялық-физикалық және су-физикалық қасиеттер өзгереді, жер микроағзаларының қызметі және тотықтыру-қалпына келтіру потенциалы бұзылады. Ластанған жердің сортаңдауы, рН орта, және сілтілік, сондай-ақ, қорғасын, барий, стронций, молибден және де басқа қауіпті заттар көбейеді.

Мұнай өндіретін барлық аймақтарда бала туу, тұрғындардың табиғи өсімі төмендегені белгілі болды. Жоғарыда айтылғандардың барлығынан мынадай қорытынды жасауға болады, мұнай-газ аймақтарындағы

экологиялық проблема қазіргі өркениеттің шиеленіскен мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдай аса төмен деңгейде, кейбір аудандарда оны өте қиын деп сипаттауға болады. Табиғатты қорғау әрекеті мақсатында аз көлемде қаражат бөлінеді. Жаңа жабдықтар орнатылмайды, әртүрлі салыстырмалы шаралар өте сирек жүргізіледі. Сондықтан жыл сайын республикадағы экологиялық жағдай күрделене түсуде.

Өндірістің мұнай саласы барлық жер бетіндегі геожүйелерге өзінің зиянды әсерін тигізеді. Мұнайдың әртүрлілігі (ағын сулар, топырақ, мұнай шламы, ілеспе және пайдаланылған газдар) оларды жоюға және мамандандырылған қайта жасау технологияларын жасау мүмкіндігін шарттайды. Тазалау, қайта жасау және оның өнімдерін пайдалану кезінде түзілетін қалдықтар, олардан пайдалы заттарды алу немесе бөлу үшін қолданылады. Қалдықтарды кәдеге жарату бір мезгілде қоршаған ортаны қорғауға және шикізаттың жаңа көзінің пайда болуына мүмкіндік береді.

Р.Т. Шерембаева
Қарағанды техникалық университетінің
химия және химиялық технологиялар
кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.
e-mail: rimkesh_62@mail.ru

БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

Балқаш көлі Каспий теңізінен және кеуіп бара жатқан Арал теңізінен кейінгі үшінші тұрған ағынсыз континент ішілік су қоймасы. Балқаш көлі Орталық Азияның Қазақстанның Оңтүстік шығысына қарай аридалы құрғақ аймақта орналасқан. Балқаш бассейнінің ауданы 413 мың км. Оның 113 мың км немесе 27% астамы ҚХР Синзян Ұйғыр Автономиялық ауданының аумағына тиесілі (СҰАР). Балқаш маңындағы негізгі су көздері Іле өзені болып табылады, көлге таза өзен суларының 80% келуін қамтамасыз етеді. Жыл сайын жаңартылып отыратын су ресурстарының (жер үсті сулары) қалыптастыру зонасы негізінен ҚХР СҰАР аумағынан келеді, сондықтан Іледен келетін өзен суларының 60% астамы көрші шекаралас аумақтан келеді.

Көл ұзындығы 600 км. болатын ендік бағытта созылған су қоймасын білдіреді. Көл Ұзынарал арқылы екі бөлікке бөлінеді: Батыс, суы аз және кең бөлігі, Шығыс, бұл да суы аз, бірақ тар бөлікті, неғұрлым терең және кең Борлытөбе ерекше көрінеді. Іле өзені шеткі батыс өзен иірімдеріне құяды, қалған төрт өзен: Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз Шығыс бөлігіне құяды. Алайда олардың ағысы көлге келіп құятын өзен суларының тек 20% құйылуын құрайды. Сондықтан көлдің батысынан шығыс өзен иірімдерін тұрақты су ағысын құрайды [1, 2 б.].

Балқаш маңында Қазақстан халқының шамамен 16% тұрғыны тұрады.

Бұл жерде өзен ағыстарының шамамен 24 км жиналады, ал бұл республиканың шамамен 25% су және 42% гидроэнергетикалық ресурстарын құрайды. Жер асты су қоймаларының белгіленген қоры жылына 3,2 км құрайды (шамамен 13% жер үсті сулары). Қазіргі кезде бекітілген қордың 2% пайдаланылуда. Бұл дұрыс, өйткені жер асты суларының үлкен бөлігі тау етегіндегі аймақтарға шоғырланған, олардың жердің үстіндегі сулармен байланысы әлі түпкілікті шешілген жоқ. Бұдан басқа, Балқаш маңындағы жер асты сулары қатты ластанған, сондай-ақ жер үсті сулары да ластанған, бірақ соңғысына қарағанда олар өзі тазартатын қабілетке ие емес. Жер асты сулары биоценозы тіршілік ету әрекеті әлсіз.

Балқаш көлі туралы алғашқы тарихи-географиялық мәліметтер қытайларда пайда болды, олар Орталық Азиямен байланыс жасай отырып, басқаларына қарағанда осы өңір тарихымен жете таныс болды. Ұлы Қытай қорғанынан Батысқа қарай кеңістікті қытайлар «Си-Юй» (Батыс өлкесі) деп атады және ол туралы б.з. дейінгі 126 жылдары білді. 607 жылы сол

кездегі Орталық Азияда өмір сүрген 44 мемлекеттің картасы жасалды, алайда бұл сипаттама сақталған жоқ. VIII ғасырдан бастап Балқаш көлінен Тянь-Шань тауына дейінгі аумақ Жетісу деген атаумен белгілі (қазақша Жетісу, қырғызша Жетисуу), бұл жерде көшпелі халықтардың (түріктер мен моңғолдардың) және Орталық Азияның отырықшыл халықтарының мәдениеті араласып кетті.

Александр фон Гумбольдт Балқаш көлі қытайларға «Си-Хай» деген атаумен таныс (Батыс жақтағы көл. Осы атау 1855 жылғы атласқа енгізілген) деп жорамалдайды. «Балқаш-Нор» (Balas-nur – «Балқаш» көлі), жоңғарлар мен қалмақтарға, еуропалық елші Юлиус Клапроттың түсіруі бойынша құрастырылған 1833 жылғы картада бейнеленген. Түріктер мен моңғолдар өздерінің елді мекендерінен батысқа қарай барлық географиялық объектілерді ақ түспен белгілеген, оны «Ақ теңіз» деп атады, ал олардың мемлекеттерінің шекарасы батысқа қарай шегінген кезде, көл «көк» (шығыс) «Көкше теңіз» деген атауға ие болды. Қазақтар көлді «Теңіз» деп атады, ал бұл дегеніміз «теңіз» дегенді білдіреді [2, 1 б.].

Балқаш барынша терең енді Балқаш-Алакөл бөлігінде жатыр, неоген-төрттік дәуіріндегі Тұран тақтасының жазық иілісінің нәтижесінде түзілген, соның салдарынан құмтас өзен шөгінділерімен толтырылды. Көл қазандығы бірнеше ұсақ шұңқырлардан тұрады. Балқаштың батыс бөлігінде тереңдігі 7-11 м дейінгі екі ойпаты бар – оның бірі батыс жағалауынан Тасарал аралынан Қоржын түбек мүйісіне созылып жатыр, ал екіншісі оңтүстікте Бертис шығанағынан созылып жатыр, ол Батыс Балқаштың барынша терең жері болып табылады. Шығыс Балқаштың ойпат тереңдігі 16 м құрайды, барлық шығыс бөліктің ең үлкен тереңдігі – 27 м құрайды. Барлық көлдің орташа тереңдігі 5,8 м құрайды, судың жалпы көлемі – шамамен 112 км.

Балқаштың батыс және солтүстік жағалауы – тым биік (20-30 м) және жартасты, палеозойлық тау жыныстарымен түзілген және көне дәуірлік террасалар іздері байқалады. Қарашаған шығанағынан бергі Іле өзеніне дейінгі оңтүстік жағалау төмен (1-2 м) және құмды, биік суларды мерзім сайын сулар басып қалады (көптеген ұсақ көлдерге айналған), кей жерлерде биіктігі 5-10 м болатын жағалау төбешіктері кездеседі. Жағалау сызығы өте бұралаң және көптеген шығанақтар мен қайнауларға бөлінген. Батыс бөліктегі ірі шығанақтар: Сарышаған, Қашқан теңіз, Карақамыс, Шемпек (көлдің оңтүстік соңы), Балақашқан және Ахметсу. Шығыс бөлігінде Құзкөл, Балықты көлдері, және Қарашыған шығанақтары көрінеді және Байғабыл, Балай, Шауқар және Кеңтүбек және Қоржынтөбе түбектері орналасқан [3, 303 б.].

Өңірде ірі полиметалл рудаларының, тас көмір, құрылыс материалдарының кен орындары орналасқан. Үлкен жер аумағы дәстүрлі түрде жайылым ретінде пайдаланылды, сондықтан осы жерде мал шаруашылығына арналған өнімділігі жоғары жайылым орналасқан.

Суармалы егіс алқабы үшін үлкен жер аумағы 2 млн. га-дан асады; олардың 30% көне дәуірде пайдаланылды.

Қазіргі кезде суармалы жер үшін Қазақстан тарапынан шамамен 600 мың га жер және Қытай тарапынан шамамен 300 мың га Балқаш көлі бассейнінен жер пайдаланылады. Көптеген ғалымдар, әсіресе қытай ғалымдары Балқаш маңындағы жер және су ресурстарын дұрыс пайдалану кезінде тиімді өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады деп санайды. ҚХР Үкіметі СҰАР Орталық Азиядағы барынша дамыған және өркендейтін өңірге айналдыруға барынша күш жұмсауда.

Балқаш маңында өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, балық және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтары даму үстінде. Осы өңір үлесіне Қазақстан өнеркәсібінің 16% және ауыл шаруашылығының 13 % тиесілі, 44% астамы балық аулау, 75% пайдаланылатын жер тиесілі. Бұдан басқа, көлдің жағалауына түсті металлургияның алыбы – Балқаш мыс балқыту комбинаты орналасқан. Қаратал өзенінің жағалауында мырыш-қорғасын комбинаты жұмыс істейді, тас көмір, полиметалл рудаларының карьерлері барланған және қазып алу басталған, сондай-ақ жергілікті шикізат базасында жеңіл өнеркәсіп кәсіпорыны жұмыс істеп тұр [3, 5 б.].

Көптеген шаруашылықтар мал шаруашылығын дамытуға мамандандырылған. Ауыл шаруашылығының өнімдері мал шаруашылығының 63,7%-нан алынады, 36,3% өсімдіктер өсіруден алынады, алғашқы келтірілген сан 38,6% қой шаруашылығымен (жүні, терісі, еті) анықталады және 25,5% мал шаруашылығына тиесілі (сүт, ет, тері).

Қазақстан шегінде ауыл шаруашылығын енгізу технологиясы өте төменгі деңгейде. Жылдам нәтижелер алу үшін жанталасқан кезде мал шаруашылығының ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі бұзылды, ол дәстүрлі құрылымда қой малының, жылқы малының, түйе малының кемуіне негізсіз орасан шығын әкелді. Қазақтар ертеде қой мен ешкіні жылқы мен сиырға қарағанда «бес ауызы» бар деп санаған: бір ауызымен олар жұтаң құнарсыз өсімдіктерді тамыр жемістерімен бірге жұлып бітірген, ал қалған төрт аяқтарымен (үшкір тұяқтарымен) жайылымның жұқа қарашірік қабатын таптап тастайды. Сондықтан бұрынғы қазақтар қой мен ешкі санын күрт шегеріп отырған, оның орнына ірі қара малды баққан. Ал бұл туралы қазіргі кездегі «мәдениетті ұрпағы» ұмытып кеткен. XX ғасырдың басында 0,6 т астам құрғақ шөп беретін құнарлы жайылым жоқ, барлық жерде, әсіресе тау маңындағы жазғы жайылымдар тапталған, ал бұл жел мен су эрозиясының процестерін күшейткен. Сондықтан қазіргі кездегі жайылымдардың өнімділігі 0,3 т/га жететін жерді эзер құрайды.

Осындай жылдам және экологиялық негізсіз технология өсімдіктерден де байқалады. Соңғы 20 жыл ішінде қысқы бидай мен

себілген шөптердің егісі маңызды түрде азайды, ал оның орнына жүгері, күнбағыс, көкөніс дақылдарының егісі ұлғайды.

Бұл ретте суды үнемдейтін технологияларға жеткіліксіз көңіл бөлінуде: сусыз және суы аз технологиялық процестерді дамытуға, қайтарымды – қайталамалы сумен қамтамасыз ету, ағынды суларды тазартуға және т.б.

Пайдаланылған сулардың жалпы санынан тек 15-20% толық емес тазалауға ұшырайды. Қалған бөлігі тазартусыз жергілікті жердің табиғи өзен желісіне лақтырылады. Сонда қатты ауыр тұрмыстық қалдықтар мен құрылыс қалдықтары лақтырылады. Еріген және жауын суларымен бірге бұл қалдықтар өзен желісін үстіңгі және жер асты суларын қатты ластай отырып Балқаш көлінің ақырғы сағасына құйылады.

Көлді үлкен және тікелей ластаушылар Солтүстік Балқаш маңындағы өнеркәсіптік объектілер болып табылады, олар ағынды суға көптеген тармақты қоймалардың жауын канализациясы арқылы шығарылады және күкіртті ангидрит және басқа газдар келіп түсетін атмосфералық ауа арқылы тарайды. Мысалы, Балқаш тау кен-металлургия комбинаты Тораңғылық шығанағына ағын суларын лақтырады. Ондағы мыстың концентрациясы 35-48 ШРК (шекті рауалы концентрацияға) жетеді, ал апатты лақтырындылар кезінде 300 ШРК асып түседі.

Соңғы жылдары су ағыстарын гидрохимиялық режиммен бақылау балық шаруашылығы пайдаланатын су қоймаларында сульфаттың (ШРК) артуы байқалады. Мысалы, шағын Сарышағанда сульфаттың құрамы ШРК тен 8-8,9 есе артық, Бертис қойнауында 7,7-9,5 есеге, Балқаш маңында 7,7-8,1 есеге артық. ШРК артуы хлоридтер құрамында да байқалады: шағын Сарышағанда 1,3-1,5 есеге, Бертис қойнауында 1,3-1,5 есеге және Балқаш маңында 1,3-1,6 есеге артық.

Егер Балқаш өзенінің тұтастай ластануын сипаттайтын болсақ, онда келесі көрініс байқалады. Хлоридтер проценттік қатынаста гидрохимиялық талдаулардың жалпы санынан шекті рауалы концентрациядан 80,4% жағдайда асып түседі, сульфаттар және мыс – 100%, мырыш 25,3%, фторидтер 98,0%, мұнай өнімдері 40%, фенолдар 33,3% жағдайда асып түседі.

Балқаш көлінің суында бірқатар микроэлементтер бар, олардың аясында ауыр металдар Балқаш маңындағы топырақ грунттың геохимиялық ерекшелігіне байланысты жетекші орын алады, сондай-ақ олардың өзендерге және ағын сулары бар көлдерге түсуі және өнеркәсіптік объектілерден ауа лақтырындыларынан су қоймасының бетіне жартылай шөгуі байқалады.

Балқаш көлінің суындағы марганец, мыс, мырыш, барий, титан, бор, никель, мырыш пен кадмий балық шаруашылығының қоймаларына арналған ауыр металдар ШРК асып түседі. Стронций, мыс, қорғасын, молибденнің фондық құрамы тұрақты артуда, ал бұл антропогендік

факторлардың әсерімен түсіндіріледі. Бертис топырағындағы кейбір элементтердің (мырыш, мыс, қорғасын) жоғары құрамына назар аудару керек, ол ұзақ уақыт бойы (50 жылдан артық) ағынды суларға Балқаш тау кен-металлургия комбинатынан (БТМК) лақтырылып отырды. Батыс Балқаштағы және Бертис қойнауындағы қалайы фондық мәндерден асып түседі.

Көлдің негізгі ластаушылары Іле, Қаратал, Лепсі және Ақсу өзендерінің бойында орналасқан ауыл шаруашылығының алқаптары, сондай-ақ Балқаш қаласы өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады. Осы уақытқа дейін Қаратал өзені бассейнінде Текелі ГОК жұмыс істеді, оның қалдықтары Қаратал өзенін ластады және сол өзен суымен Балқаш көліне зиянды заттар келіп түсті.

Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлауы тропикалық тізбек бойынша беріледі, гидробионттардың тіршілік әрекетіне, соның ішінде балықтарға әсер ете отырып, нәтижесінде азық қорының нашарлауына, балықтардың өну жағдайының нашарлауына және олардың қорының азаюына әкеліп соғады. Балық етінің құрамындағы микроэлементтер мен олардың судағы концентрациясы арасындағы байланысты кобальт пен мыс үлгісінен байқауға болады. Су айдынының барынша ластанған ауданы – Бертис қойнауында балықтың бұлшық ет тканіндегі мыстың жинақталуы 1,5-4 есеге, ал кобальт 100-150 есеге артық, ал бұл Сарышаған ластанған түбегінде аздау. 1995 жылғы зерттеулердің деректері бойынша Торанғалық шығанағында ауланған сазанның бұлшық етінде мыстың жинақталу коэффициенті 61,4; Майтан шығанағында – 43,5; Сасықкөл шатқалында - 13,2 құрады. Кобальттің жинақталу коэффициенті осыған сәйкес – 90,0; 65,3; 12,5 теңеледі. Бұдан басқа, Майтан шығанағында ауланған сазанның бұлшық етінде сынап табылған.

Балқашқа ластанған сулар тек тау-кен комбинатынан ғана келіп түспейді, сонымен бірге Қытайдан да келеді, шекаралық бекеттерде мыс пен басқа заттар құрамының қатты артқаны тіркелген. Қытай аумағына Іле өзені бассейнінен жылына 14,5 км суды сұрыптау байқалады, себебі Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы халқының белсенді өсуінен 3,6 есеге ұлғайту жоспарлануда. Сарапшылардың пікірі бойынша Тянь-Шань мұз ағыстарының ұлғаюына қарамастан 10% жинақтау нормасы апатқа әкеліп соғуы мүмкін, Балқаш шығыс бөлігінің құрғауымен екі бөлікке бөлінуі мүмкін.

Қазіргі кезде ҚХР су қатынасы 2001 жылғы 12 қыркүйектегі «ҚР Үкіметі және ҚХР Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылған, сол негізде жұмыс істеуде. Қазақстан-қытайлық бірлескен комиссия және сарапшылардың жұмыс тобы құрылды және сол бойынша әрекет жасауда.

Балқаш көлінің экологиясы үшін қауіп-қатерлер байқалады, әсіресе Арал теңізіне ұқсас апаттың қайталануы мүмкін екенін көрсетеді. Осыған ұқсас бірқатар алаңдаушылықтар да байқалады. 1970 жылдан бастап Қапшағай су қоймасын толтыру үшін Іле өзенінің суы пайдаланыла басталды, сол үшін 39 км су кетті, ал бұл өзен ағысының 2/3 азаюына және көл деңгейінен төмендеуіне әкеліп соқты. Балқаштың таяздауы әсіресе оның терең батыс бөлігінде байқалады. 1972 мен 2001 жылдар аралығында көлден оңтүстікке қарай 8 км жерде орналасқан шағын Алакөл тұзды көлі мүлдем жойылып кетті, ал Балқаштың оңтүстік бөлігі осы уақыт ішінде шамамен 150 км су бетін жоғалтты. Балқаш маңындағы 16 көл жүйесінен тек бесеуі ғана қалды, босау процесі шамамен бассейннің 1/3 қамтыды. Тұзды шаң көл түбінен көтеріледі, азиялық шаң боранын қалыптастыруға үлес қоса отырып, өңір климатына қолайсыз әсер етеді [4, 2 б.].

Экологиялық қадамдарды жақсарту қадамдары ретінде Қапшағай су қоймасын толтыруды тоқтату, металлургия комбинатының ағысты суларын тазалау, суландыруға кететін қайтарымсыз шығындарды азайту және т.б. ұсынылды.

2000 жылы Алматы қаласында әр түрлі елдерден келген эколог ғалымдар, сондай-ақ бизнес пен билік өкілдері жиналған «Балқаш-2000» конференциясы өтті. Форум жұмысының нәтижесінде қарар қабылданды және президентке, парламентке, үкіметке және халықаралық ұйымдарға Балқаш-Алакөл бассейнінің экожүйесін басқарудың жаңа принциптері туралы үндеу жолдады, өңірдегі қаржыландырылған жобалар бойынша үлкен мүмкіндіктердің жеке капиталын ұсынады.

2005 жылы Балқаш көлінің проблемалары бойынша халықаралық экологиялық форумда «Қазақмыс» корпорациясы экологиялық таза өндірістің құрылысын аяқтайды деп жариялады, ал бұл 80-90% лақтырындылар азайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары алқаш көлінің бассейніндегі экологиялық ахуалдың нашарлағанын көрсетті. Балқаш көлінің Тянь-Шань мұздықтардың қарқынды дамуының арқасында екінші аралға айналмады.

ҚХР қазіргі уақытта Іле өзенінің жоғарғы ағысындағы үлкен гидромелиорациялық жұмыстарға байланысты, осыған байланысты Балқаш көліне судың келуі азая бастады. Сондықтан қазақстандық және халықаралық қоғамды тұрақты ақпараттандыру үшін жыл сайын Іле-Балқаш регатасы өткізіледі. Биылғы жылы Ресейдің желкенді кемелерінің ұсынысы бойынша, мамыр айында «Балқашты ұрпақ үшін сақтаймыз» деген ұранмен Балқаш көлінде Желкенді кемелер регатасы өткізілді.

Балқаш көлі бассейніндегі ахуалды тұрақты бақылау үшін және өңірдің тұрақты экономикалық дамуын жасау үшін мыналар қажет:

– Балқаш көлі бассейніндегі су объектілерінің ағымдық жағдайының мониторингі;

– климаттың антропогендік өзгерістері бассейні су бетінің ресурстарын бағалау;

– Іле өзені шектес Қытай аумағындағы суды тұтынудың әрі қарай артуы және климаттың антропогендік өзгерістері кезінде мүмкін қолайсыз зардаптарды анықтау;

– өңірдің экономикалық қажеттіліктерін барынша толық ескеретін нақты шаралар және жер үсті су ресурстарын пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын, Іле-Балқаш проблемасының экологиялық талаптары мен халықаралық аспектілерді әзірлеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Экологическое состояние озера Балхаш (доклад к бассейновому совету 27.06.2013 г.) /Комитет экологического регулирования и контроля. Департамент экологии по Карагандинской области.

2. Основные экологические проблемы Казахстана: загрязнение воды и сельскохозяйственных объектов, загрязняющих оз. Балхаш. <http://ego.gov.kz/> 21 янв. 2013 г.

3. Коробкин В.И. Экология. Ростов на Дону: Феникс, 2014. – 610 с.

4. Бологов П. Балхаш может повторить судьбу Арала – Headline.kz.

М.Қ. Малыбаева
Қарағанды техникалық университетінің
химия және химиялық технологиялар
кафедрасының аға оқытушысы
e-mail: peih.kstu@mail.ru

АРАЛ ТЕҢІЗІ: ЖАҒАНДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Арал теңізі бұрын көлемі жағынан дүниежүзінде төртінші теңіз болып саналған еді, оның табиғат қоры өте бай, ал Арал маңындағы табиғат ортасы гүлденген және биологиялық тұрғыдан өте бай өлке еді. Аралдың бірегей оқшау болуы және әртүрлілігі ешкімді де бей-жай қалдырмады. Теңіздің осындай атауға ие болуы да таңқаларлықтай емес. Себебі «Арал» деген сөздің өзі түрік тілінен аударғанда «арал» деген мағынаны береді. Сірә, біздің ата бабаларымыз Аралды Қаракұм мен Қызылқұм арасындағы ыстық шөл даладағы жайлы қоныс және құтқарушы арал деп санаған ғой.

Арал теңізі 35000 жыл бұрын Тұран ойпатында пайда болған. Арал деп осы теңізді ең бірінші атаған адам араб географы және ғалымы Ибн-Руста (920 ж.) өз еңбектерінде атап көрсеткен. Арал теңізі ағынсыз, яғни әлемдік мұхитқа шығатын жолы жоқ теңіз болып саналады. Арал теңізі Қазақстанның оңтүстігінде және Өзбекстан автономиялық облысындағы Қарақалпақстан аралығында орналасқан. Аталуының өзі «Аралдар теңізі» деген мағынаны білдіреді, себебі онда 300 аралдан артық арал бар.

Оның бассейніндегі климаттық өзгерістерге байланысты теңіздің тарихи табиғи көп жылғы тербелісі амплитуда 1,5-2 метрмен өлшенді. Судың көлемі 100-150 куб. км. өзгертілді, ал су бетінің ауданы – 4000 км² көтерілді.

1918 жылы Ресей үкіметі Арал теңізіне сулары құйылатын екі өзен – оңтүстіктегі Амудария өзені және солтүстік шығыстағы Сырдария өзендерінің ағыстарын бұрып жіберді, себебі шөл даланы суару үшін, шөл далаға күріш, қауын, дақылдар мен мақта егу үшін сол өзен сулары пайдаланылды. Бұл Кеңес үкіметі жоспарының бір бөлігі еді, мақтаны немесе «ақ алтынды» өсіру үшін жанталасты, ал мақта кеңес елінің сыртқа шығарылатын басты өнімі болып саналды. Бұл жоспар, әрине, ең ақырында іске қосылды, себебі Өзбекстан осы күнге дейін әлемде мақтаны сыртқа шығарушы ірі елдердің бірі болып саналады.

Суармалы тоғандар 1940 жылдардан бастап ірі ауқымды көлемде салына басталды. Суармалы тоғандардың көбісі нашар салынған, судың сортаңға айналуына немесе булануына әкеліп соқтырды. Орта Азиядағы ірі Қаракұм каналында шамамен 30-75% су далаға кетті. 1960 жылдары, судың 20 км-ден 60 кубтық километрге дейін жыл сайын теңізге құйылудың орнына жерге ағып кетіп отырды. Осылайша, теңізді сумен

қамтамасыз етудің үлкен бөлігі бұзыла бастады, 1960-жылдардан бастап Арал теңізі тарыла бастады.

1960 жылдарға дейін оның ауданы 66,1 мың ш. км-ге теңесті. Тереңдігі 10-15 м, ең үлкен тереңдігі – 54,5 м. Аралдың барынша ірі аралдары – Барсакелмес және Возрождение. 1961 мен 1970 жылдар аралығында Арал теңізінің деңгейі орташа алғанда жылына 20 см-ге түсіп отырды. 1970-жылдарда орташа норма жыл сайын 50-60 см-ге төмендеп отырды, ал 1980-жылдарға қарай теңіз деңгейі төмендей берді: жылына 80-90 см-ге төмендеді [1, 4 б.].

Өңірдегі суармалы көп дақылды егіс алқаптарын дамыту нәтижесінде жердің сапасы нашарлай бастады, қайтарымсыз суды тұтыну көлемі артты, жаңбыры аз қуаңшылық жылдар көп болды, 80-жылдардың басында Арал теңізіне Амудария мен Сырдария өзендері суларының құйылуы мүлдем тоқталды.

1990 жылдарға қарай оның ауданы 36,5 мың шаршы км құрады (соның ішінде Үлкен теңіз 33,5 мың шаршы км құрады). 1995 жылдарға қарай теңіз тіпті су көлемінің төрттен үш бөлігін жоғалтты, ал үстіңгі бетінің ауданы жартысынан астамы қысқарды.

2004 жылдарға қарай теңіз өзінің бастапқы үстіңгі беттік ауданынан 25% ға дейін қысқарды, бес есеге дейін артқан тұздану сол теңізге тән өсімдіктер мен жануарлар дүниесін құртып жіберді. Қазіргі кезде теңіз түбінің 33 мың шаршы километрден астамы құрғап кетті. Жағалау сызығы 100-150 километрге дейін шегініп кетті. Судың тұздығы 2,5 есеге дейін ұлғайды. Ал теңіздің өзі екі бөлікке бөлінді – Үлкен Арал және Шағын Арал. Осылайша Арал кеуіп бара жатыр.

Арал теңізінің кеуіп қалуы үлкен масштабта қоршаған ортаның қыста жылы болуына және жазда салқын болуына әкеліп соғуда, қуаңшылық пен құрғақшылық артуда, климаттың континенттілігі шиеленісуде. Тұзды құм шаң теңіз аймағындағы 15 мың га дейінгі жайылым жерді жыл сайын жұтып алуда.

Осы жерде мекендеуші сүт қоректі жануарлар мен құстар түрлері 50% дейін азайып кеткен.

Осылайша, Арал маңындағы Арал теңізінің құрғап кетуіне байланысты ғаламдық сипатта халықтың денсаулығына және шаруашылықты жүргізу үшін зардаптардың шығу тегі мен деңгейі бойынша қалыптасқан экологиялық проблемалардың күрделі кешені пайда болды.

Қазіргі күні Арал маңындағы барлық аймақта тым күрделі экологиялық жағдай қалыптасты (Арал маңындағы аудан 47,2 мың ш. км. құрайды). Бұл жерде су және жер ресурстарының сапасы жойылған, экожүйенің құрамы мен төзімділігі бұзылған, қоршаған ортаның экологиялық құндылығы азайған, оның өнімділігі жоғары қасиеттері жойылған, қоршаған ортаның улануы күрт артқан, осыған байланысты

ортаның медициналық-гигиеналық тұрақтылығы жойылған. Рыбацкий, Мойнақ, Әжібай, Жалтырбас, Бозкөл, Алтынкөл және Каратма шығанақтары жоғалып кеткен [1, 3 б.].

Жылына 300 күнге жуық өңірде құмды тұз дауылы соғады. Кеуіп қалған теңіз түбінен атмосфераға 75 млн. тонна құм мен шаң көтеріледі, ал Арал маңындағы 1 га ауыл шаруашылығы жеріне 520 кг тұз түседі, ал бұл егілетін дақылдарға орасан зор шығын әкеледі. Аралқұм шөлі егістік жердің 2 млн. гектарын жұтып алды, жайылымдық жерлердің, орман алқаптарының, басқа да өсімдіктер дүниесінің құлдырауына әкелді. Теңіздің кеуіп қалуы жалғасып жатыр, ал бұл дегеніміз теңіз суының түбінен әлі де тұзды топырақ грунттар босайды дегенді білдіреді, сол кезде Арал маңындағы ауа әлі де улы тұз бен шаңға батады. Егер атмосфералық шаң негізінен ылғалды жерлерде шөгіп жинақталуы мүмкін дегенін ескерсек, онда бұл процестен таулар да сырт қала алмайды, себебі орта азиялық өзендер мен сулардың бастауы сол таулардан алынады. Арал тұзы мен шаңы ауаға тым биікке көтеріле отырып, бұлттармен араласып кетеді, үлкен ара қашықтыққа дейін ұшады, тұзды шөгінділер ретінде шөгеді.

Арал катастрофасының зардаптары өңір аумағынан да шығып кетті.

Теңіздің кеуіп бара жатқан акваториясынан жыл сайын жанартау атқылаған сияқты 100 мың тонна тұз бен әр түрлі химикаттары мен улы қоспалары бар ұсақ ұнтақты шаң ұшады, ұшқан тұз бен шаң дауылы барлық тіршілікке келеңсіз әсерін тигізуде. Арал батыстан шығысқа қарай күшті ағынды ауа ағысының жолында орналасқан, сондықтан атмосфераның жоғарғы қабатына аэрозольдардың шығуына мүмкіндік береді, ластану әсері тым қатты күшейеді.

Тұз ағындарының іздері барлық Еуропа бойынша, тіпті Солтүстік Мұзды мұхитқа дейін ұшады.

Аралдың таяздау және соған шектес жатқан өңірлердің шөл далаға айналуын талдау 2010-2015 жылдарға қарай теңіздің толықтай жойылып кетуі мүмкін деген қатерлі болжамға әкеледі. Нәтижесінде – жаңа Аралқұм шөлі пайда болады, Қарақұм мен Қызылқұм шөлдерінің жалғасына айналады. Тұз бен әр түрлі улы заттардың үлкен мөлшері көптеген жылдар бойы бүкіл жер шарына таралады, ауаны улайды және планетаның озон қабатын бұзады. Арал маңында жаз неғұрлым құрғақ және қысқа, ал қысы тым қатты суық және ұзақ болады. Ал мұндай жағдайдан ең бірінші, әрине, Арал маңының тұрғындары зардап шегеді. Ол, бәрінен бұрын, суға деген өткір қажеттіліктен туындайды.

Демек, тұрғындар күніне 125 литр орташа норма орнына, тек 15-20 литр су ғана алады. Бірақ тек суға деген қажеттілік ғана емес, сонымен қатар әр түрлі проблемалар да туындайды. Бұл күні өңір аштықтан, жоқтықтан, сондай-ақ әр түрлі эпидемиялар мен аурулардан зардап шегуде.

Арал әрдайым теңіз өнімдерін бай жеткізушілердің бірі болған еді. Енді судың тұзды деңгейінің ащы болғаны соншалықты, көптеген балық түрлері қырылып қалды. Сол кезде аулап жүрген балықтардың қабыршақтарында пестицидтердің жоғары деңгейі жиі байқалды. Бұл әрине, Арал маңындағы тұрғындардың денсаулығына айтарлықтай әсерін тигізді, балық аулау кәсіпшілігі және балықты қайта өңдеу өнеркәсібі жойылу үстінде, адамдар жұмыссыз қалуда.

Бұрын топыраққа астық түсімін арттыру мақсатында көптеген улы тыңайтқыштар себілді. Улы химикаттармен байытылған судың тазарту құрылғыларының нашар болуының кесірінен өзен ағыстарының бойына да таралды, яғни барлық жаңа жерлерді улады. Соның салдарынан – Арал маңында өсетін қамыс, күріш, бидай құрамында әр түрлі канцерогендердің жоғары деңгейі байқалады. Өңірде ТМД елдерінің ішінде ана мен балалар өлімі жөнінен ең жоғары орында тұр (1 000 туған балаға 75). Туберкулез, астма, тиф, анемия, паратиф, гепатит, рак сияқты ауру түрлері өте көп. Бауыр мен бүйрек аурулары белең алуда [3, 4 б.].

Арал теңізінің жойылып кетуі туралы әр түрлі пікірлер айтылуда.

Біреулер Аралдың түпкі қабаты бұзылып, ол Каспий теңізіне ағып кетті деп айтады. Ал біреулер Аралдың жойылып кетуі Жер шары климатының жалпы жылыну өзгерісіне байланысты табиғи процесс дейді. Кейбіреулер тау мұздықтарының үстіңгі беттерінің құлдырауы, Сырдария мен Амудария өзендерін қоректендіретін шөгінділердің минералдануы мен олардың тозаңдануында деп айтады.

Алайда барынша кең таралған бастапқы нұсқа – Арал теңізі қоректенетін су ресурстарының дұрыс емес таралуы болып табылады. Арал теңізіне келіп құятын Амудария мен Сырдария өзендері бұрын су айдынын қоректендіріп отыратын негізгі күре тамыр еді. Екі өзен де өз бастауын таулардан алатыны белгілі, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан және Түрікменстан аумақтары арқылы өтеді. 60-жылдардан бастап осы екі өзеннің су ресурстарының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығының жерін суландыруға және Орталық Азия өңірін сумен қамтамасыз етуге кете бастады. Соның нәтижесінде ағысы төмен түсіп кеткен өзен арналары жойылып бара жатқан теңізге дейін жете алмайды, құмға сіңіп кетеді. Бұл ретте бұрылған судың тек 50-60% ғана суармалы егіс алқаптарына жетеді. Бұдан басқа, Амудария мен Сырдария өзен суларын дұрыс емес және үнемді емес бөлудің кесірінен суармалы жері бар тұтас аудандарды батпақты жерлерге айналдырып жіберді, ол жерлер пайдалануға жарамсыз болып қалды, ал кейбір жерлер су мүлдем жетіспейтін жерлерге айналды. Егін шаруашылығы үшін жарамды 50-60 млн. гектар жерден тек 10 млн. гектар ғана суарылады.

Орталық Азия мемлекеттері мен халықаралық қауымдастықтар Арал маңындағы проблемаларды шешу бойынша шешімдер қабылдауда. Алайда ол шешімдер өкінішке қарай экологиялық апаттың бастапқы себебімен

күресуге емес, ең бірінші кезекте оның зардаптарын жоюға бағытталған. Мемлекеттер мен халықаралық гуманитарлық ұйымдар бөлетін негізгі күштер мен қаражаттар халықтың тіршілік деңгейін және өңірдің инфрақұрылымын көтеруге кетеді. Теңізді қалпына келтіру туралы мүлдем ұмытып кетті.

Қазіргі кезде әлемдік капиталды Арал теңізінің тағдыры емес, сол өңірдің қаншалықты табиғи қоры бар екені қызықтыратыны өте өкінішті. Бұл жердегі газдың болжамдалған қоры 100 млрд. куб. метрді құрайды, ал мұнай 1-1,5 млрд. тоннаны құрайды. Арал бассейнінде жапондық JNOC корпорациясы мен Shell британ-голландиялық компанияның мұнай мен газды іздеуі жүргізілуде.

Әлемдік инвестицияларды қатыстырып, өңірді құтқаруға болады деп ойлайтын көптеген жергілікті шенеуніктер тек өз қара бастарының қамын ғана ойлайды.

Алайда бұл Арал теңізінің проблемасын шеше алады ма екен? Бәрінен бұрын, кен орындарын қазу өңірдегі экологиялық ахуалды одан сайын шиеленістіреді.

1994 жылы 23-24 маусымда Парижде Дүниежүзілік банк, ПРООН бен ЮНЭП ұйымдастырған Арал теңізі бассейнін дамыту Бағдарламасы бойынша кездесу өтті, осы кездесуде Орталық Азия мемлекеттерінің өкілдерінің, 33 үкіметтік және агенттік және үкіметтік емес ұйымдардың делегациясының қатысуымен Орталық Азия мемлекеттері әзірлеген жақын арада жақсарту бойынша нақты іс әрекеттер Бағдарламасы мақұлданды.

1995 жылы Орталық Азия республикаларының үкіметі, өңір мамандары мен ғылыми қоғам, халықаралық ұйымдар Нөкіс қаласында Арал теңізі бассейнінің тұрақты даму проблемалары бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің және халықаралық ұйымдардың Декларациясын қабылдады.

Ол тұрақты даму принциптерінің қатаң сабақтастығын және осындай маңызды проблемаларды шешуге назар аударуды қарастырады.

Орталық Азия мемлекеттері үкіметтері құрған Мемлекет аралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясы белсенді жұмыс атқаруда, ол экология талаптары және барлық елдердің мүдделері есебінен Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын бірлесе басқару мен пайдаланудың барлық мәселелерін қарастырады. Бұл ретте өңірдегі бес республиканың қай қайсысы да теңізді сақтау проблемасымен бірлесе қарастырады.

Арал теңізі шамамен 50 жыл ішінде кеуіп қалды. 1987 жылы шегініп бара жатқан теңіз екі жеке су бөлікке бөлінді, Солтүстік Арал теңізі (Шағын Теңіз немесе Кіші Арал теңізі) және Оңтүстік Арал теңізі (Үлкен Теңіз немесе Үлкен Арал теңізі). Оларды қосу үшін жасанды канал да қазылды, бірақ олардың арасындағы байланыс 1999 жылы тоқтап қалды, себебі екі теңіз де тарыла бастады. 2003 жылы Оңтүстік Арал теңізі әрі қарай шығыс және батыс бассейндері деп бөлінді.

1991 жылы Қызылорда қаласында Н.Ә. Назарбаев қатысымен Қазақстан ғылым академиясының сессиясы өтті. 1993 жылы мемлекеттердің бес басшы қатысымен саммит өтті, сонда Президент Н.Ә. Назарбаев Аралды құтқару бойынша халықаралық қорының бірінші президенті болып сайланды [4, 7 б.].

Оңтүстік Арал теңізі маңызды дәрежеде Өзбекстан жағында қалды, маңызды түрде тағдыр тәлкегінде қалды.

Енді бұл да бір бірінен оншақты километрге алшақтап кеткен үшінші су айдыны. Шағын Арал – Қазақстан аумағындағы Арал теңізінің бір бөлігі.

Шағын Аралды тұзды көлдің қалған бөлігімен қосатын тар бұғазды 1992 мен 1998 жылдары арақабырға қылды, бірақ екі жолы да бекітілмеген құм бөгеті — су деңгейінің арту шамасы бойынша сумен шайылып кетті.

Қазақстан егемендігін жариялағаннан кейін Арал теңізін қайта жаңғырту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін құтқару бойынша көптеген жобалар әзірленді. 2003 жылы қазанда Қазақстан Үкіметі ұзындығы 13 км болатын жаңа әрі неғұрлым сенімді Көкарал бөгетін салу жоспары туралы жариялады, ол 2005 жылы салынып бітті. Судың деңгейі маңызды түрде артты, ащылығы біршама азайды, қазір өнеркәсіптік масштабта балық ауланады.

Әдебиеттер тізімі

1. Нукуская декларация государств Центральной Азии и международных организаций по проблемам устойчивого развития бассейна Аральского моря (г. Нукус, 5 сентября 1995 г.) // <http://mkur.uznature.uz>.

2. Программа конкретных действий по улучшению экологической обстановки в Приаралье. 23-24 июня 1994.

3. Международный Фонд спасения Арала «Программа конкретных действий по улучшению экологической и социально-экономической обстановки в бассейне Аральского моря на период 2003-2010 гг.». – Душанбе – 2003 // <http://ecoportalca.kz>.

БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі кездегі қоғамның дамуы айналадағы қоршаған ортаны пайдаланумен тікелей байланысты, яғни адамзат тіршілігіне қажетінің барлығын табиғаттан алады. Бұл жағынан алғанда табиғат – табиғи қажеттілікті қамтамасыз ететін таңғажайып құбылыс. Ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқындап дамуы, жерасты қазба байлықтарын кеңінен пайдалану, транспорт түрлерінің көбеюі қоршаған ортаны түрлі химиялық қосылыстармен ластауда.

Мұндай химиялық қосылыстардың көбінің токсиндік және канцерогендік қасиеттері биосфералық тепе-теңдіктің бұзылуына, климаттың өзгеруіне, ауылшаруашылық өнімдер өнімділігінің төмендеуіне және халықтың денсаулығының нашарлауына әсерін тигізеді.

Токсиндік және канцерогендік қосылыстар клетка құрамына еніп, ДНК молекуласына әсер етеді, хромосомаларын бұзып, нәтижесінде ағзалардың тіршілік ету қабілеттігін төмендетеді.

Адамзат баласы қазіргі кезде шамамен 70 мыңға жуық химиялық қосылыстарды пайдалануда, осы көрсеткішке жылына 500-1000-ға жуық химиялық қосылыстар қосылып отырады [1, 41-44 б.].

Әрине, бұл қосылыстар атмосфералық ауа, топырақ, су, өсімдік арқылы адам ағзасына қайта жинақталып, белгілі бір мөлшерде әсер ететіні белгілі.

Табиғи ортаны зиянды заттармен ластайтын орындардың бірі – ғарышқа зымырандар ұшыратын әскери-өндіріс кешендерінің жұмысы.

Қорғаныс министрлігінің негізгі экологиялық мәселелер жөніндегі тізімі бойынша табиғаттың ғарыш зымырандарынан ластануы әскери техникалар мен қару-жарақтарды жою және радиоактивті ластанудан кейін үшінші орын алады.

Ғарыштық аппараттарды ұшыратын ғарыш айлағының бірі – «Байқоңыр».

«Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысының территориясында орналасқан, жалпы көлемі 6,7 мың км² жерді алып жатыр.

Аймақтың рельефі – тұздытопырақты, жылжымалы құмды төмпешіктерден тұрады. Өсімдік түрлері көп, бірақ сирек орналасқан, негізінен эфермелерден тұрады, шілде айының ортасына дейін сақталып, сонан соң күйіп кетеді. Бір жылдың үш жүз күнінде жел соғып, оның 17-38 күнінде шанды борандар тұрады.

Көптеген ғылыми зерттеулер ауа ылғалдылығының төмендеуін, жылдың әр мезгілінде температураның күрт өзгеруін ғарыш ұшу аппараттарының жұмысымен байланыстырады.

Алғашқы (1981-1985 жж.) эксперименттік бақылаулар қуатты ғарыштық ұшу аппаратының «Спейс - Шаттл» немесе зымыран жеткізгіш «Сатурн - 5» аппаратының ғарышқа ұшыру кезінде Канаверал – Европа жағалауымен Солтүстік Атлантаға дейінгі аралықтың ауа ағынының (циклон) өзгеруін, ал жылдың жылы уақытында (жаздық) «Плесецк» ғарыш айлағынан ұшырылатын қуатты ұшу аппаратының әсері бұрынғы Одақ территориясының Орталық Европалық бөлігіне және солтүстік-батыс облыстардың атмосфералық ауа ағынының активтілігінің жоғарылауына әсерін тигізетінін дәлелдейді.

Қуатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағына жақын орналасқан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3-5 тәулікке дейін боранды құм суырып, жел болып, температураның (0-60С) төмендеу процесі жиі байқалатыны белгілі.

Бұл процесс суы тартылып, табаны кеуіп, тұзға айналған Арал аймағы үшін қаншалықты кері әсері барын айтпасқа болмайды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі деңгейінің төмендеуі және жердің тұзданып құрғақшылыққа айналу процесі. Сондықтан ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға қосымша кері әсерін тигізуде.

Ғарыш үші аппаратының қоршаған ортаға басты зиянды әсері ауа ағынын (циклон) күшейтумен шектеліп қоймайды, түріне қарай салмағы 3,2 тоннадан – 16,2 тоннаға дейін болатын зымырандардың жағар және жанармай қалдықтары құрамында химиялық токсидті қосылыстардың болуында [2, 33-34 б.].

Соңғы 30 жылдың көлемінде осы салаға қатысты мамандар химиялық жанармай мен жұмыс істейтін зымыран двигательдерінен бөлінетін қалдықтардың атмосфераның төменгі қабатына ауқымды масштабта зиянды әсерінің жоқтығын дәлелдесе, 40 жылдан бері жинақталған мәліметтерге қарағанда олардың зиянды әсерлерін анық көруге болады.

Ғарыш айлағынан ұшырылатын зымыран жеткізгіштердің двигателіне пайдаланылатын жанармайына нақтырақ тоқталсақ:

Азоттетраоксиді (АТ) және азот қышқылы тотықтырғыштарымен симметриясыз диметилгидрозин (СДМГ);

Сутегі асқын тотығы мен сұйық оттегі тотықтырғыштарымен көміртегі (РТ-1, РГ, Т-1) жанармай, бұл қосылыс жұмысын аяқтаған бөлшектің жерге құлауы кезінде буланып оттегі және сутегіне айналып кетеді. РТ-1 және осы тектес басқа қосылыстар қоршаған ортаға керосин және бензин тәрізді әсер етеді, ал симметриясыз диметилгидрозин (гептил) қауіптілігі жағынан бірінші класқа жататын химиялық токсинді қосылыс [3, 22-24 б.].

Толығырақ тоқталар болсақ, зымыранның сұйық жанармай компонентіне кіретін «гептил» азотты органикалық қосылысы гидрозин туындыларына жатады. Химиялық құрамына сәйкес симметриясыз диметилгидрозин активті тотықсызданғыш, әртүрлі тотықтырғыштарда онай тотығып, тетраметилтеразен (ТМТ), нитрозодиметиламин (НДМА), диметилметиленгидрозин (ДММГ), диметиламин (ДМА), формальдегид (ФА), су, азот, аммиак және басқа өнімдерге айнала бастады.

Симметриясыз диметилгидрозин және оның алкилгомологтарының тез тотығуы тотықтырғыштардың түріне және концентрациясына байланысты. Мұндай тотықтырғыштардың қатарына (су, ауа, топырақ, температура) активті металдар Cu, Fe, Cr, Mn және олардың оксидтері, пассивті металдар Al, Ni, Mg және олардың оксидтері жатады.

Бұл металдарға аймақтың топырағы бай екенін ескеруіміз қажет.

Ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға мынадай кері әсерін тигізеді:

- ұшу процесінен кейін, атмосфераның табиғи режимі бұзылады;
- атмосфераны және жер беті қабаттарын токсинді зымыран
- жанармайының қалдықтарымен ластайды;
- атмосфераның озон қабатын бұзады;
- территорияларды ұшу аппараттарының қалдықтарымен,
- сынықтарымен зақымдайды;
- қышқылды жаңбырдың жаууына себепші болады;
- ауқымды масштабта температураның жоғарылауына әсерін тигізеді.

Қауіптілігі жағынан бірінші класқа жататын симметриясыз диметилгидрозиннің биологиялық объектілерге әсері жөніндегі қазіргі түсініктер толық мәліметтер бере алмайды.

Зымыран жанармай компоненттеріне кіретін токсинді қосылыстардың табиғи жағдайдағы микробтар мен өсімдіктерге әсері туралы түсініктер мүлдем жоқ. Сондықтан осы бағыттағы зерттеулер қазіргі кезде аса өзекті мәселелерге жатады.

Лабораториялық жағдайда жүргізілген зерттеулердің нәтижесі өсімдіктердің бойының қысқа болып, кейбір морфологиялық өзгерістер байқалып, ауылшаруашылық өсімдіктерінің сапасы нашарлап және өнімділігінің төмендейтінін көрсетеді [4, 12-13 б.].

Мысалы, сандық мәліметтерге тоқталсақ, 50 км биіктікте зымыран «Спейс - Шаттл» 150 тонна көмір оксидін, 500 тонна су және сутегін бөледі, осындай биіктіктегі «энергия» ұшу аппараты 740 тонна көміртегі оксидін, 750 тонна су және сутегін бөледі. Қысқа қашықтықта (1 км) мұндай қалдықтар жасанды бұлт түзіп, қышқылды жаңбырға айналады және ұшыру аймағынан 200 км² қашықтыққа дейінгі аймақтың ауа райын өзгертеді. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын «Протон» зымыран жеткізгішінің бір рет ұшырылуына 180 тонна гептил құйылады. Ғарыш

айлағы жұмыс жүргізгеннен (1956 ж) бастап мұндай «Протон» зымыран жеткізгішінің 260-тан астамы ұшырылған.

Көп сатылы «Протон» зымыран жеткізгішінің алғашқы блогы (алты бакты блок болады) жұмысын аяқтап, жерге құлағанда 1,5 тоннадан – 3,5 тоннаға дейін гептил қалдығы жерге төгіледі. Сонда бір рет ұшырылғанда, орта есеппен 2 тонна гептил жерге төгілгенде, 44 жылда 520000 тонна гептил төгіледі. Экологиялық қауіпсіздікті сақтадық дегеннің өзінде, Қазақстан Республикасының ұлттық аэрокосмостық агенттігінің мәлімдеуінше, қазіргі кезде зымыран жеткізгішінің жерді зақымдайтын гептил мөлшері 150-200 литр шамасын құрайтыны анықталған [5, 3 б.].

Қоршаған ортаның және халықтың экологиялық қауіпсіздігін нығайтып, қазіргі кездегі өзекті мәселелерді шешу көптеген жұмыстардың атқарылуын талап етеді. Ал бұл мақсатқа жету үшін мынадай шараларды орындау қажет:

- қуатты зымырандардың ұшырылуын сирету;
- егінді жинау және бау-бақшалардың гүлдеуі кезінде токсинді
- химиялық қосылыстарды бөлетін зымырандарды ұшырмау;
- токсинді зымыран жанармайларын сақтауда және тасымалдауда
- қауіпсіздік шараларын сақтау;
- аймақтың суы, топырағы, өсімдіктеріне жан-жақты зерттеу
- жұмыстарын жүргізу;
- зымыран бөлшектері құлайтын аймақтардағы халықтың
- денсаулығын медициналық тексерулерден өткізу т.б. жұмыстар атқарылуы қажет.

Қорыта айтқанда, біз атмосфералық ауаға «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын зымырандардың жанармай қалдықтары мен Арал теңізінен көтерілетін тұздың қоршаған ортаға әсері туралы толық мәліметтерді зерттеу қажет екендігін баса айтқымыз келеді.

Сондықтан жалға берілген Қазақстан территориясындағы ғарыш айлағын бақылау, болжау, зерттеу жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Адушкин В.В., Козлов С.И., Петров А.В. Экологические проблемы и риски воздействия ракетно-космической техники на окружающую природную среду: Справочное пособие/ Под общ. ред. В.В. Адушкина, СИ. Козлова, А.В. Петрова. – М.: Анкил, 2012.

2. Американские ученые создали экологически чистое ракетное топливо //Elvisti //Экология. – 2003 – 18 января //http://www.elvisti.com/2003/01/18/ecology.shtml.

3. Батырбекова С.Е., Злобина Е.В., Иванова Н.В., Тасибеков Х.С., Кенесов Б.Н., Лю Е.Е., Айдосова С.С., Шалахметова Т.М., Наурызбаев М.К. Мониторинговые исследования территорий Республики Казахстан,

подвергнутых воздействию ракетно-космической деятельности. Алматы, 2013.

4. Власов М.Н. Экологическая опасность космической деятельности: Аналит. обзор //За экологическую безопасность ракетно-космической деятельности: описание программы / М.Н. Власов, С.В. Кричевский. – М: Наука, Центр экологической политики России, 1999.

5. Доскалиев Ж., Бактыбеков К.С., Жакишев М.Е. Доклад на Парламентских слушаниях 11.01.2011 «Воздействие запусков с космодрома Байконур на здоровье населения и окружающую среду», // Экология и устойчивое развитие. № 2, 2011.

6. Оспанов Б.С. Доклад на Парламентских слушаниях 11.01.2003 «Воздействие запусков с космодрома Байконур на здоровье населения и окружающую среду». Экология и устойчивое развитие. №2, 2003.

Ю.Д. Обухов
Қарағанды техникалық университетінің
кеніштік аэрология және еңбекті қорғау
кафедрасының профессоры

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ – ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ЖАБЫҚ СУ ҚОЙМАСЫ

Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің түйінді элементі болып табылады. Әлемдік деңгейдегі мұнай мен газдың ірі қорына ие біздің еліміз энергетикалық саладағы өзінің сенімді стратегиялық серіктестік және өзара тиімді халықаралық ынтымақтастық саясатынан бір адымға да кері шегінбек емес [1].

Каспий – әлемдегі ең ірі тұйық су қоймасы. Көбіне ірі көл ретінде қаралады. Бірақ бұл анық емес, себебі көлеміне, даму процестері мен тарихының сипатына қарасақ, теңіз болып табылады. Бұған арнасының мұхит типіндегі қабат болып табылатындығы айғақ. Гипотезалардың біреуіне сүйенсек, Каспий теңізінің атауы Каспий теңізінің оңтүстік-батыс жағалауында б.д.д. 1 мыңжылдықта тіршілік еткен ат өсіретін көне тайпа – каспи тайпасының құрметіне берілген.

Үшінші мыңжылдықтың басында экологиялық қауіпсіздік мәселесі ерекше тереңдікке ие болды, оның шешілуі әлемдік қауымдастықпен адамзаттың тірі қалуының маңызды факторы ретінде мойындалады. Экологиялық қауіпсіздік экологиялық тепе-теңдіктің тұрақтылығы, қоршаған ортаға шамадан тыс стихиялық (табиғи) және антропогендік әсер етуінен қоғамның қорғалуының деңгейімен анықталады.

Кейінгі жылдарда шамадан тыс тереңдікке бірден-бір табиғи объект болып табылатын Каспий теңізінің экологиялық денсаулығын сақтау мәселесі ие болды. Каспий теңізі – бірегей су айдыны, оның көмірсутекті ресурстары мен биологиялық байлықтарының дүниежүзінде ұқсастықтары жоқ. Каспий – әлемдегі ең көне мұнай өндіру бассейні. Сонымен, мысалы, Әзербайжанда, Апшерон түбегінде мұнай өндіру 150 жылдан астам уақыт бұрын басталды [1, 9 б.].

Каспий өңірі аудандарында (кең мағынада) Каспий теңізінің периметрі бойынша орналасқан бел елді белгілейді: бұл Әзербайжан, Ресей, Қазақстан, Иран және Түрікменстан. Оларды «Каспий теңізінің бассейні» мемлекеттері деп атау қабылданған. Дипломатиялық тәжірибеде дәл осы термин аймақтық елдерді белгілеу үшін пайдаланылады. Бүгінгі күні Каспий мәселесі өте өзекті, бірақ халықаралық-құқықтық статусы және Каспий өңірі мемлекеттері арасында мұнай ресурстарын бөлу туралы мәселе қалай шешілетіндігіне тәуелділіктен тыс Каспий аймақтың экологиялық объектісі болып қала береді. Оның бөліктерінің біріндегі дағдарыс жалпы, біртұтас апатқа айналады, ең соңында бұл әрбір мемлекеттің және оның болашақ дамуына әсер етеді.

Теңіздің басты ластаушысы, сөзсіз, мұнай болып табылады. Мұнай ластанулары жасыл-көк және диатомды балдырлармен көрсетілген Каспийдің фитобентосының және фитопланктонының дамуын басым етеді, оттегінің өнімділігін төмендетеді. Ластанудың көбеюі су беті мен атмосфераның арасындағы жылу-, газ-, ылғал айналымына әсер етеді. Үлкен аудандарда мұнай қабыршықтары таралуының салдарынан булану жылдамдығы бірнеше рет төмендейді. Каспий теңізінің ластануы сирек балықтардың және басқа тірі организмдердің басым бөлігінің жойылуына әкеледі. Мұнайлық ластанудың әсер етуі суда жүзетін құстарда көрнектірек көрінеді. Осетр балықтарының қоры азайып барады.

2000 жылы Атырау қаласында 70 ш. оңтүстік-шығысқа қарай теңіздің таяз аймағында ең ірі Шығыс-Қашаған мұнай және газ кен орны ашылды. 2001 ж. Батыс Қашаған кен орнының мұнай-газдылығы дәлелденген. Солтүстік Каспий теңізінің қайнары үлкен дәлелденбеген қорлар бар болғандықтан, Қазақстанның мұнай-газ болашағы келесі үш Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарымен тікелей байланысты. Дәл Қашаған, Теңіз бен Қарашығанақтағы өндірістің мүшкіл деңгейіне тоқталмай, 7-9 млрд. баррель қорымен экономикалық өсудің негізгі қозғалтқышы болады. Сонымен қатар, 2015 ж. қарай Қарашығанақтағы газ өндірісін жылына 25 млрд. м³, ал Теңізде – жылына 8-9 млрд. м³ жеткізу жоспарланады. Осы уақытта Қашаған ҚР ең ірі газ шығару көзі болып отыр. Себебі одан алынатын қор 1 триллион м³ құрайды. Қашағанда жолай газ Теңіздегі сияқты күкірттің мөлшерінен жоғары. Кен орнының өзі жоғары температурамен және қысыммен сипатталады. Бұрғылау жасанды құрылған аралдан жүргізіледі. Теңіздің тереңдігі мұнда 3,5 м.

Мұнайлық ластану әсіресе Каспийдің солтүстігінде теңіздің ауданынан 27,7% ауданы, судың 6,2 м орташа тереңдігі кезінде жалпы көлемінен 0,94% судың өте төмен деңгейінен қауіпті. Яғни, егер теңіздің әр түрлі бөліктерінде су көлемінің бірлігіне мұнайдың бір тоннасын құйса, онда Солтүстік Каспийде шамамен экожүйеге ластағыштар 100 есеге қатты әсер етеді. Волга мен Оралдың қатты ағысының арқасында солтүстік Каспий, Орталық және Оңтүстік Каспийге қарағанда едәуір өнімді, басты азық қоры, балықтардың, итбалықтардың «балалар бақшасы», құстардың ұя салу орны болып табылады.

Каспий теңізінің табиғи ортасының негізгі ластану көздері өзен ағындысымен (материктік ағыс) шығару және тазартылмаған өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы ағындыларының, қалалар мен жағалаудағы ауылдардың коммуналдық-тұрмыстық ағынды суларының төгінділері; өзен және теңіз кеме қатынасы, каспий кемежайларындағы кемелердің ағынды сулары; құрлық пен теңіз қайраңында мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану; теңіз жолымен мұнай тасымалдау, құбырлардағы апаттар; теңіздің түбін тереңдететін жұмыстар кезіндегі екінші рет ластану, мұнай газ және энергия кешендерінің объектілерін жылытумен

және тазартылмаған төгінділеріне байланысты Каспийдің ластануы; жер бетіндегі, су және теңіз экожүйелерінің био әр түрлілігінің және іске қосылған механизмдердің жоқтығынан өнімділігінің азаюы; нормативтік-құқықтық құжаттардың жетілмегендігі, халықтың жеткіліксіз экологиялық сауаттылығы; мұнай өндіру аудандарында халықтың ауру-сырқаулығының өсуі болып табылады.

